

ISSN 2079-9330



# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

**№2 (38) 2017**





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

# ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Үш айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

**2 (38) 2017**

(сәуір-маусым)

2

---

**БАС РЕДАКТОР  
С.Ж. ПИРӘЛИЕВ**

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА академигі

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Нуриев М.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

**Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ, «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасының ф.ғ.к., жауапты редактор;

**Айдемір Окай** – Ыстамбұл университеті, Байланыс факультетінің деканы, профессор;

**Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

**Байсабаев Б.А.** – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

**Бейсенова Ә.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ, «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Бөлеев Қ.** – Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.;

**Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик;

**Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Исамидинов И.Ч.** – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

**Иманбаева С.Т.** – Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессор;

**Қирабаев С.С.** – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Мардахаев Л.В.** – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

**Михайлова Н.Б.** – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

**Молдабеков Ж.Ж.** – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ, «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

**Мұтанов Ф.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

**Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

**Сманов Б.Ө.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

**Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**  
**С.Ж. ПРАЛИЕВ**

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,  
академик НАН РК

**СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:**

**Нуриев М.А.** – директор Научного центра формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

**Сейсенбаева Ж.А.** – к.ф.н. кафедры «Методика преподавания филологических дисциплин» КазНПУ им. Абая, ответственный редактор;

**Айдемир Окай** – декан факультета Связи Стамбульского университета, профессор;

**Альмухамбетов Б.А.** – директор Института искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

**Байсабаев Б.А.** – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

**Бейсенова А.С.** – руководитель научно-методического центра географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

**Болеев К.** – д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационно-гуманитарного университета;

**Габбасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик;

**Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

**Исамидинов И.Ч.** – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

**Иманбаева С.Т.** – профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

**Кирабаев С.С.** – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

**Мардахаев Л.В.** – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

**Михайлова Н.Б.** – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

**Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры «Религиоведения и культурологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

**Мутанов Г.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

**Нарибаев К.Н.** – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

**Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

**Сманов Б.О.** – руководитель аппарата КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия) и Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

**Шаханова Р.А.** – д.п.н., профессор, зав кафедрой «Методика преподавания филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая.

## **EDITOR-IN-CHIEF**

**S.ZH. PRALIEV**

The rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

## **EDITORIAL STAFF:**

**Nuriev M.A.** – the director of Research center of formation of intellectual nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

**Seysenbaeva Zh.A.** – the senior lecturer of the chair «Methods of teaching philological disciplines» of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

**Aydemir Okay** – dean of the Faculty of Communications of Istanbul University, the professor;

**Almukhambetov B.A.** – the director of Art, Culture and Sport Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

**Baisabaev B.A.** – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

**Beysenova A.S.** – the chair of sud department «The scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

**Boleev K.** – doctor of pedagogical sciences, professor of chair of «Primary education and fine art» Taraz innovation and humanitarian university;

**Gabbasov C.** – writer, Honored worker of Health of the USSR, Doctor of Medical and Pedagogical Sciences, professor, Honored worker of the RK, member of the International Academy of Nostradamus, academician;

**Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

**Isamidinov I.Ch.** – rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

**Imanbaeva S.T.** – head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

**Kirabaev S.S.** – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

**Mardahaev L.V.** – head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

**Mikhailova N.B.** – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

**Moldabekov Zh.Zh.** – professor of the chair «Religious and cultural studies» KazNU named after Al-Farabi, Doctor of Philosophy;

**Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

**Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

**Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

**Smanov B.U.** – head of the office of the KazNPU named after Abai, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia) and International Aytmатов academy (Kyrgyz Republic);

**Shahanova R.A.** – doctor of philological sciences, professor. Head of the Chair of methods of teaching philological disciplines of KazNPU named after Abai.

**Меншік иесі:** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017



**«Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес»**

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.**

МРНТИ 14.15.15

МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ-САЯСИ САУАТТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

**М.А. Нуриев**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,  
Б.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

**А.Е. Садыкова**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі,  
Б.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Ғылыми мақала мұғалімдердің құқықтық-саяси мәдениеті мәселесіне арналған. Сондай-ақ, оқушылар мен студенттердің құқықтық-саяси сауаттылығын қалыптастыру мәселесі жан-жақты жазылған. Құқықтық-саяси сауаттылық сипаттарына толық түсінік беріліп, саяси және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың жолдары анықталған.

**Түйін сөздер:** құқықтық сауаттылық, саяси сауаттылық, оқушы, мұғалім, студент, саяси-құқықтық мәдениет негіздері.

В научной статье освещены проблемы правовой и политической культуры учителей. Так же обсуждаются проблемы формирования правовой и политической грамотности школьников и студентов. Раскрыты существенные характеристики понятия политическая и правовая культура. Обозначены проблемы формирования политической культуры. Сделаны выводы о необходимости разрешения обозначенных проблем.

**Ключевые слова:** правовая грамотность, политическая грамотность, ученик, учитель, студент, политическая и правовая культура.

The scientific article covers the problems of legal and political culture of teachers. Also, problems of formation of legal and political literacy of schoolchildren and students are discussed. Essential characteristics of the concept of political and legal culture are revealed. The problems of formation of political culture are indicated. Conclusions are made about the need to resolve the indicated problems.

**Keywords:** legal literacy, political literacy, pupil, teacher, student, political and legal culture.

Елбасының биылғы жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты үндеуінің [1] негізгі мақсаты – еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу. Бұл жолдағы шешуші кілт, болашаққа қалай қадам басу және бұқаралық сананы қалай өзгерту керек деген мәселеге тоқталған. Бұл ретте, бұқаралық сананы, яғни, ұлттық, халықтық сананы жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өткен. Олар: 1)бәсекелік қабілет 2)прагматизм 3)ұлттық бірегейлікті сақтау 4)білімнің салтанат құруы 5)Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және 6)сананың ашықтығы.

Сондай-ақ, елбасы бұқаралық, ұлттық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етті. Осыған байланысты, біз де өз тарапымыздан бұқаралық сананы әлемді жайлаған жаһандану үдерісіне бейімдей отырып, сананың қалайша ашықтығын қалыптастыру керек деген мәселені бұрынырақ жарық көрген «Мәңгілік ел құндылықтары» атты ғылыми еңбекте [2] жан-жақты көтеріп, шешудің жолдарын берген болатынбыз.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің жаһандану үдерісінде экономикалық бәсекелестікке түсуі бүгінгі талапқа сай кадрларды әзірлеу қажеттігін туындатып отыр. Осы мақсатқа жету үшін, халықтың санасы істеген іс-әрекетінен озып жүруі, яғни, елбасыша айтқанда, «одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс». Бұл дегеніміз – жоғарыда айтылғандай, экономикалық бәсекелестікті дамытып қана қоймай, олардың өзегіне айналдыру.

Ал экономикалық бәсекелестікке қабілетті ел болу үшін, сол елдің білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты екені айтпаса да түсінікті. Ендеше, елдің білім бесігін тербететін – зиялы қауым өкілдері, мұғалімдердің қолында. Сондықтан да, қашан да болашақ кепілі болған білімді ұрпақтың санасын заман талабына сай қалыптастыру үшін ең бірінші, мұғалімдердің өз саналары ашық болуы тиіс. Яғни, ұрпақтың санасын, халықтық сананы ұлттық сана деңгейіне көтеретін де осы ұстаздар. Мұндағы ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып-білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу. Өз ұлтының жетімсіздеу, мешелеу жағымен күресе отырып, ілгері дамыған ұлттардың жақсы, жағымды жақтарынан үйрену, дүниежүзілік гуманистік санаға жету [2, 33].

Егеменді еліміздің тағдыры, жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында. Сол себептен де, қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой, санасы ашық мұғалімді талап етеді. Ал осы сананың ашықтығына тікелей әсер ететін көп қасиеттердің бірі, ол – XXI мұғалімдеріне қажетті цифрлық сауаттылық негіздерін құрайтын құқықтық-саяси сауаттылық мәселесі.

Жеке адамның құқығы деп кісіге белгілі игілік алуды қамтамасыз ететін адамдар мен мемлекет арасындағы ережелердің өзара қатынастарын айтады. Жеке адамның бостандығына кісіге өз білгенінше істеуге мүмкіндік беретін, мемлекет пен адамдардың

арақатынасының принциптері жатады. Мәдени құқық адамның рухани дамуын өрбітіп өрістеуге бағытталады. Оған білім алуға, мәдени қазыналарды көруге рұқсат, өнер мен техникалық жасампаздыққа, қоғамның мәдени өміріне еркін араласуға құқығы және т.б. жатады.

Адам құқығы мен бостандығының жүзеге асырылуын оның қоғам мен мемлекеттің алдындағы міндеттерінен ажыратып қарауға болмайды. Олар өзара тығыз байланысты. Бұл міндеттерінің орындалуы жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету үшін қажет [3].

Халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге тек белгілі саяси сауаттылықты меңгеріп, саяси құбылыстар мен процесстерді, заңдылықтар мен принциптерді түсіну ғана емес, сонымен қатар, қоғам алдында өз жауапкершілігін сезініп, жалпы адамзаттық қазынаны сақтап, молайтуға тырысу, Отанға қауіп төнсе, оны қорғай білу де жатады.

Енді бүгінгі Қазақстанға келсек, еліміздің саяси-құқықтық мәдениетін тап басып айту қиын. Себебі, республикамыз өтпелі кезеңді басынан кешіріп отыр. Халықтың санасында, іс-әрекетінде дәуірдің де, бүгіннің де, болашақтың да, мәдениеттің де көріністерін байқаймыз. Мәселен, біраз адамдардың санасында жеке тұлғадан гөрі бұрынғыдай мемлекеттің басым тұрғандығы сезіледі. Бірталайы болашақты күтумен күн кешуде. Ал болашақ дегеннің өзі бүгіннен басталады ғой. Сондықтан, әркімнің қазіргі саяси өмірге белсене араласып, қоғамымыздың тезірек демократиялануына өз үлесін қосқаны абзал.

Қазіргі таңда өкінішке орай, мұғалімде құқықтық сауаттылық төмен деңгейде. Оны біз мұғалімнің қандай құқықтық негізде қорғанарын білмейтіндігінен және кей жағдайларда оқушыларының жеке бас құқығын таптап жататындығынан байқаймыз. Адам құқықтары мен бостандықтары Ата Заңымызда танылады және оларға кепілдік беріледі. Әркімнің өмір сүруге, жеке басының бостандығына құқығы бар. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Адамның қадір-



қасиетіне, жеке өміріне қол сұғылмауы тиіс. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Мұның бәрі – Қазақстан халқының демократиялық жолмен даму тарапындағы алғашқы қадамдары. Мұның бәрі саяси-құқықтық мәдениеттің даму деңгейін аңғартады.

Қазіргі цифрлық-ақпараттық заманда түрлі ақпараттар легінің маңыздылығы, дұрыс пен бұрыстығы халыққа қаншалықты әсер ететіні айтпаса да түсінікті.

Еліміздің егемендігін алуына байланысты әлеуметтік өмірінің барлық саласы түгелімен өзгеріп, саяси, экономикалық және әлеуметтік жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылып жатыр. Ол қазіргі қоғамдық және саяси құрылыстың мән-мағынасын терең түсініп, білуге адамдардың өмірінде атқаратын орны мен рөлін айқындауға, оларға сан түрлі құқықтары мен бостандықтарын дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. Саяси сауаттылық негіздерін меңгеру арқылы, әсіресе қазіргі өтпелі кезеңдегі күрделі қоғамдық – саяси жағдайда еркін бағдар ұстап, белсенді іс-әрекет жасауға, ішкі және сыртқы саясаттық сыр-сипатын, басқа адамдардың құқықтарын бағалап, қадірлей отыра, өркениетті түрде өзінің мақсат-мүддесін білдіріп, оны қорғауына кең жол ашады. Жалпы, халықтық қазыналарға негізделген демократиялық тәртіпті құрметтеуге, ортақ мәселелерді ұжымдасып шешуге үйретеді [4].

Халықтың тиісті саяси мәдениетінсіз демократиялық мемлекет орнауы және тиімді жұмыс істеуі мүмкін емес.

Ал осы халықтың сауатын көтеретін, әрине – ағарту саласының қызметкерлері, мұғалімдер. Сондықтан да, мұғалімдердің саяси сауатының жоғарылығы келешек кілтінің иегерлері, жастардың саяси мәдениетін қалыптастыру кепілі болмақ.

Тәжірибеде көрінгендей, қазіргі жас педагогтардың айтарлықтай бөлігі саясатқа немқұрайлықпен қарайды, саяси белсенділік танытпайды, өйткені саясатқа қызықпайды. Қазіргі жастар арасында материалдық құндылықтарға бағдарланудың жоғары болғандықтан, рухани, әсіресе сая-

си құндылықтарға жеткілікті дәрежеде бағытталған деуге де болмайды. Көбінесе карьералық (мансаптық өсу) мақсаттарды алға қойған, қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысатын жастардың саяси сауаттылығы жеткілікті деңгейде деп айта алмаймыз.

Бұл олқылықтың орнын толтыру үшін, жалпы білім беретін мектептердегі «Қазақстан тарихы», «Адам жән қоғам» немесе жоғары оқу орындарындағы «Философия», «Әлеуметтану», «Мәдениеттану» пәндерінде білім алушыларға саяси білімдерді берумен ғана шектелмеуі тиіс. Себебі, саяси мәдениетті қалыптастыру орта немесе жоғары білім беру ұйымдарында қоғамдық-гуманитарлық пәндер мазмұны саяси ақпараттармен қамтылып, саясаттандырылу ғана деген сөз емес.

Аталған пәндердің оқу бағдарламалары қазіргі өмірмен байланыстырыла бейімделген, практикалық материалдармен қайта толықтырылуы қажет деп ойлаймыз. Өйткені, саяси идеяларды нақтылы деректер, өмірлік жағдайлармен байланыстыру – жастардың саяси білімдерге қызығушылығын, құндылық бағдарларының қалыптасуына жол ашады. Ал біз айтқан бағдарламаларда кездесетін тақырыптар көбіне теориялық біліммен ғана шектелген. Қазіргі біздің қоғамда орын алып жатқан түрлі экономикалық, саяси жағдайлардың орын алу себептері талданылып, дұрыс түсіндіріліп жазылмаған. Сол себептен де, тек қана саяси білімдері кең оқушыны саяси мәдениетті деу дұрыс болмас. Мәселе оқушының немесе студенттің өзі меңгерген саяси білімдерден дұрыс құндылық бағдар алуында (саяси білімдердің саналылығы), саяси мәселелерді дұрыс бағалап, оң шешімдерді қабылдай білуінде. Алынған білімнің құндылық бағдарланғандығына қол жеткізуінде.

Саяси білімдер, жалпы қазақстандық саяси құндылықтар оқушының, студенттің саяси көзқарастарына, сенімдеріне айналуына қол жеткізу керек. Ол үшін әрбір педагог өз сабағына дайындалу кезінде де, қазірде бар оқу мазмұнына қажетті жаңалықтарды оқу материалына жаңа мәліметтерді кіргізу жолымен байыта алады.

Проблемалық сұрақтар, саяси жағдайлар үлгілерін ұжымдық талдау, кішігірім презентациялар, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын талдау, саяси ақпараттар сыныптар, аудиториялардағы сабақтарда білім алушыларға саяси тәрбие берудің тиімді тәсілдері болып табылады.

Сыныптан тыс, аудиториядан тыс саяси тәрбие бағытындағы іс-шаралар да: тәрбиелік іс-шара, саясат қайраткерлерімен кездесулер, іс-шаралар кешені (конференциялар, флэш-моб, дөңгелек үстелдер, кештер, білімдер байқаулары, патриоттық акциялаға қатысу т.б.) жақсы нәтижелер береді.

Қандай кәсіппен айналысқанына қарамастан, саяси білім мен мәдениет әр адамға қажет.

Ал жеке адамдардың саяси белсенділігі мен ықпалы әр түрлі. Жеке адамның саяси белсенділікке қатысу мүмкіндігі молайып, биіктеген сайын, оның қоғамдағы орны да жоғары болады. Адамның саяси өмірге қатысуға мүмкіндік беретін құқығы конституциялық сипаттан қарапайым демократиялық еркіндікке тікелей байланысты. Тұлғаның саяси өмірге белсенді араласуы үшін материалдың әлеуметтік-мәдени, саяси-құқықтың алғышарты қажет. Ең алдымен, адамның ішкер тамағы, киер киімі, жатар орны, тұрмыс жағдайы, белгілі бір дәрежеде білімі, кәсіби

дайындығы, саяси мәдениеті болуы керек. Білімді адамның мәдениеті жоғары болады. Егер жоғарыда көрсетілгендей алғышарттар болмаса, тұлғаның қоғамдық саяси өмірге белсене қатынасып, оның нағыз субъектісіне айнала қоюы қиынға түседі. Сол себепті, шын демократиялық мемлекет өз мүшелерінің жалпы мәдениетін, оның ішінде саяси сауатын көтеруге тырысады.

Сонымен, халық ағарту ісімен айналысатын мұғалімдердің құқықтық-саяси сауаттылығы өте жоғары болуы қажет. Себебі, ертеңгі ел тізгінің ұстар азаматтың азаматтық-тұлғалық позициясының қалыптасуына осы педагог-ұстаздар тікелей ықпал етеді. Мұғалімнің құқықтық-саяси сауатының жетіктігі жеке азаматтың саяси мәдениетінің жоғары болуына және ел ішіндегі және басқа елдердегі болып жатқан өзгерістер, жаңалықтар жөнінде жан-жақты хабардар болып, дұрыс баға бере алуына әсер етеді. Ал мұндай дағдыны өз дәрежесінде қалыптастыра алған адам ғана бұл мәселелер жөнінде жетік біліп, түрлі саяси, экономикалық қақтығыстарға адаспай, дұрыс баға бере алады. Көлемді және сенімді мәлімет алып тұру дамыған хабарламалық жүйенің болуы қоғамның саяси мәдениетінің, саяси қатынастарының қаншалықты дамығандығын көрсетеді.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. // Егемен Қазақстан, – 12 сәуір 2017.
2. «Мәңгілік ел құндылықтары». Монография. /С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова, Ж.Б.Қдыралиева. – Алматы: Ұлағат баспасы, – 2016. – 224 б.
3. Жамбылов Д. Саясаттану. – Алматы, 2003.
4. Дулатбеков Н.О. ж.б. Мемлекет және құқық негіздері: Оқу құралы / Дулатбеков Н.О. – Астана: Фолиант, 2001. – 252 б.

МРНТИ 15.41.47

ПЕДАГОГИКАДА КЕЗДЕСЕТІН КИКІЛЖІҢ ЖАҒДАЙЛАР  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРА АЛУ

**М.А. Нуриев**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

**Д.М. Советканова**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

Мақала мұғалім мен оқушы арасында орын алуы мүмкін келіспеушіліктердің алдын алу және пайда болған жағдайда тиімді шешім табу жолдарына арналады. Кикілжіңдер – қазіргі қоғамның әлеуметтік және саяси өмірінің маңызды құбылыстарының бірі болып саналады. Мақалада кикілжің проблемасына байланысты ғылыми теориялық әдебиеттерге талдау жасалып, соның ішінде педагогикада кездесетін кикілжің ұғымының мәні мен табиғаты ашылған.

**Түйін сөздер:** педагог, біліктілік, кикілжің, өзін-өзі дамыту, сауаттылық, рефлексия.

Конфликты свойственны всем областям жизнедеятельности человека. Они являются неотъемлемой частью человеческих отношений и поэтому существуют столько, сколько существует человек. Современная наука рассматривает конфликты как неизбежное явление общественной жизни, вытекающее из свойств человеческой природы. Статья посвящена изучению причин возникновения межличностных конфликтов в педагогической среде, поиску методов управления ими в современном педагогическом коллективе.

**Ключевые слова:** педагог, компетентность, конфликт, разрешение конфликта, стили поведения, саморазвитие, рефлексия.

Conflicts are inherent in all areas of human life. They are an integral part of human relations and therefore there are as many as there is a person. Modern science considers conflicts as an inevitable phenomenon of social life, resulting from the properties of human nature. The article is devoted to the study of the causes of the emergence of interpersonal conflicts in the pedagogical environment, the search for methods of managing them in the modern pedagogical collective.

**Keywords:** teacher, competence, conflict, conflict resolution, behavioral styles, self-development, reflection.

Қарым-қатынас мәдениетін игеруде кикілжің жағдайларының қазіргі таңда орын алуы өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде ғылыми халықаралық термин «конфликт» қазақ тілінде қақтығыс, егесу, керісу, жанжал, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда жиі қолданылады. Бұл аталған ұғым, түсініктер оқушыларға білім беру, оқыту, үйрету барысында, оларды тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың мәдени

қарым-қатынасында, мінез-құлқында жиі көрініс табатыны белгілі [1].

Оқушылардың даму процесінде, олардың жас және жеке педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, олар арасындағы қақтығыс және оның басқа түрлерінің келіп шығуы, пайда болуы – табиғи құбылыс.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық туындыларға сүйене отырып, қақтығыс конфликтінің мынадай түрлерін атауға болады: «тұлғааралық қақтығыстар, отбасындағы

(ерлі-зайыптылар) қақтығыстар, басшы-бағынушылар» арасындағы қақтығыстар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстар, саяси және мемлекетаралық қақтығыстар және т.б.

Педагогикалық мамандыққа қатысты «педагогикалық еңбек, қызметтегі қақтығыстар», «инновациялық (жаңалықтар енуімен байланысты) қақтығыстарды» өз алдына бөліп жеке қарастыруға да болады.

Мысалы, халықтық білім беру сферасындағы іс-әрекеттің төрт субъектілерін бөліп көрсетеміз: оқушы, мұғалім, ата-ана және әкімшілік. Субъекттердің өзаралық әртүрлі қарым-қатынасқа түсуіне байланысты В.Воронин бойынша кикілжіңдердің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: оқушы - оқушы; оқушы - мұғалім; оқушы - ата-ана; оқушы - әкімшілік; мұғалім - әкімшілік; мұғалім - мұғалім; мұғалім - ата-ана; ата-ана - ата-ана; ата-ана - әкімшілік; әкімшілік - әкімшілік. Оқу іс-әрекетінің көп тараған оқушылар ортасындағы кикілжің түрлері мен туындау себептерін қарастырып көрейік. Жасөспірімдік, жеткіншектік ортадағы кикілжіңдер барлық заманға және халыққа тән, ол Р.Киплингтің бейнелеген ХІХ ғасырдағы аристократтық мектебі болсын немесе ағылшын жазушысы У.Голдингтің «Повелитель мух» шығармасындағы ересектердің қарауынсыз, адам аяғы баспаған аралда қалып қойған бір топ балалардың оқиғасы болсын (И.Кон) [2].

Оқушылар арасындағы болатын кикілжіңдердің бірі лидерлікке ұмтылыс немесе лидерлік кикілжіңі. Мұнда екі-үш лидерлердің және олардың топтарының сыныптағы біріншілік беделіне таласуы. Орта сыныптарда қыздардың тобымен ұлдар тобының арасындағы кикілжіңдері жиі болып тұрады. Үш-төрт жасөспірімдердің бүкіл сынып немесе бір оқушының бүкіл сынып оқушыларымен кикілжіңге түсуі мүмкін. О.Ситковская, О.Михайлова психологтардың бақылауына лидерлікке жол, әсіресе жасөспірімдер ортасында, қатыгездік, мейірімсіздік, өзінің біріншілігін көрсету немесе демонстрациялаумен байланысты. Балалық қатыгездік – барлығына танымды құбылыс.

Әлемдік педагогиканың бір парадоксының нәтижесі бойынша бала ересектен де көбірек өзінің қатарластарынан қатыгездік көреді [2].

Оқушылардың агрессивтік қылықтарының генезисі олардың жеке тұлғалық әлеуметтенуінің дефектерімен байланысты. Сонымен қатар, баланың және жеткіншектің жеке тұлғасы өзімен-өзі қалыптаспайды, қоршаған ортада, қоғамда қалыптасады. Әсіресе, маңызды болып кіші топтар жатады. Мұнда жеткіншек басқа адамдармен әрекеттеседі немесе қарым-қатынасқа түседі. Ең алдымен жанұяға қатысты. Әртүрлі авторлар сәтсіз қалыптасқан жанұяларды әртүрлі бөліп көрсетеді.

Г.П. Бочкарёва келесі жанұяларды бөліп көрсетеді:

1) Эмоционалды атмосферасы сәтсіз құрылған жанұялар, мұнда ата-аналары өз балаларына мейірімсіз, сонымен қатар дөрекі, құрметтемей қарайды.

2) Мүшелерінің арасында эмоционалды байланыс жоқ, баланың қажеттіліктеріне немқұрайлы қарайды.

3) Балаға саяси жағымсыз қажеттіліктер мен қызушылықтар ілініп, оларды аморальді өмір сүруіне итеру [3]. Ал, Р.Сирстің пікірінше мектепке дейінгі балалардың ата-аналарының жазалауының жиілігі мен балалардың агрессивтік әрекеттерінің жиілігінің арасындағы оңды байланыс табылған.

Әлеуметтенудің алғашқы сатыларында агрессия қасиеті абайсыздан көрінуі мүмкін. Бірақ агрессиялық әрекет арқылы көздеген мақсатына жеткен соң, әртүрлі қиын ситуациялардан шығу үшін мұндай тәсілді қайтадан қолдануға ұмтылуы мүмкін. Ол үшін агрессия – қол жеткізу тәсілі емес, агрессия – өзіндік мақсат болып саналады. Бұл агрессия қылығының өзіндік мотивіне айналып, өзін-өзі басқаруының төменгі деңгейінде басқаларға деген қарсыластық сезімін тудырады.

Оқушылар тобы ішіндегі өзаралық кикілжіңдер топтағы жеке тұлғалық қарым-қатынастардың дисгармонизациялануынан және топтың құрылымының тепе-теңдігінің бұзылуынан (статустық, рөлдік, комму-

никативтік, басқармалық) көрініс табады.

Топ әртүрлі күрделі де көп деңгейлі және көп функционалды көріністі болғандықтан, онда әртүрлі кикілжіндер де дамиды. Сол топ ішіндегі болатын кикілжіндердің мінездемелеріне тоқтап өтсек:

1)Берілген топтағы микро-топтардың өзара әрекеттесуі барысында кикілжіндер туындауы мүмкін. Мұндай топтар әртүрлі кіші әлеуметтік топтарда кездеседі, және олардың саны 6-8 адамнан аспайды, сонымен қатар 3 адамнан тұратын микро-топтар да бар. Көпсанды топтар тұрақсыз болып келеді. Топ мүшелерінің жас деңгейінің өсуіне және олардың әлеуметтік статусына байланысты топтардың саны азаяды. Топтың өмірінде мини-топтар үлкен рөл ойнайды. Олардың өзара әрекеттесуі толығымен топтың климатының өзгеруіне, іс-әрекетінің нәтижелігіне әсер етеді. Кіші топтардың ішінде топтық өмірдің ережелері мен нормаларынан қозу байқалады, дәлірек айтқанда мини-топтағы ережелердің өзгеруіне инициатор болып табылады. «Ортаға жанадан келген адам» ең бірінші, топтағы мини-топты таңдау мәселесі алдында тұрады. Ол топ оны өзіне қабылдап, оның мінезін мақұлдайды.

Түзілу деңгейінде және оқушылардың өзара бейімделу деңгейінен өткен мектеп сыныбы, ереже бойынша осындай бірнеше микро-топтардан тұруы мүмкін. Олардың бұлай түзілуінің принципі болып, қатысушылардың статусына байланысты: «жұлдызы» бар немесе лидері бар жоғары статустық топтар, орта және төменгі статустық топтар, жиірек топ қабылдамаған жеке тұлғалардың (изгой) өзара қарым-қатынас құрған топтар болып бөлінеді [4].

Сыныптағы балалардың жынысы мен жасына байланысты кіші топтарға бөлінуі де әр түрлі өтеді. Бастауыш мектепте мектеп үлгерімі принципіне байланысты кіші топтар түзіледі және бір топтың өзіне сол және басқа жыныс мүшелерінің оқушылары түседі. Ал жеткіншектердегі балалар мен қыздар топтары көбінесе автономды болады. Мұнда балалар саны көп болса, онда топтың құрылымы бұтақталып, бір топқа жиналады. Ал егер қыз

саны көп болса, ұлдар көбінесе қыздардың лидерлеріне бағытталып, бағынады.

Бір сыныптағы кіші топтар арасында әртүрлі қарым-қатынастар түзіледі. Ереже бойынша топтар арасында оң байланыс немесе барлық төменгі және орта статустық топтар жоғары статустық топқа бағытталуы мүмкін. Кейде топ ішінде топаралық кикілжіндерді тудыратын бір адам немесе тұрақты жүк болады, олар басқа кіші топтың лидерімен кикілжіндік қарым-қатынас құруы мүмкін.

2)Кикілжіндер жоғары статустық топтардың, сыртқы референтті топтың ортақ мақсатына және құндылықтарына қарсы тұруы немесе сәйкес келмеуіне байланысты туындайды.

3)Басқару стилімен келіспеген формальді емес сыртқы топтың басқарушысымен әрекеттесу барысында туындайтын кикілжіндік жағдайлар. Мұндағы кикілжін топтық болып басталмайды. Бұл жердегі кикілжінге қатысушылар басқарушы және топтың жеке тұлғасы болуы мүмкін.

4)Кикілжін кіші топтың өзінде туындауы мүмкін. Егер де кикілжінге топтың басқа мүшелері қатыспаса, онда тарқаған топтың мүшелері өз орнынан басқа қоғам – достықтан табады.

5)Лидерлер арасындағы кикілжіндер. Бір жағдайда кикілжін күштері тең екі микро-топтың лидерлерінің арасында болса, екінші жағдайда кикілжін тұрақталған лидермен оның қолдаған, күшейіп келе жатқан адамының арасында туындайды. Бұдан басқа сынып үшін әр түрлі бағыттағы лидерлер кикілжіндері дәстүрлі болып табылады. Мұндай қарсы күрестердің қажеті де жоқ, сонымен қатар үлкендердің дұрыс басқара алмауынан туындайды. Олар оқушыларға сыныпты «әсер ету сфераларына» бөлуге, өзінің лидерлік басшылығы тән спецификалық зоналарын әр лидерлерге табуға көмек бермейді.

6)Сонымен қатар, формальді емес лидермен топтың басқарушысының арасындағы кикілжін көп таралған. Лидермен басқарушысының қызығушылықтары мен мәселелері бағытталса да, олар үнемі қақтығысуы мүмкін [3; 7].

Оқыту мен тәрбие процесі, әрқандай даму сияқты, қақтығыссыз және қайшылықсыз өтпейді. Балалармен қақтығысқа келу, шынайы өмірдің бір құрамы ретінде көрініс табады.

Психолог М.Рыбакованың пікірінше оқытушы мен оқушы арасында қақтығыстың төмендегідей түрлері кездеседі [5]:

- Қызмет, лауазымымен байланысты қақтығыстар, олар көбінесе балалардың үлгерімімен байланысты, сабақтан тыс тапсырмаларды нашар орындауымен немесе орындамауымен байланысты пайда болады. Оның себептері әртүрлі болуы мүмкін: Шаршау, оқу материалдарының қиындығы мен күрделілігі, оқытушының орынсыз ескертулер беруі, т.б;

- Іс-әрекет, өзін ұстай білмеуден, құлықтағы ұнамсыз көріністерден келіп шығатын қақтығыстар. Яғни оқушылардың мектепте және мектептен тыс кезде өзін ұстай білу қағида, ерекшеліктерін бұзуы. Ол ұнамсыз әрекеттердің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Кейде оқытушы ол себептерді анықтамай тұрып, оқушыға баға береді, жазалауға әрекеттенеді;

- Қатынастағы қақтығыстар, яғни оқытушы мен оқушының эмоциялық көңіл-күйімен, тұлғаның мінез-құлқымен байланысты жүзеге келетін қақтығыстар. Мұндай жағдайда оқушының жеке тұлғалық мәні іске түседі, оларда оқытушыға деген ұзаққа созылатын наразылық, келіспеушілік, ұнамсыз пікір пайда болады. Олар арасындағы өзара қатынас ұзақ мерзімге бұзылады.

Проблемалық ситуация, жағдайларды дұрыс шешу – оқытушының негізгі міндеті. Оқытушы-оқушы арасындағы қақтығыстың ерекшеліктері төмендегідей көріністе болуы мүмкін:

- Қақтығыс мүшелерінің статусы (орны) айырықша (оқытушы-оқушы) – олардың қақтығыстағы мінез-құлқы, өзін ұстауы ерекше;

- Қақтығыстың шешілуінде олардың өмір тәжірибесі әртүрлі дәрежеде, деңгейде, сондықтан да жауапкершілік те әртүрлі деңгейде болуы қажет;

- Оқиғаның мәні мен себептерін олар түрліше түсінеді, пікірлейді;

- Басқа оқушылардың қақтығыстың куәсі болуы олардың да тәрбиесіне әсер етеді;

- Оқытушының маман ретінде қақтығыстағы орны ерекше, сондықтан да қақтығыстың шешімін табуды ол өз жауапкершілігіне алуы қажет, мүмкіндігінше оны оқушы пайдасына шешуге әрекеттенуі керек, өйткені ол оқушы тұлғасын қалыптастырушы;

- Оқытушы қақтығысты шешуде қателікке жол қоятын болса, ол басқа қатысушылар үшін жаңа қақтығыс пен проблемалар тудырған болады;

- Қақтығысты тиімді шешуден гөрі, оның алдын алған абзал, жеңіл, ұтымды.

Оқытушыларға қақтығыстарды басқаруда мынадай негізгі ұсыныстар беріледі:

- Өз эмоцияңыз бақылауда объективті болу қажет, оқушыларға өз пікір, көзқарастарын түсіндіруге, дәлелдеуге мүмкіндік берген дұрыс, оларды «сөйлетіп алу» қажет;

- Оқушыға өз пікір, түсінігіңізді, ойынды баса-көктеп өткізуге әрекеттенбеу (мысалы, «мен сені білемін», «сен мені алдамайсың ба?») және т.б.);

- Оқушыны балағаттап, кемсітпеу, ренжітпеу (кейінгі әрекеттердің барлығы бекер, зая кетеді);

- Оқушыны сыныптан шығарып жіберуге әрекеттенбеу керек;

- Қақтығыс жөнінде мүмкіндігінше бастықтарға жеткізбеуге әрекеттену керек;

- Оқушының дөрекі әрекеттеріне дөрекілікпен жауап қайтармауға әрекеттену қажет (өз құрмет-абыройыңды төккен боласың);

- Оның жеке тұлғалық абыройын төкпеңіз, аяқ асты қылмаңыз, жанұясын қоспай, тек оның анық нақты әрекеттеріне баға беру керек;

- Қайшылықтың шешілу нәтижесінің дұрыс-бұрыстығына қарамай, қатынасты жалғастыруға әрекеттену қажет (қақтығыс жөнінде өз өкінішіңізді, пікіріңізді айтпау);

- Оқушылармен қақтығыстың болуынан қорықпау, қашпау керек, оларды тиімді шешудің жолдарын жылдам өз қолыңызға алуға әрекеттену керек.

Мектептегі жасөспірімдердің арасындағы туындайтын кикілжіндерін түгелдей болдырмау мүмкін емес. Мектепте баланың жеке тұлғалық әлеуметтену барысында оның рухани, ұнамды құндылықтарын түсіну арқылы оқушылар арасындағы кикілжіндердің интенсивтілігін өзгертуге болады.

Кикілжіндерді алдын алу жолында маңызды роль алатын – тәртіп болып табылады. Оқушылардың кикілжінді қылықтарына мұғалімнің жеке тұлғасы үлкен әсерін тигізеді. Оның әрекеттесуі әртүрлі аспектілерден көрінуі мүмкін.

Біріншіден, мұғалімнің басқа оқушыларымен әрекеттесу стилі баланың өзімен жасты балалармен әртүрлі қарым-қатынасқа түсуінің алғышарты болып табылады. Зерттеулердің көрсетуі бойынша оқушының алғашқы мұғалімінің педагогикалық тактикасымен қарым-қатынасқа түсу стилі, оның ата-анасымен және сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуін және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді екен (О.Осадько). Кикілжіндердің көбісі «авторитарлы» мұғалімдердің қол астында және жоғары сынып оқушыларының арасында байқалады.

Екіншіден, мұғалім оқушылар арасындағы болып жатқан кикілжіндерге араласуға міндетті. Бұл, әрине, кикілжіндерді басып тастау емес. Ситуацияға байланысты әкімшіліктік араласу.

Әлеуметтік ескінің орнына жаңалық кіріп келуі – объективті құбылыс. Сондықтан да, жаңалық пен ескілік арасындағы қарама-қайшылықтардың көрініс табуы табиғи және мәңгілік мәнге ие. Көп жағдайда бұл қайшылықтар қақтығыстарға айналатыны да белгілі. Әрқандай құбылыстың даму сатысында онда болып жататын өзгерістердің мерзімі, тездігі және көлемі әр түрлі деңгейде көрінеді. Ол өзгерістердің мән-мазмұнына, өмірге қажеттілігіне қарай олардың сақталу мерзімі, құндылығы, қарқыны арта түседі, соған орай қақтығыстар туындауы да жиілейді.

Жаңалықтар енуімен байланысты болған инновациялық қайшылық, қақтығыстардың

түрлері және шығу себептері болады. Тұлғааралық инновациялық қақтығыстар – бұл енгізілген жаңалықтың қолдаушылары мен қарсыластары арасындағы қарсы әрекеттер, яғни қарсыластармен қолдаушылар арасындағы ұнамсыз көңіл-күй, түсініспеушілік.

Тұлғааралық инновациялық қақтығыс себептерін төмендегідей 5 топқа ажырату мүмкін:

- Объективті себептер – жаңашылдар (новотарлар) мен ескішілдер (консерваторлар) мүдделері арасындағы табиғи қақтығыс, тартыс. Жаңалықты қолдаушылар мен қарсыластар әрқашан да болған, болады да, қазір де бар. Айтылған себеп олар арасындағы қақтығыстың негізгісі.

- Ұйымдастырушылық-басқарушылық себептері – бұл жаңалықты енгізу, бағалау, жариялау, тарату барысында саяси, тұрмыстық, басқарушылық механизмінің жетілмегендігі, жетіспеушілігі.

- Инновациялық себептер – енгізілуге бағытталған жаңалықтың өзінде кездесетін, кемшіліктердің, олқылықтардың болуы (жаңалық сипатында, мінездемесінде).

Тұлғалық себептер – инновациялық (жаңалық енгізушілер) процесс қатысушыларының жеке-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты себептер. Яғни көптеген қызметкерлердің жаңалық, өзгерістерге деген ұнамсыз, жағымсыз пікір-көзқарасының болуы, қалыптасуы, кейбір психологтардың есептеуінше 50% дейін (Ю. Н. Мягков).

Ситуация, жағдаймен байланысты себептер – жаңалық енгізумен байланысты сол нақты жаңалықтың әсерінен туатын ситуация.

Тұлғааралық инновациялық қақтығыстарды шешудің негізгі мәселелері, жолдары төмендегідей:

Әрқандай жаңалықты енгізудің техникалық, технологиялық жақтары емес, әлеуметтік, психологиялық процесс жағын есепке алу;

Жаңалықты қолдаушылар мен қарсыластар арасындағы ұнамсыз эмоция жағдай күшті болса, ол жаңалық тиімді болмағаны;

Жаңалық енгізушілер консерваторларға (ескішілдер) қарағанда көбірек күйіп-піседі,

ойланады, толғанады;

Енгізілетін жаңалық қаншалықты тиімді болса, оны жақтаушылардың жеңісі орынды болады, қақтығыста олар жеңіске жете береді;

Жаңалық енгізушілердің қатары (қолдаушылары) молайа берсе, қақтығыстар олардың пайдасына шешіле береді;

Ұжым мүшелері енгізілетін жаңалық (оның мәні, мазмұны, ерекшеліктері) жөнінде толық мәлімет, деректерге ие болса, қақтығыстың шиеленісуі төмендей береді;

Асығыс, жан-жақты ойластырылмай енгізілген жаңалықтан гөрі, біртіндеп ойластырылып, ұйымдастырылған жаңалық кем қарсылық тудырады [6].

Қорыта айтқанда, педагогикада кикілжің

жағдайлары жиі орын алып отырады. Мұндай кезде мұғалімдер (әсіресе жас мұғалімдер) бірінші рет жолыққандықтан жағдайды басқарып кете алмай сасқалақтап қалып жатады. Мақалада берілген ұсыныстар дәл осы мәселені барынша шешуге көмектеседі.

Себебі, туындаған мәселелерді әрбір мұғалім нәтижелі шешу үшін кикілжіңдердің пайда болу себептерімен оны шешу тәсілдерін, сонымен қатар кикілжіңдік жағдайдағы мінез-құлықтың стильдерін теориялық білімдері мен практикалық дағдыларының қажетті деңгейін меңгеріп алуы, болашақта оқушылармен жақсы қарым-қатынас орната білу арқылы кикілжіңдерді басқара білу құнды дағдысына ие болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
2. Ансупов А.Я., Баклоновский С.Б. Конфликтология в схемах и рисунках. – Питер, 2007. – 127-128с.
3. Отбасы татулығы бағдарламасы / Әдістемелік құрал. – Астана, 2007.
4. Арымбаева А. Шиеленістану. – Шымкент, 2007.
5. Ворожейкин И.Е., Кабанов А.Я., Захаров О.К.. Конфликтология. – Москва, 2000.
6. Ансупов А.Я., Шипилов А.И.. Конфликтология. – Москва, 2001.
7. Уткин Э.А. Конфликтология. – Москва, 2000.



МРНТИ 14.15.15

**ПЕДАГОГТЫҢ ҰЖЫМДЫҚ ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖАСАЙ АЛУЫ –  
ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЗІРЕТТІЛІК**

**М.А. Нуриев**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының  
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,  
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

**А.М. Айнақұлова**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының  
ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі

Бұл мақала ХХІ ғасыр педагогының тиімді қарым-қатынас жасау тұрғысында әріптестерімен және білім алушылармен топтық жұмыс жасай алу қабілетіне арналады. Топтық жұмыстың тиімділігі және маңыздылығы сөз етіледі. Топпен жұмыс жасай алу үшін қандай қабілеттердің болуы керектігі айтылады. Педагогикалық қызметтің әріптестерімен және білім алушыларымен командалық (топпен) жұмысқа бағытталуын саралау мақаланың өзектілігін ашады.

**Түйін сөздер:** тиімді қарым-қатынас, топ, топпен жұмыс, топты басқару, топты ұйымдастыру, топбасшы.

Данная статья посвящена умению работать в команде педагога ХХІ века, как с коллегами так и обучающимися в контексте эффективного общения. Рассказывается об эффективности и важности командной работы. Рассматриваются примеры способностей и навыков для умения работать в команде. Анализ педагогической деятельности в умении работать в команде с коллегами и обучающимися раскрывает актуальность данной статьи.

**Ключевые слова:** эффективное общение, команда, командная работа, управлять командой, организовать команду, лидер команды.

This article is devoted to the ability to work in a team of teachers of the 21st century, both with colleagues and students in the context of effective communication. It tells about the effectiveness and importance of teamwork. Examples of abilities and skills for working in a team are considered. The analysis of pedagogical activity in the ability to work in a team with colleagues and students reveals the relevance of this article.

**Keywords:** effective communication, team, team work, manage a team, organize a team, a team leader.

Қазіргі қоғамда әрекеттестікке, ынтымақтастыққа, түсінісушілікке көп мән беріледі. Білім беру саласында педагог тұлғаларға кәсіби мәдениетінің жоғары болуына талап күшее түскен, яғни адамилық құндылық, этикалық және адамгершілік жауапкершілігіне қатысты. Педагогтың коммуникациялық құзыреттілігі – оқушылармен тиімді қатынасты орната білуі және өзін ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшеленеді [1].

Қазіргі заман педагогы тиімді қарым-қатынас орната алуы үшін бес түрлі құзыреттілікке ие

болуы тиіс: командалық (топпен) жұмыс, одақтастық (шығармашылдық), қарым-қатынас (тілдік) дағдысы, жеке жауапкершілік және белсенді қарым-қатынас. Білімгерлермен тиімді қарым-қатынас орната алатын мұғалім командалық (топпен) жұмыс жасай алуы, одақтастық ымырашылдыққа баруы немесе шығармашылдық, әрқайсымен ойлау және қабылдау ерекшеліктеріне қарай қарым-қатынас орнатуы, яғни тілдік дағдыларын қалыптастыру, оқушыдан ғана талап етіп қоймай, өзінің де жеке басы жауапкершілігінің болуы, белсенді қарым-қатынас орнатуы керек. Осы орайда педагогтың командалық (топпен) жұмыс жасай алуын зерделеуді жөн санадық.

Педагогикалық қызметтің командалық (топпен) жұмысқа бағытталуы, біріншіден, мұғалімге мамандығы үшін мәні бар күшті және әлсіз жақтарын (өзін-өзі тануын, эмоционалды қалпын, коммуникативтік және дидактикалық қабілеттерін және т.б.) бағалай алуы; екіншіден, зияткерлік мәдениетін (ойлау, ес, қабылдау, зейін), мінез-құлық, қарым-қатынас, соның ішінде педагогикалық қарым-қатынасты меңгеруі; үшіншіден, қазіргі интеграциялық үдерістер, әлемдік білім берудің даму тенденцияларын бағдарлай алу сияқты мәселелерді қарастырумен байланысты.

Педагогтың топпен жұмыс жасауы 2 түрлі болады: 1) әріптестерімен және 2) білім алушылармен.

**Әріптестерден құралған топпен жұмыс жасай алу** жөнінде ой толғап көрейік.

«Мен топпен жұмыс жасай аламын» дегенді бәріміз айта береміз. Дегенмен, шын мәнінде оның қандай жұмыс екендігін түсіне бермейміз.

Ол үшін кейбір түсініктерді ажыратып алу керек, мәселен, ұжым (коллектив) – бір мектептің, оқу орнының қызметкерлері. Ал, топ (команда) – белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін бірігіп жұмыс істеуші қызметкерлер, алайда әрқайсысының өзіндік рөлі мен міндеті болады. Ұжымда қызметкерлер саны өте көп болады (жүздеген, мыңдаған), ал топта адам саны 10-15-тен аспауы тиіс, ең тиімдісі – 3-8 адам, себебі өте көп адамды бір мақсатқа біріктіру қиын.

Тұрақтылық және өзіндік ұтымдылық – топ мүшесіне тән қасиеттер. Топпен жұмыс жасай алуда нәтиже көрсеткенге дейінгі тұрақтылық маңызды, топ үшін оның мүшесінің бір ғана көзге көрінген еңбегі жеткіліксіз, спорттық терминмен атағанда бұл еңбек ұзақ марафон тәрізді.

Топтық жұмыста өзіңнің және өзгенің уақытына нұқсан келтірілмеу керек, яғни барлық жұмыс және іс-әрекеттер уақытында орындалу керек. Топ мүшесіне кей кезде көпшіліктің мақсаты үшін өзінің жеке басының мүдделерінен бас тартуы керек, мысалы әртүрлі қақтығыстар (интригалар) және қиял-

дағы карьеризм. Оңтайлы сәтте көрпенің бір ұшын өзіне тартып қалу – топ мүшесіне тән жақсы қасиет емес. Әрине, өз өзін көрсету сәтті карьера үшін маңызды, алайда топтық жоба немесе жұмыстарда шектен шығу тиімсіз. Топпен жұмыс жасай алу – бәсекелестікке қабілеттіліктің бір көрінісі. Топтың мүшесі болу үшін:

-Күтілетін нәтиженің мақсаты мен тапсырмаларын жасай алу қабілеті. Топтың барлық мүшелерінде нәтижеге қол жеткізу үшін не істеу керектігі туралы түсінік болу керек. Мақсат пен тапсырмалардың орындалуының нақты мерзімдері мен жауапты адамдары болуы керек. Жасалып жатқан жұмысқа аралық және соңғы қадағалау жасау керек.

-Топтың өзге мүшелерін тыңдау және ұғу қабілеті. Жалпыға ортақ нәтижеге қол жеткізуде топты сезіну, сондай-ақ түсіну үшін қажет.

-Қарсылас оппоненттерді көндіре алу қабілеті. Әдетте топпен жұмыс жасау сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Өйткені, топтың бір мүшесінде дұрыс шешім болған, бірақ ол басқаларға айтып, көндіре алмауынан, үндемегендігінен болып отыр.

-Анықтау, түсіну, келісу үшін сұрақтар қоя алу қабілеті. Бұл сұрақтар топ мүшелерінің жасалынып жатқан жұмыс туралы түсініктері молая түсуі үшін маңызды.

-Топтың өзге мүшесінің көзқарасын түсіне білу қабілеті.

-Топтың барлық мүшелерін қарым-қатынас үрдісіне тарта білу. Бұл қабілет топтық рухты қалыптастырып, оны сезінуге көмектеседі. Топтың әрбір мүшесінің топ үшін керек, яғни өте қажеттігін ұғындырады.

-Сын әдебі. Топтық жұмыста сын айта алу әдебі болу керек. Сын конструктивті және топ мүшесінің кемшіліктерін айтуда жеке басына нұқсан келтірілетіндей жаман сөздер айтылуына жол берілмеуі керек. Жұмысының нақты қай тұсы ұнамайтындығын айтып, тиімді жолын ұсыну керек.

-Топтың бірлесіп жұмыс істей алу қабілеті. Мұнда топбасшысының ұйымдастырушылық қабілеті айқындалады. Топ мүшелерінің арасындағы кикілжіңге жол бермей, әрқайсы-

сына олардың қабілеттеріне, талаптарының деңгейіне және орындау жылдамдығына байланысты жұмысты бөліп бере алуы топтың жұмыс істеу үрдісінің тиімділігін арттырады.

-Топтың өзара қарым-қатынастарын талдай алуы. Мұнда ойлардың тоғысуы, шешімдердің қабылдануы, жұмыстың орындалуы, нәтижені бағалау қабілеттері болу керек.

Топты басқарудың стилі әртүрлі болады, мысалы, демократиялық, авторитарлық, аралас және т.б. Бүгінгі таңда басқарудың ситуациялық стилі ең танымал болып отыр. Мәселен, 1) ситуацияға байланысты топбасшысының ауысуы мүмкіндігі, яғни топ алдындағы тапсырманы ең жақсы орындай алатын адам таңдалынады. 2) ситуацияға байланысты стильді ауыстыру мүмкіндігі, яғни тапсырманың орындалуына тығыз уақыт берілсе, топбасшының қаталырақ басқаруы, ал тұрақты жағдайда демократиялы түрде басқару.

Дүниежүзіне беделді авторлардың адамдарды баурап алып достар табудың жолдары, өзін-өзі дамыту, сәтті қарым-қатынас құру, шешендік өнерді дамыту туралы көптеген еңбектерін қарау керек, топтың тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін теориялық оқу-құралдарды пайдалануға болады.

Қазіргі заман педагогының топпен жұмыс жасай алуындағы маңызды қасиеттері:

-Күнді әріптестерді мадақтаумен бастаған жөн. Бұл топ мүшелерінің одан сайын барынша жұмыс істеуге және қосымша мотивация жасауға ықпал етеді.

-Кез келген жетістігі және сәттілікке қол жеткізгені үшін мақтау керек. Жоғарыда аталғандай, мотивацияны және тиімді жұмыс жасауды күшейтеді.

-Өз тобында топбасшыларды даярлау жақсы топбасшы екендігіңізді көрсетеді. Сізге бағынатын адамдар өздері үшін топбасшы болып, сізсіз де жұмыс істей алуы керек.

-Адамдардың өз жұмысын атқаруда бақытты болуына ықпал етіңіз. Сіздің ұсыныстарыңыздан өз пайдасын көре отырып, қызметкеріңіз сізді де, өз жұмысын да жақсы көретін болады, бұл оның міндеттерін жақсы орындап шығуға деген құштарлығын арттырады.

-Қателіктерін топ мүшесінің тек қана өзіне айтыңыз. Көпшілік алдында адамға сын айтамын деп, әріптесіңізді ыңғайсыз жағдайға душар етесіз және өзіңізді жағымсыз етіп көрсетесіз. Қателікті айтқан кезде сыпайы болыңыз және өзіңіздің бастан өткізген қателіктеріңізді мысалға ала отырып, түсіндіріңіз. Бұдан сіз әріптесіңіздің сенімділігіне ие боласыз.

-Адамдар туралы жақсы айтыңыз. Өз әріптестеріңізге мінездеме беруде олардың жоқ болса да, бірақ жұмыс жасауда ол өте қажет болып табылатын қасиеттерін айтыңыз. Бұл топ мүшесінің әріптестер алдында ие болған беделіне сәйкес болуы үшін жетіспейтін қасиетті дамытуға себеп болады.

Топбасшы және топ ұйымдастыру. Топ ұйымдастыруда топбасшының рөлі қандай? Осы орайда тиімді топ құрудың 5 негізгі қадамдарын ұсынамыз:

-Топ мүшелерінің арасында өзара сенімділік пен құрмет атмосферасын қалыптастыру.

-Топбасшы өз сөзінде тұруы керек. «Не ексең, соны орасың» демекші, өз тобыңыздан жоғары өндірушілікті талап етсеңіз, өзіңіз де өз міндеттеріңізді аянбай жақсы орындаңыз.

-Барлық әріптестердің арнайы емес кездесулерін ұйымдастыру жақынырақ танысып, тығыз байланыс орнатуға көмектеседі. Мысалы, тобыңызды футбол, волейбол немесе т.б. ойын түрлеріне шақырыңыз. Әдетте, мұндай топтық іс-әрекеттерде топ мүшелерінің жеке дара мінез-құлқы мен табиғи дарындары байқалады. Бұл топбасшысына өзіне бағынысты қызметкерлерін жақсы білуге ықпал етеді.

-Топ ішіндегі шиеленіс, түсініспеушілікті дер кезінде шешіңіз. Дауласушыларды шақырып алып, екі жақты да тыңдап, шешім қабылдаңыз. Бұдан мәселеге деген жан-жақты көзқарас қалыптасады.

-Ұжымдық шешім арқылы топқа жаңа мүшелерді тартыңыз. Жаңа әріптесті тобыңызбен бірге талқылаңыздар. Әріптестеріңіз жаңа топ мүшесімен сөйлессін, себебі, алдағы уақытта олар онымен жұмыс істейді ғой. Жаңа топ мүшесіне бұл әрекет топқа кірігіп кетуіне оң ықпал етеді.

Жақсы құрылған топта оның әрбір мүшесі өзінің сол топқа сәйкестігін сезінеді, топқа не бергенін, сондай-ақ не алғанын түйсінеді. Бұл қасиет әрбір мүшенің топтағы оңтайлы орын алуымен жүзеге асырылады. Өз орнында қызмет-міндеттерін орындай отырып, ол өзінің не істей алатындығы мен не істегісі келетіндігі аралығындағы тепе-теңдікті (балансты) сезінеді. Зерттеулерге сүйенсек, тиімді топтық жұмысты ұйымдастыру үшін топта тоғыз рөл орындалуы тиіс екен. Оларды, әрине, тоғыз адамның ойнауы шарт емес – топтың кейбір мүшелері нақты функциялардың бірін ғана емес, екі кейде одан көп рөлдерді атқара алады. Мәселен, мына рөлдер: Жұмысшы ара, Жетекші, Мотивтендіруші, Идеялардың генераторы, Қамсыздандырушы, Сыншы және сарапшы, Ынталандырушы, Қадағалаушы, Маман. Осы айтылған рөлдерді орындау үшін топты тоғыз адам құрауы тиіс емес. Дегенмен, алға қойылған мақсатқа жетуге байланысты рөлдердің нақты жиынтығы қажет. Сол үшін жоғарыда айтып өткеніміздей, бір адам бір немесе одан көп рөлдерді атқара алады. Бұл аз минималды шығындармен нәтижеге жетуді көздейді.

**Педагогтың білім алушылардан құралған топпен жұмыс жасай алуы.** Оқыту үдерісінің қай кезеңінде болсын педагогтарымыз үшін де, білім алушыларымыз үшін де топтық жұмысты ұйымдастырған маңызды. Топтық жұмыс тапсырмасының мақсаты қандай, топпен жүргізілетін жұмыс неге қол жеткізеді, олар нені білу керек еді, топтың бір-бірін оқытуы қалай жүргізілетінін педагог реттеп отыруға тиісті. Оқушылар қандай стратегиялар пайдаланды, қандай дағдыларды қолдана алды, оқушылардың топтық жұмыс жасауына не кедергі болғанын бақылай алуға тиіс. Сонымен қатар, мұғалім өз кезегінде оқушыларға қолдау көрсетіп, сабақ соңында топтағы жұмыс үдерісін және оның нәтижелері туралы ойлануға түрткі болу керек. Сауатты ұйымдастырылған топтық жұмыс қана оқушылардың бірлескен оқу ортасын құруға мүмкіндік береді. Топтық жұмыстың маңыздылығы да осында.

Бүгінгі күні әлем кеңістігіне еніп қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеу міндеті қойылып тұрған уақытта оқушыларға пәндерді оқытуда көп қиындықтар кездеседі. Оқушылар сабақ кезеңіндегі тапсырмамен шектеліп қосымша әдебиеттерді оқымайды. Өз бетімен ізденіп көркем әдебиетті оқитын оқушылар бірден бір. Бұл қиындықтарға мыналар жатады:

- оқушылардың оқулықтағы мәтінмен шектелуі;

- шығарманың түпнұсқасын оқымауы;

- қосымша көркем әдебиетті оқымауы;

- өз бетімен шығарманы талдай алмауы;

- өз бетімен ізденушілік қабілет танытпауы.

Осы қиындықтарды жою мақсатында топтық жұмыс ұйымдастырған абзал. Топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді. Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады. Құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас білімді игеруде маңызды рөл атқарады, бір-біріне сұрақтар қоя білуді үйретеді. Ең бастысы, топта оқушы оқшауланып оқымайды. Топта бірлескен жұмыс, бір-бірін қолдау, топтық рух мадақталады. Топпен жұмыс жасағанда, тыңдау, келіспеушілікті құрметпен білдіру қабілеттеріне назар аударылады. Нәтижесінде өз ойы бар, оқуға қабілетті тұлға қалыптасады. Топтық жұмысты ұйымдастырудың алдында сыныптағы оқушылардың белсенділік қызметін ұйымдастыру мақсатында топ ережесі негізінде тәртіп талабын жасаған жөн. Ережені оқушылардың өздеріне құрғызған дұрыс.

Тәртіп талабының үлгісі мынадай:

- сабаққа кешікпей, түгел, ұйымшылдықпен қатысу;

- бір-бірінің пікірін мұқият тыңдау;

- бірін-бірі сыйлап, кезекпен сөйлеу;

- берілген тапсырманы нақты орындау;

- жұмысты орындауда ортақ келісімге келіп,

бірігіп, белсенді жұмыс жасау;

- бәсекелестікке қабілетті болу, уақытты үнемді пайдалана білу;

- пікірталаста өзгенің көзқарасын түсіну үшін сұрақтың бар немесе жоқтығын сұрау;

- өз ойын қоса отырып, қосылатын пікірдің бар немесе жоқтығын сұрау;

- келіспеген жағдайда бөгде ойды мұқият тыңдап, түсіндіруді сұрау;

- айтылған пікірді ұжымдап талқылау;

- көмектесу және көмек көрсете білу;

- пікірталастың, әңгіменің қорытындысын жасау;

- рөлдерді белгілеу (басшы, хатшы, репортер, бақылаушы, сарапшы және т.б.).

Тапсырманың нақты түрі мен орындалу тәртібін білу – сапалы жұмыстың кепілі. Сол себепті, жұмыс басталмай тұрып оқушыларға олардың нені жасау керектігі жөнінде айтылып өтілуі керек. Жұмыс барысында топтың әрбір мүшесі 1) өз ойын еркін жеткізуі, 2) ортақ іске өз үлесін қосуы, 3) топпен бірге бір шешімге келуі, 4) өзгенің ойымен санасуы, 5) жұмысты белгіленген уақытта бастап, белгіленген уақытта аяқтауы тиіс.

Топтық іс-әрекет – әлеуметтік өзара қарым-қатынастың дамуының негізгі көзі. Сынып оқушыларын бір ортаға жинап, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты ізгілендірудің бірден-бір жолы – әңгімелесу мен өзара сөйлесуге, талқылауға жағдай туғызу. Жоспарланған жұмыстың нәтижелі қорытындысы мақсатты түрде жүргізілген әңгімеге, көзделген дүниені талқылауға тікелей байланысты. Себебі, оқушылардың өзара әңгімелесуі, пікірлесуі, ой бөлісуі, ой қорытуы олардың өз ойларын қысылмай еркін жеткізуіне, сыныптастар арасындағы қарым-қатынастың артуына, топтық жұмыстың жандануына оң әсерін тигізеді.

Топтық жұмыс мынадай жетістіктерге

жеткізеді:

1. Оқушылардың оқу және танымдық қабілеттері дамиды.

2. Оқушылардың қорқыныш сезімі мен беймазальғы төмендейді.

3. Сабақтың уақыты тиімді үлестіріледі.

4. Сыныптағы психологиялық ахуал жақсарды, жауапкершілік сезімі арта түседі.

5. Берілген білім берік қабылданады, алған білімдерін іс-жүзінде іске асыра алады.

6. Сыныптағы жұмыс сараланады.

Топпен жұмыс жасау дағдылары кейін есейген кезде де қажет болатыны сөзсіз. Себебі күнделікті өмірде біз көбіне топпен жұмыс жасаймыз.

Сабақта негізгі білім көзі мұғалімнің сөзі мен оқулық болса, қазір оқушының жеке ойы мен көзқарасы құнды болып отыр. Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда ұжымдық-танымдық іс-әрекеттердің әртүрлі формалары мен түрлері жүйесінде топтық жұмыс және оның әртүрлілігі маңызды орын алады. Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады. Топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігі бойынша зерттеулерді әртүрлі бағытта жүргізуге болады. Психологтар тұлғаның жетілуі үшін топтық жұмыстар қолайлы жағдай туғызатынын айтып келеді. Топтық жұмыс оқыту процесін байыта түседі, оқу жұмыстарын нығайтып, сыныпта жылулық атмосферасы сезіндіреді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған қағидалар топтың жұмыс жасауын тиімді ұйымдастыруға және адамдармен тиімді қарым-қатынас орнатуға үлкен мүмкіндік береді. Педагог топпен жұмыс жасай алу мәдениетін дамыта отырып өзіне білімділікті, ұсталықты, берекелілікті, жауапкершілікті, және іскерлік сапаларын яғни, кәсіби білімін жетілдіре түседі.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – 2-ші толықт., түзет. және қайта өңд. бас.//Орыс тілінен аударған М.А.Құсайынова. – Алматы: TST-company, 2005. – 368 б.

МРНТИ 02.15.61

ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

**Ш.Т. Таубаева**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

**С.Т. Иманбаева**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

**К.М. Солтанов**

педагогика магистрі, полковник

**М. Кенжетай**

Магистр, «Open Door» білім беру орталығы

Мақалада ұлттық руханияттың тарихи бастауларын кезендерге бөле отырып, оның даму уақытына тоқтала отырып, тарихи сипаттама берілген. Жастардың рухани-адамгершілік құндылық бағдарлары туралы ғылыми әдебиеттегі «рух», «руханилық», «руханият», «адамгершілік», «құндылық» ұғымдары жөнінде пайымдаулардың мәні ашылған. «Рух», «рухани», «руханият» ұғымдарының мән-мағыналарын, олардың ара-қатынасының қандай болатынын, «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымының мәнін, бұл үдерісте білім, тәрбие берудің мазмұнына енгізілген құндылықтардың рөлі анықталған.

**Түйін сөздер:** рух, руханилық, рухани-адамгершілік тәрбие, құндылық, рухани құндылық.

В статье рассмотрены периоды развития исторических истоков национальной духовности, дана историческая характеристика времени ее формирования. Раскрыта сущность категорий «дух», «духовность», «духовное воспитание», «нравственность», «ценность». Определено соотношение категорий «духовное», «духовное наследие», сущность понятия «духовно-нравственное воспитание». Уточнена роль ценностей, внедренных в содержание образования и воспитания.

**Ключевые слова:** дух, духовность, духовно-нравственное воспитание, ценность, духовная ценность.

The article deals with the periods of the historical origins of the national spirit, given the historical characteristics of the time of its formation. The essence of categories «spirit», «spirituality», «spiritual education», «morality», «value». The correlation of categories of «spiritual», «spiritual heritage», the essence of the concept of «spiritual and moral education». Clarify the role of the values embedded in the content of education and training.

**Keywords:** spirit, spirituality, spiritual and moral education, value, spiritual value.

Жалпы әлемдегі материалдық дүниенің өзгеше сипаты – оның рухани жағы деген түсініктің ежелгі замандардан келе жатқандығы белгілі. Рухтың не екеніне жаратылыстану тұрғысынан ешқандай дәлел-дәйектемелер болмағанымен, оның нақты болмысы бар екеніне зертеушілердің көбісі күмән келтірмейді. Руханилықтың түпкілікті бастауы – «рух». Философияда бұл ұғым материалдық немесе табиғи дүниеге қарама-қарсы, қолмен ұсталмайтын, тек сезіммен ғана түйсінілетін, адамның барлық идеалдық, психикалық келбетін көрсетеді. Біз «рухтың»

адам психикасын жануарлар психикасынан ерекшелейтін, оның тұтастық белсенділігі ретінде көрініс табатын, әлеуметтік-мәдени негізделуге және мазмұнға ие ұғым екендігі жөніндегі М.С.Каганның көзқарасының маңызы ерекше [1, 38].

Ұлттық рухани құндылықтардың бәсекеге қабілеттік өлшемдері, ұлттық руханиятқа негіз болатын іргетастары туралы сұрақ туындауы заңдылық. Бұл тұрғыда ұлт руханиятының тарихи бастаулары туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде алты мың жылдық тарихқа

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

шолу жасай отырып төмендегі кезеңдерді атап өтуі маңызды дәйек бола алады [2, 45] Оны біз төмендегідей, кесте түрінде бейнеледік (1-кесте). Елбасының бұл пікірінен байқайтынымыз қазақ руханиятының тамыры өте терең. Бүгінгі мемлекетіміздің ежелгі даласындағы түркі тілді мәдениеттің қатпарлы тарихына үңілер болсақ, әлемдік мәде-

ниетке өзіндік үлес қосатын талай құнды мұраның болғандығын аңғарамыз. Оның рухани табиғаты бірден байқалып тұр. Ұрпақ жалғастығын осы рухани байлықты келесі буындарға барлық қадір-қасиетімен жеткізе білуге бағыттай отырып ұйымдастыру жоғары білім беру мекемелерінің тарихи міндеті.

1-кесте. Қазақ халқының ұлттық руханиятының тарихи бастаулары

Кезеңдері	Уақыты	Тарихи сипаты
Бірінші кезең	б.з.б. II мыңжылдықтың бірінші жартысы – I мыңжылдықтың бас кезеңі	Ежелгі арийлердің сансыз көп тайпаларының бүгінгі Қазақстанның бүкіл аумағын игеруі.
Екінші кезең	V ғ. б.з.б. – X ғ. б.з.	Орхон-Енисей құлпытастарында руникалық танбалардың пайда болған түркілік дәуір.
Үшінші кезең	б.з.б. I мыңжылдық – б.з. I ғ.	Сақ патшаларының қалдырған қоныстары мен қорғандары.
Төртінші кезең	(б.з.б. III ғ. – б.з. V ғасырлары аралығы	Көк Тәңірі мен Ұмайға сенген Ғұн тайпаларының рухани әлемінің таралуы.
Бесінші кезең	Ежелгі түркілер туралы мәлімет тұңғыш рет б.з.542 жылындағы қытай жылнамаларында кездеседі. Оғыздар тарихта V ғасырдан бастап белгілі. Қыпшақ хандығы XI – XIII ғғ.	Түркі қағанатының – Мәңгілік ел руханиятының қалыптасуы. Оғыз, қыпшақ тайпаларының жаңа түркі дүниесін құрай бастауы.
Алтыншы кезең	VII-VIII ғасырлар	Қазақстан аумағында араб-ислам рухының тарала бастауы және әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари секілді ойшылдардың әлемге таныла бастауы.
Жетінші кезең	XII-XIV ғасырлар	Шыңғыс әулетінің ықпалында болу дәуірі, түркі тайпалары арасында Алаш ұғымының беки түсуі мен қазақ ру-тайпаларының тұрақты этникалық құрылымдар ретінде қалыптасу кезеңі.
Сегізінші кезең	XIV-XV ғасырлар	Түркі халықтарына рухани ілім ретінде сопылықтың таралуы және Қожа Ахмет Яссауи сияқты рухани тұлғаның замандастары алдындағы беделінің асқақтауы.
Тоғызыншы кезең	XV-XVII ғасырлар	Қазақ хандығы құрылды, алғашқы рет жалпыхалықтық руханияттың негізі қаланды. Халық рухының ұшқыны ақын-жыраулардың, би-шешендердің, данагөй көсемдердің шығармашылығынан көрініс таба бастайды. Тәуке ханның тұсында қазақтың дәстүрлі құқығының өзіндік үлгісі – «Жеті жарғы» тарихи құжаты.

## ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ

Оныншы кезең	XVII-XIX ғасырлар	Қазақтың жауынгерлік рухының сынақтан өткен шағы. Ұлт руханияты өзінің тұтастығын шыңдай, дүниетанымдық әмбебаптығын әрлей, ұлттық бейнесін анықтай түсті. Шоқан, Ыбырай, Абай сынды қазақ ағартушыларының халық руханиятын жетілдірудің гуманистік жолдарын ізлеген дәуір.
Он бірінші кезең	XX ғасыр	Қазақ руханиятының қайшылыққа толы кезеңі. Қазақ зиялы қауымы ұлттық ояну мәселесін алға ұсынып, тәуелсіздіктің саяси мәселе ретіндегі маңыздылығын халық санасына орнықтырды. Халық өзінің үштен бір бөлігінен айрылып, тарихи отанында азшылыққа түскен ғасыр, тілінен, ділінен айрылып қала жаздаған заман болды.
Он екінші кезең	1980 жылдардың ортасынан басталады	Кеңестік империя құлағаннан кейін үлкен Еуразия аймағында тәуелсіз елдердің қалыптасу кезеңі келді. Руханияттағы түбегейлі өзгерістер ене бастаған дәуірі туды. «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізгерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет мүмкіндік алды

Жастардың рухани-адамгершілік құндылық бағдарлары туралы сөз қозғардың алдында ғылыми әдебиеттегі «рух», «руханилық», «руханият», «адамгершілік», «құндылық» ұғымдары жөнінде кейбір пайымдауларға, пікірталастарға тоқтала кетелік. Педагогика ғылымында жас ұрпақты адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған. «Адамгершілік» ұғымының педагогикалық ұғым ретінде ғылыми тұрғыда қалыптасқан өзіндік мағынасы болса, «рух», «рухани», «руханият» ұғымдарының мән-мағыналары көптеген салаларға тармақталып кететіндігі белгілі. Сондықтан да зерттелетін проблема – алдымен «рух», «руханилық», «адамгершілік», «құндылық» ұғымдарының нені білдіретіндіктерін, олардың арақатынасының қандай болатынын, «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымының мәнін, бұл үдерісте, білім, тәрбие берудің мазмұнына енгізілген құндылықтардың рөлін анықтап алмай тиімділікпен шешілмейді.

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ахуал өз бойына әлеуметтік және рухани құбылыстардың бүкіл сан-алуан белгілерін жинақтайды. Оның

мазмұнының жүйе ретінде қалыптасуына қоғамда басымдылыққа ие болып отырған өзекті құндылықтар өз ықпалын тигізеді. Сөйтіп, тұлғаның өзіндік құндылықтар жүйесі мен құндылық бағдарларында көрініс табатын, адамның адами және әлемдік құндылықтарға деген көзқарасы әлемге деген тұтас көзқарасының ажырамас бөлігіне айналады.

Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың ортақ пікірі – руханилық ең алдымен қоғамдық өмірдің адамгершілік, әділеттілік бастауларын, ақыл-ой еркіндігін, қоғамда қабылданған мінез-құлық пен жүріс-тұрыстың моральдық нормаларын көрсетеді дегенге саяды. Ол адам дүниетанымының құрам бөлігі, жинақтаған білімінің фрагменті. Адамның руханилығы деп оның шынайы адамгершілік құндылықтарын айыра әрі тандай білуін, өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен өмір салтын соларға бағындыра білуін түсінеміз. Руханилық – адамның ішкі әлемін реттеуші күш. Егер адамның руханилығы оның шынайы бет-бейнесімен келіспеушілікке түссе, ішкі зілзалаға, рухани, адамгершіліктік дертке, апатқа ұрындырады. Адамның руханилығы оның болмысымен жарасымға түссе ондай адам



әлеммен де үйлесімді қарым-қатынасқа түсіп, байсалдылығымен, адалдығымен, әділдігімен, қанағатшылдығымен ерекшеленетін болады. Философтар руханилықтың өркениетке де тән қасиет екендігін, қоғамдағы руханилық қандай болса мәдениет те, өркениет те сондай болатындығын алдыға тартады. Діни түсініктер, діни ілімдер тұрғысынан рухтың әртүрлі сипаттағы көріністері (негізінен Абсолюттің заңдылығына бағынатын) «табиғаттың рухы», Жаратушыдан тек адамға келетін «қасиетті Рух» деген мағынада жіктелгенімен, адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі бойынша руханилық адамның қандай ұлтқа, қандай діни конфессияға жататындығына қарамайтын нәзік ұғым деген пікірлері біздің көңілімізге көбірек қонады [3]. Демек руханилық – әрбір адамның ішкі әлемінің байлығын анықтайтын категория.

Ұлтымыздың ойшылдары да адам бойындағы даралық қасиетке ерекше мән берді, кез келген кісіге қайталанбас жаратылыс жұмбағы ретінде қарады, адам мен ұлттың тарихтағы рөлін дұрыс бағамдай білді. Қоғам қанша дамып, ғылыми жетістіктерге жеткенімен, руханилық пен адамгершілік жетіспесе ол адамға ешқандай ләззат әкелмейтінін ескертті. Адамның хайуаннан айырмашылығы да рухани-адамгершілік құндылықтарды ардақ тұтуынан екендігін баса айтып кетті. «Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған әрекеттен артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа лайықсыз талай қылмысты істейді» [5].

Рух – А.Байтұрсыновтың анықтамасы бойынша, халықтың жаны. Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша, әруақ, ата-баба рухы [4]. Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Рухты жан қара басын күйттемейді, ол ел, Отан, халық, ұлт деп толғанады. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тауып, бар қалан», - деген ұранмен өмір кешеді. «Жүктің ауырын нар көтереді, қазаның ауырын ел көтереді» деген халық мақалын бүгін: «Отанның ауыр ісін рухы мықты елдің

ері көтереді» деген идеяға алмастыру қажет. Қазақ ұлының рухты болғанын, қызының қылықты болғанын тілейтін халық. Ұлы рухты болса – сүйікті, қызы қылықты болса – бақытты. Рухты жан – Азамат – Адам, рухсызы – тұғырсызы – надан, не мәңгірт. Бір сөзбен айтсақ: Рух – адам баласының жан дүниесінің арқауы. Руханилық – бұл адамның ерекшелігін құрайтын, оның сыртқы әлеммен тығыз байланысқа түсетін ішкі табиғатының, ақыл-парасатының, ой-санасының, ерік-жігерінің ортақ арнадағы ағыны. Руханилық қолмен ұсталмайды, көзге бірден көрінбейді. Адамдар оған саналы түрде, өзін-дамыту арқылы қол жеткізеді. Адам руханилығы оның болмысының қаншалықты дәрежеде биік екендігін көрсетеді. Ол имандылықпен тығыз байланысты. Діни әдебиеттерде «Махаббатқа толы қатынастар тек адам әлемінде, яғни оның жан-дүниесінен туындайтын Қасиетті Рух кеңістігінде ғана бар» деп түсіндіріледі [3, 351].

Ж.Аймауытов «Қазақтың өзгеше мінездері» деген мақаласында ұлт мінезінің ізгі белгілерін тізбектей келіп, отарлыққа ұрынған кезде өзгеріске ұшыраған кейбір жақтарын, өзгеден жұқтырған жаман әдеттерді (ұрлық, кісі өлтіру, өтірік айту, алдау) бойына сіңіріп, арыла алмай жүргенін ашына айтады. «Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті» [5, 116]. «Сайып келгенде, қазаққа қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын өзімшілдік, ездік. Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда» [5, 117-118].

«Орыс баласы оқудан қолы босаса, футбол, доп, жарыс, неше түрлі дене тәрбиесі; қазақ баласы оқудан шықса, көше қыдыру, таныс жағалау, жоқ жерден пайда қып қою...» [5, 215]. Автор бұл кемшіліктердің себебі баланың өс-


## ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ

кен ортасында, әке-шешенің, қоршаған ортаның тәрбиесінде екендігіне тоқталады. Дәл осындай мағынадағы пікірлерді М.Дулатовтың, Ғ.Қараштың, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың еңбектерінен де көптеп кездестіреміз. Қазіргідей әлемдік жаһандану үдерісі ерекше екпін алған шақта, аумалы төкпелі сындарлы кезеңде, қоғамда діни экстремизм қаупі белең алған жағдайда ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз.

Руханилықты руханияттың өзегін құрайтын құбылысқа жатқызуға болады. Ол адамды Ақиқаттың жасампаздық жүйесін

қалыптастыратын тұсына жақындататын, рухани дамуды қамтамасыз ету арқылы Ғаламды рухтандыратын, қоғамды іштей үйлесімдендіретін оң мағынадағы рухани күш, феномен [3, 67]. Руханият негізінен ерекше феномен ретінде қауымдастықтың, әлеуметтік субъектінің қалыптасу эволюциясының тарихи кезеңдеріне сай келеді, жалпы оның эволюциясына сәйкес кейіпте көрініс береді. Оны кез келген халықтың өткенінен көре аламыз. Келтірілген пікірлерден «рух», «руханилық» және «руханият» ұғымдарының қатынасын төмендегідей көзге елестетуге болады (1-сурет):

1-сурет. «Рух», «руханилық» және «руханият» ұғымдарының арақатынасы



Ұлттың рухани әлемі оның тарихи дәуірлерде қалыптасқан біртұтас құндылықтар жүйесінен танылады. Рухани тарих тек қазба зерттеулері арқылы ғана емес, рухани шежірелерді саралау арқылы да құралады.

Руханилық – еркін шығармашылық белсенділік, әлемге деген адамгершілік қатынас арқылы қалыптасады және сол құрылымдардың нәтижесінде дамып, адам өмірінің

мәніне айналады. Ал, руханият болса, одан әлде кең мағынадағы қатынастар жүйесі. Ол қоғамның рухани өмірінің көптеген қырын қамтиды. Руханилық адамның жан дүниесімен байланыста болса, оның дүниетанымы зерде, ақыл-ой саласымен, рационалдылықпен астасып жатады. Дүниетаным мен руханилықтың өзара байланысын іс-әрекеттер деңгейінің биігінен іздеу керектігін кейбір зерттеушілер

атап көрсетуде [3, 129].

Адами руханилықтың белгісі – адамның өз бойындағы барлық ізгі қасиеттерімен, ақыл-ойымен, дарын-қабілетімен, шеберлігімен, мейірімімен айналасындағыларға бөлісуге дайындығы. Осындай ұстанымдарымен ерекшеленген адам – рухани дамудың жолына түскен болып саналады. Керісінше өмірде, қоғамда, әлеуметтік ортада жеке басының қамы үшін қызмет етуді ұстанымына айналдырған адамға халқымыз пендешілік жолына түскен деген баға береді. Ондай адам руханилық аясынан алыстап, нәпсінің құлына айналады және өзін заманауи талаптарға сай өмір сүретін «прагматикпін» деп ақтайды.

Тарих дәлелдеген шындық – өзінің тари-

хи қалыптасқан рухани құндылықтары мен руханият әлемін қадірлемеген халықтың өзге халықтар алдында беделі төмен. Өз ұлтының рухани-адамгершілік құндылықтарын жүрегіне сіңіре алмаған адам да өзге мәдениеттің, ұлттық салт-дәстүрді теріске шығаратын бүлдіруші діни ағымның мәңгүрттенген құлына айналады. Демек, руханилық адамды, қоғамды, елді дамытатын, әлеуметтік прогресті алға жылжуды қамтамасыз ететін рухани күш. Сондықтан, еліміздегі барлық азаматтардың қазіргі таңдағы руханилық дүниесінің сапасы, оның даму бағыты мен болашағы жөніндегі мәселе тәрбие саласының мамандары үшін үнемі өзекті болып қала бермек.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каган М.С. О духовном. Опыт категориального анализа. Вопросы философии. 1995. – №9.
2. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999, – 296 с.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы, 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
5. Аймауытов Ж. Шығармалары, 5 томдық жинағы. – Алматы, 1999. 5-том. – 132 б.



*«Рухани жаңғыру ұлттық сананың  
түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып,  
жарастыра алатын құдіретімен маңызды»*

*Н.Ә. Назарбаев.*

МРНТИ 14.01.01

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Қ. Бөлеев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, п.ғ.д., профессор, Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Ұлттық Білім академиясының академигі

Л.Қ. Бөлеева

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, п.ғ.к., доцент

Мақала қазақтың халықтық педагогикасын зерттейтін жаңа ғылым саласы – қазақ этнопедагогикасының мазмұны қазақ ғалым-педагогтарының 1922-2015 жылдардағы зерттеу еңбектерінің негізінде жасалынған.

**Түйін сөздер:** этнопедагогика, қазақ этнопедагогикасы, қазақтың халықтық педагогикасы, қазақ этнотәрбиесі, қазақ этнодидактикасы.

В статье разработано содержание новой отрасли науки – казахской этнопедагогике на основе трудов казахских ученых-педагогов, исследовавших казахскую народную педагогику в 1922-2015 годах.

**Ключевые слова:** этнопедагогика, казахская этнопедагогика, казахская народная педагогика, казахское этновоспитание, казахская этнодидактика.

The article describes the content of a new branch of science – Kazakh ethno-pedagogy on the basis of the works of Kazakh scientists and educators who studied Kazakh folk pedagogy in 1922-2015.

**Keywords:** ethno-pedagogics, Kazakh ethno-pedagogy, Kazakh folk pedagogy, Kazakh ethno-education, Kazakh ethno-didactics.

«Қазақ этнопедагогикасы» ғылымына түсініктемелер мен анықтамаларды қазақ этнопедагогтары Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова және т.б. өз зерттеу проблемалары тұрғысынан берген. Солардың ішінен тақырыбымызға қажетті профессорлар С.А.Ұзақбаева мен К.Ж.Қожахметованың «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» атты еңбекте қазақ этнопедагогикасы ғылымына берген мынадай анықтамасын алуға болады:

«Қазақ этнопедагогикасы – қазақ философиясы, қазақ мәдениеттануы, этнографиясы, этнопсихологиясы, этнофольклористикасы, этнопедагогика тарихының интеграциясы арқылы пайда болып, қазақ педагогикасы ғылымының аясында қалыптасқан, біртұтас этнопедагогикалық білім беретін дербес оқу пәні, ал оның өз пәні – ұлттық тәрбие беру үрдісі» деген. Міне осы анықтаманы негізге

ала отырып, қазақ этнопедагогикасы – елімізде ұлттық тәрбие берудің негізі деген қорытынды айтуға болады.

Қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәрбиенің мазмұнына қазақтың халықтық педагогикасы алынады. Өйткені, қазақ халқының жас ұрпағын тәрбиелеу бойынша сан ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық педагогикасы бар. Ол – тәрбиенің бастауы, қайнар көзі және тәрбие жөніндегі халықтың жинақталған тәжірибесі мен білімі. Кең мағынада алғанда қазақ халық педагогикасы – тәрбие ісіне қызмет ететін халық шығармашылығының барлық түрлері: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, мерекелер, ұлттық ойындар, ауыз әдебиеті, қол өнері, ән, би, күй өнерлері, еңбек әрекеттері, т.б.

Қазақтың халықтық педагогикасын зерттеумен Кеңестік дәуірде: М.Жұмабаев, Т.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ы.Оршыбеков, М.Әлімбаев,

Ә.Табылдиев, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Тәнікеев, Ә.Нұғыманова, т.б., ал Егемендік кезеңде: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, М.Әлімбаев, Х.Арғынбаев, М.Тәнікеев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, К.Оразбекова, Ж.Наурызбаев және т.б. олардың шәкірттері кеңінен айналысты. 1948-2010 жылдары қазақ этнопедагогикасы бойынша 48 докторлық, 428 кандидаттық диссертациялар қорғалып, нәтижесінде 650-ден аса жеке еңбектер және бірнеше жүздеген мақалалар жарық көріп, олар оқу-тәрбие үрдісіне біршама ендірілді [37].

Сонымен, осы зертеулердің негізінде қазақтың халықтық педагогикасын зерттейтін жаңа ғылым саласы – қазақ этнопедагогикасының мазмұны анықталынды. Енді сол мазмұнның құрылымын жасалық.

Қазақ халқы өзінің халықтық педагогикасы арқылы жас ұрпағының бойына еңбек пен өнер, инабаттылық пен ізгілік, сұлулық пен әсемдік, денсаулық пен тазалық, оқу мен білім, туған жерін, ұлтын, Отанын, елін, табиғатын сүю және оларды қорғау, отбасылық өмірге даяр болу сияқты т.б. асыл қасиеттерді сіңіріп отырған. Осыдан қазақтың халықтық педагогикасында ұлттық тәрбиенің мынадай түрлері пайда болды:

1. Еңбек және кәсіби тәрбиелер;
2. Адамгершілік және имандылық тәрбиелері;
3. Эстетикалық тәрбие;
4. Дене тәрбиесі;
5. Салауатты өмір салтын тәрбиелеу;
6. Патриоттық және ұлтжандылық тәрбиелер;
7. Табиғат қорғау (экологиялық) тәрбиесі;
8. Экономикалық және құқықтық тәрбиелер;
9. Отбасылық тәрбие (қыз, ұл, жігіт, келін тәрбиелері).

Бұл тәрбие түрлерінің жиынтығы – қазақ этно-тәрбиесі деп аталады. Аталған ұлттық тәрбие түрлері зерттелініп, олардың мазмұндары анықталынды. Олар:

1. Орта ғасыр ойшылдары мен Алтын Орда дәуіріндегі ғалымдардың трактаттарында;
2. Қазақ хандары мен би-шешендерінің

және ақын-жыраулардың ұлағатты сөздері мен терме-толғауларында;

3. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында;

4. Қазақтың даналығы – ауыз әдебиетінде;

5. Қазақтың ұлттық өнер түрлерінде;

6. Қазақтың халықтық білімдерінде;

7. Қазақтың ұлттық ойындарында;

8. Қазақтың тарихи тұлғаларының тәлім-тәрбиелік мұраларында жинақталған.

Егер бүгінгі жас ұрпақ және жастар осы мазмұнды бойына сіңірсе, жоғарыда анықталған ұлттық тәрбие түрлерімен тәрбиеленіп, олар «Мен қазақпын» деп ұлтжанды, зияткер кемел адам болып қалыптасып, Ұлы Дала Елін Мәңгілік ел етуге қызмет етеді.

Келесі маңызды мәселе қазақ этнопедагогикасы жинақтаған мазмұндағы халықтық білімдерді еліміздегі білім беру жүйесіне енгізу. Сонымен қатар балабақшаларда, орта және кәсіби білім беретін оқу орындарында оқылатын пәндердің бағдарламаларында қазақ этнопедагогикасының жоғарыда анықталған мазмұндарын пайдалану қажет. Сонда берілетін білімнің ұлттық құндылықтары артып, жеке тұлға ұлттық тәрбие алады. Осыдан келіп, қазақ этнопедагогикасының қазақ этнодидактикасы бөлімі пайда болды.

Бүгінгі таңда қазақ балабақшалары мен орта білім беретін мектептердің практикасына қазақ этнопедагогикасының материалдары біршама болса да енгізіліп, ұлттық тәрбие беру үрдісі жүзеге асуда. Дегенмен, бұл мәселеге ерекше мән беру қажеттігі туындауда. Өйткені балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдерінің қазақ этнопедагогикасының материалдарын пайдаланып, бүлдіршіндер мен оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлықтары талапқа сай емес. Сондықтан педагогикалық мамандықтар дайындайтын оқу орындарында оқытылатын «Этнопедагогика» пәнін оқытуды жетілдіру керек. Ол үшін сол пәннің қазіргі типтік бағдарламасының мазмұнын жаңарту қажет, пәнді «Қазақ этнопедагогикасы» деп атау керек.

Қазақ этнопедагогикасының оқу бағдарламасын сонау 1992 жылы алғашқы жасаушы

ретінде, содан бері ұсынылған бірнеше бағдарламаларды мазмұндық талдай келе және жоғарыдағы этнопедагогикалық зерттеулерді ескеріп, «Қазақ этнопедагогикасы» оқу пәнінің типтік бағдарламасының құрылымдық мазмұны мынадай үш бөлімнен тұратынын анықтадық:

Кіріспе (қазақ этнопедагогикасын оқытудың қажеттігі)

1 бөлім. Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздері

2 бөлім. Қазақ этнотәрбиесі

3 бөлім. Қазақ этнодидактикасы

«Қазақ этнопедагогикасы» пәні бойынша жарық көрген әдебиеттер.

Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздері қазақ философиясы, қазақфольклористикасы, қазақмәдениеттануы,

қазақ этнографиясы, қазақ этнопсихологиясы, қазақ этнопедагогикасының тарихы бойынша зерттеулер арқылы жасалынған.

Қазақ этнотәрбиесіне қазақтың ұлттық тәрбиесінің түрлері – еңбек, кәсіби, адамгершілік, имандылық, эстетикалық, экологиялық, дене, салауаттылық, патриоттық, ұлтжандылық, құқықтық, экономикалық, отбасылық тәрбиелер бойынша зерттеулер жатады.

Қазақ этнодидактикасына қазақтың халықтық білімдерін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану бойынша зерттеулер жатады.

«Қазақ этнопедагогикасы» оқу пәні бойынша 1995-2015 жылдары 38 оқу құралы және екі әдістемелік құрал және бір тұжырымдама жарық көрді [37].

Қазақ этнопедагогикасының жоғарыда анықталған мазмұны бойынша жарық көрген негізгі әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. -352 б.
2. Наурызбаев Ж. Этнокультурное образование. – Жезказған: ЖезГУ, 1995. -85 с.
3. Әбілова З. Этнопедагогика. – Алматы: ҚЭТУ, 1997. -230 б.
4. Ұзақбаева С.А., Мұқанова Б. Қазақ этнопедагогикасы: тәлімдік тағылымдары. – Алматы: РБК, 1998. -112 б.
5. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. -317 с.
6. Әбілова З., Қалиева К. Этнопедагогика оқулығы. – Алматы. ҚХЭТМУ, 1999. -394 б.
7. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. – Алматы: Ғылым, 2000. -356 б.
8. Бөлеев Қ., Арзымбетова Ш. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2001. -96 б.
9. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. -320 б.
10. Мағауова А. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки учителя. – Семипалатинск: СГУ, 2001. -77 с.
11. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. -280 б.
12. Хайруллин Г.Т., Төлеубекова Р.К. Курс этнопедагогикасы. – Алматы: Күлтегін, 2004. -40 с.
13. Тілеуова С., Әліпбек А. Этнопедагогика. – Шымкент: ХҚТУ, 2004. -187 б.
14. Қожахметова К.Ж., Джанзақова Ш.И. Этнопедагогика. – Атырау: АтМУ, 2005. -200 б.
15. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. – Астана: Фолиант, 2007. -400 б.
16. Баубекова Г.Д. Этнопедагогика. – Астана: Дарын, 2007. -210 с.
17. Есекешова М.Д. Этнопедагогика. – Астана: Принт-А, 2007. -125 б.
18. Ибраева К.Ж. Этнопедагогика в профессиональном образовании. – Астана: АТУ, 2007. -137 с.
19. Төлеубекова Р.К., Жұматаева Е. Этнопедагогика. – Павлодар: ПМУ, 2007. -124 б.

20. Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. – Астана: Фолиант, 2008. -400 б.
21. Чемоданова Г.И. Этнопедагогика. – Петропавловск: СКТУ, 2008. -123 с.
22. Байсарина С. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2009. -200 б.
23. Ибраимова Л.Н. Этнопедагогика. – Тараз: ТарМПИ, 2009. -124 б.
24. Көшербаева А.Н., Шолпанқұлова Г.К., т.б. Этнопедагогикалық білім негіздері. – Алматы: Адам және қоғам, 2009. -131 б.
25. Пірәлиев С.Ж., Хайруллин Г.Т., т.б. Этнопедагогика. – Алматы: ҚазҰПУ, 2010. -337 б.
26. Айтжанова З.Ж. Этнопедагогика. – Ақтау: КМТЖИУ, 2010. -91 б.
27. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасының дамуы. – Тараз: ТарМПИ, 2012. -165 б.
28. Еркибаева Г. Этнопедагогика. – Алматы: ГигаГЭЙД, 2012. -126 с.
29. Сманова Н.Т. Этнопедагогика. – Алматы: Нур Принт, 2012. -135 б.
30. Хайруллин Г.Т. Этнопедагогика. – Алматы: Мир, 2012. -78 с.
31. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. – Алматы: Қарасай, 2012. -248 б.
32. Қожахметова К.Ж., Жанзақова Ш.М. Этнопедагогика – дербес оқу пәні. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -177 б.
33. Курбанходжаев С.Н., Андамасова Г.А. Этнопедагогика. – Түркістан: ХҚТУ, 2013.-148 б.
34. Ботабаева Ә.Е., Ботабаев Н.Е., Саипова А.Т. Этнопедагогика.– Тараз:ТИГУ, 2013.-168 б.
35. Дүйсенбаев А.Қ. Этнопедагогика. – Ақтөбе, 2013. -186 б.
36. Қалиев С., Кукушин В.С. Этнопедагогика. – Алматы: Дәуір, 2014. -336 б.
37. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Қазақ этнопедагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш (1922-2014 жж.). – Тараз: ТарМПИ, 2014. -73 б.
38. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. -256 б.
39. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. -230 б.
40. Қалиев С., Кенжан А., т.б. Этнопедагогика. УМК. – Алматы, 2006. -164 с.
41. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998. -22 б.

МРНТИ 14.09.91

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Қ. Бөлеев**

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, п.ғ.д., профессор, Б.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Ұлттық Білім академиясының академигі

**А. Қанатбекұлы**

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің магистранты

Мақалада қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұраларының зерттелу жайы қазақ ғалым-педагогтарының зерттеу жұмыстарына мазмұндық талдау жасау арқылы анықталған.

**Түйін сөздер:** қазақ халқының тарихи тұлғалары, қазақ педагогикасы, педагогикалық ой-пікірлер, педагогикалық мұра.

В статье определено состояние исследованности педагогических наследий исторических личностей казахского народа на основе содержательного анализа исследований казахских ученых-педагогов.

**Ключевые слова:** исторические личности казахского народа, казахская педагогика, педагогические мысли, педагогическое наследие.

The article defines the state of research of pedagogical legacies of historical figures of the Kazakh people on the basis of a meaningful analysis of the research of Kazakh scientists and teachers.

**Keywords:** historical personalities of the Kazakh people, Kazakh pedagogy, pedagogical thoughts, pedagogical heritage.

Қазақ педагогикасы – қазақ жерінде сан ғасырлар бойы жинақталған тәрбие, педагогикалық ой-пікірлер, оқыту және білім беру жөніндегі жаңа ғылым саласы. Қазақ педагогикасы ғылымының басты құрамдас бөлігі ұлтымыздың тарихи тұлғаларының педагогикалық ой-пікірлері, яғни, тәлім-тәрбиелік туындылары.

«Қазақ халқының тарихи тұлғалары» деген ұғымды ертедегі қазақ топырағындағы аса көрнекті тұлғаларды, түркілік орта ғасырлық ойшылдарды, қазақ хандары мен бишешендерін, батырларын, ақын-жыраулары мен сөз құдыретін терең сезінген ақын-жазушыларын, өнер, қоғам қайраткерлерін, сондай-ақ, көрнекті ғалымдары мен ғалым-педагогтарын айтуға болады.

Еліміз егемендігіне қол жеткізгеннен бастап ұлттық мұраларымыз бен тарихи

тұлғаларымыздың шығармашылығын зерттеп-зерделеу өзекті мәселелердің бірі ретінде қолға алынды. Өйткені, егемен еліміздің басты байлығы – өскелең ұрпағымызды ұлтжандылыққа, елжандылық пен отансүйгіштікке, имандылық пен адамгершілікке баулып, тәрбиелеуде сүйенетін бағдар тарихи тұлғалардың педагогикалық мұралары болып саналады.

Қазақ ғылымында ұлтымыздың тарихи тұлғалары жан-жақты зерделеніп, Ш.Уәлиханов, Ж.Машанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Е.Ысмайлов, М.Ақынжанов, С.Қирабаев, М.Жолдасбеков, Қ.Сарғарұлы, С.Сейдімбек, М.Солтанғазина, Б.Шәкиев, Ф.Лекерова, Ж.Әбдилдин, Р.Әбдилдина, А.Қасымжанов, Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, А.Тайжанов, А.Қасабек, Ж.Алтай, М.Орынбеков, Е.Бекмаханов, Ж.Қасымбаев,



М.Койгелдиев, М.Мағауин, Д.Досжан, С.Негимов, С.Ақтаев, Ә.Дербісәлі, О.Сәбден, Е.Сыдықов, А.Жұбанов, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев, М.Мырзахметов, Р.Тұрысбек, Қ.Ергөбек, Ә.Нұршайықов, Ә.Көпіш, Г.Мұзафарова, т.б. қазақ ғалымдары ғылыми-зерттеулер жүргізіп, көптеген еңбектер шығарды [1-20, 22]. Олардың ұзын саны 20-дан асты, 500-ден астам тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер берілген. Мысалы, Ә.Көпіш пен Г.Мұзафарованың «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» атты үш томдық қысқаша анықтамалығының бірінші кітабында ғана 10-қазақтың ғұлама ойшылдары, ағартушы-ғалымдары, қоғам қайраткерлері, 10-Алаш қайраткерлері, 10-қазақтың көрнекті ақын-жазушылары, 7-қазақтың атақты жыраулары, 7-қазақтың қоғам, әскери қайраткерлері, 12-қазақтың әйгілі хандары мен билері, 7-қазақ ғалымдары, 4-қазақ діни ағартушылары, 8-қазақ суретшілері мен архитекторларының өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи мұралары сөз болған [11].

Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұраларын зерттейтін жаңа ғылым саласын «тарихи тұлғалар педагогикасы» деп атауға толығымен болады.

Ұлтымыздың көрнекті тарихи тұлғаларының өмір сүру кезеңдері мен сол кездердегі қоғамдық-саяси өзгерістерге сүйене отырып, ұлттық тарихи тұлғалардың педагогикалық мұралары негізінде қорғалған диссертациялар мен ғылыми-зерттеу еңбектерін төмендегідей ретпен топтастырдық:

1. Ертедегі қазақ жеріндегі көрнекті тұлғалардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері: Заратуштра, Томирис, Мөде, Шырақ, Білге, Күлтегін, Тоныкөк, т.б.

2. Орта ғасыр және Алтын Орда дәуірлеріндегі тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер: Қорқыт, әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Жүйнеки, А.Иасауи, Қайқаус, Омар Хаям, Имам Газали, С.Бақырғани, Б.Зарнуджи, М.Саади, Ж.Руми, Р.Хорезми, Б.Рабғазиді, Құтып, Ибн-Сина, Бируни, Ұлықбек, т.б.

3. Қазақ хандығы тұсындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер: С.Сараи, Ш.Хафиз, А.Жәми, Ө.Тлеуқабылұлы, М.Бабыр, Бұқар, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Асан қайғы, Қазтуған, Ө.Қажы, М.Х.Дулати, Қ.Жалаири, Ө.Баһадур, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Шал, т.б.

4. Патшалық Ресей билік құрған кезеңдегі педагогикалық ой-пікірлер: Дулат, Махамбет, Майлықожа, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, т.б.

5. Кеңестік жүйе кезеңіндегі педагогикалық ой-пікірлер: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Н.Құлжанова, Қ.Жұбанов, Ә.Сыдықов, С.Балаубаев, Ө.Ермеков, С.Қожахметов, Қ.Мұхамеджанов, Ш.Әлжанов, С.Асфандияров, Т.Жүргенов, Ш.Кәрібаев, Ш.Қоқымбаев, Т.Тәжібаев, А.Сембаев, М.Ғабдуллин, Қ.Бержанов, М.Мұқанов, С.Мұқанов, И.Мадин, Қ.Жарықбаев, А.Көбесов, С.Мусин, Л.Г.Лемберг, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, М.Кұдайкұлов, К.Кұнантаева, Г.М.Храпченков, т.б.

6. Егемен қазақ еліндегі педагогикалық ой-пікірлердің дамуы: Қ.Жарықбаев, К.Кұнантаева, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, А.Көбесов, К.Қожахметова, М.Балтабаев, Ж.Наурызбаев, Л.Керімов, І.Халитова, А.Бейсенбаева, С.Пірәлиев, Б.Әбдікерімов, К.Сейталиев, Ш.Жанзақова, Н.Сарыбеков, Ш.Таубаева, Ж.Асанов, К.Ибраева, С.Әбілдина, Қ.Сарбасова, Қ.Әтемова, т.б.

Көрсетілген кезеңдер бойынша тарихи тұлғалардың педагогикалық ой-пікірлерін зерттеумен Ш.Әлжанов, Т.Тәжібаев, Ә.Сыдықов, Қ.Бержанов, Ә.Сембаев, К.Кұнантаева, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, А.Көбесов, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлеев, Т.Қ.Бөлеев, С.Ұзақбаева, С.Пірәлиев, Л.Керімов, А.Ильясова, Қ.Сейталиев, М.Тәнікеев, А.Бейсенбаева, т.б., ғалым-педагогтар, олар қалыптастырған ғылыми мектеп өкілдері: И.Халитова, Ж.Әбиев, Қ.Әтемова, Қ.Сарбасова, К.Ибраева,

К.Шаймерденова, Т.Әлсатов, Ә.Көшербаева, Г.Баубекова, Т.Ахметов, Қ.Шалғымбаева, С.Иманбаева, Б.Иманбекова, Р.Жаңабаева, Е.Жұматаева, Ш.Жұматаева, Ж.Сарыбекова, Ә.Орынбасарова, А.Дүйсенбаев, Қ.Қалиева, М.Көккөзова, Н.Әлқожаева, А.Құдиярова, К.Камалиева, Н.Сманова, М.Есекешова, Т.Әбдіқадырова, Ғ.Базарғалиев, С.Сеңкебаев, Ғ.Қабекенов, Б.Махметова, Ж.Төлебаева, А.Садықова, М.Құлжабаева, М.Ахметова, т.б., сонымен қатар, Х.Тллашев, А.Ахметова, Ө.Әлеуов, З.Нурутдинова, С.Рахимов, М.Тахиров сынды жақын шетел ғалымдары айналысты.

Жоғарыда аталған ғалым-педагогтар қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары бойынша жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Нақты дерек бойынша 126 диссертациялық жұмыс қорғалып, 162 жеке еңбек [21] және жүздеген мақалалар шықты.

Бұл жұмыстарда тарихи тұлға шығармашылығындағы педагогикалық негізгі мазмұн, ұғым-түсініктер, тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттары мен заңдылықтары, тұлғалық ұстанымдар, ізгілендіру педагогикасының негізгі идеялары кеңінен талданып, жан-жақты мазмұндалатыны жайлы баяндалған, өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі жүйелік маңыздылығы көрсетілген.

Шындығында, қазақ тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары – қазіргі қазақ педагогикасы ғылымының мазмұнын мәдениеттілік, өркениеттілік және жанашыл мазмұнда жетілдіруге зор мүмкіндік беретіні даусыз.

Қазақтарихитұлғаларының педагогикалық мұралары бойынша зерттеу жұмыстары мен еңбектерді мазмұндық талдау арқылы төмендегідей қорытындылар мен ұсыныстар айтуға болады:

1. Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұраларына байланысты бүгінгі таңдағы рухани құндылығын, көкейкестілігіне сәйкес олардың ауқымын

кеңейту қажет.

2. Ұлттық ойлау жүйесінде дара орны бар тарихи тұлғаларымыздың педагогикалық мұраларын негізге алу әлемдік педагогика тарихын қайта қарастыруды талап етеді.

3. «Педагогика тарихы» және «Этнопедагогика» пәндерінің типтік бағдарламаларына ұлттық тарихи тұлғаларымыздың педагогикалық маңызы айрықша туындыларын педагогика ғылымының қайнар көзі мен тәлім-тәрбиенің асыл арнасы ретінде мәнін ашып көрсететін өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет;

4. Ұлттық тарихи тұлғалардың педагогикалық мұралары жан-жақты талданып, олардың қазақ педагогикасының негізін салушылар ретіндегі алатын орнын нақтылау қажет;

5. Тарихи тұлғалардың тәлім-тәрбиелік мұраларын қазақ педагогикасының қайнар көзі ретінде ұсынып, рухани мәнін ашып көрсететін, оқыту ұстанымдары мен жаңаша идеяларға негізделген оқу құралдары мен оқулықтар жазып, жариялауды қолға алу қажет;

6. Ұлттық тарихи тұлғалардың педагогикалық мұраларына қатысты жеке энциклопедиялық сөздік құрастырып, шығару қажет;

7. Ұлттық тарихи тұлғалардың тәлім-тәрбиелік туындылары жалпы педагогиканың тәрбие теориясы, дидактика, мектептану секілді бөлімдеріне, сондай-ақ, жеке пәндерді оқыту әдістемесіне енгізіліп, қарастырылуы қажет;

Бұл қорытындылар мен ұсыныстардың барлығы да қазақ педагогикасының әлемдік педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде өзіндік мазмұнын жетілдіруге, ең бастысы білімі бәсекеге қабілетті ұрпақ, күзиретті тұлға тәрбиелеуге үлкен жағдай жасайды деп сенеміз.

Сонымен, қазақ тарихи тұлғалардың педагогикалық мұралары, тәлім-тәрбиелік көзқарастары мен өзіндік идеялары – тәуелсіз ел ұландарын ұлттық патриоттық рухта тәрбиелеудің басты құралы екендігін толығымен түйсініп, ұғынуға болады.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (VIII-XIX ғғ.) – Алматы: Қазақстан, 1965.
2. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1973.
3. Ысқақов Б. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1987.
4. Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995.
5. Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). Жинақ. – Алматы: Ғылым, 1995.
6. Солтанғазина М., Шәкиев Б., Лекерова Ф. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
7. Тарихи тұлғалар/Құрастырған Тоғысбаев Б. – Алматы: Алматыкітап, 2012.
8. Кусаинов Ш. Биографии исторических личностей Казахстана XIV-XIX веков. – Алматы: Литера, 2001.
9. Касымжанов А.Х. Портреты. – Алматы: Қазақ университеті, 1995.
10. Жолдасбекұлы М., Салғарұлы Қ., Сейдімбек А. Елтұтқа. – Астана: Күлтегін, 2009.
11. Қазақ халқының тарихи тұлғалары. 1-3 кітаптар / Құрастырғандар: Көпішев Ә., Мұзафарова Г. – Алматы: Өнер, 2011, 2013, 2014.
12. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1990.
13. Сәбден О. Тарихи ұлы тұлғалар. – Алматы, 2014.
14. Мұсатаев С. Қазақстанның саяси ойы. – Алматы: Print-s, 2009.
15. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита (XVIII-XX ғғ.). – Алматы: Жалын, 2004.
16. Төркүлов Н. Қазақтың жүз шешені. – Алматы: Жазушы, 1993.
17. Нұшайықов Ә. Аңыз бен ақиқат. – Алматы: Жазушы, 2013.
18. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: Қазығұрт, 2013.
19. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: Қазақпарат, 2009.
20. Жаманқұлова П. Даналар туралы әңгімелер. – Алматы: РБК. 2000.
21. Бөлеев Қ., Саурықова Ж. Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары. – Тараз: ТИГУ, 2015.
22. «Аңыз адам» журналы (2010-2016 жж.)

МРНТИ 02.15.51

АДАМ ТӘРБИЕСІНІҢ ЖАҢА ІЛІМІ

Совет-Хан Ғаббасов

Жазушы, фантаст, драматург, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Медицина және Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Халықаралық М.Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик

Мақалада Халық педагогикасы мен психологиясында да үндестік тапқан ата-бабаларымыздың қалдырған рухани мұраларының негізіндегі адам тәрбиесі және жан тәрбиесі зерттеліп-зерделенеді. Адамның жаны мен тәнінің аса күрделі даму кезеңіндегі тәрбие тәсілдері сараланады. Тәрбиенің басы ұрық тазалығы мен ана құрсағынан бастау алатындығы мақаланың өзектілігін аша түседі. Сондай-ақ, жан мен интеллектінің біртұтас жүйе ретінде дамуы сипатталады. Адам жанының күрделі құбылыстарының сырларын ашуға талпыныс жасалады.

**Түйін сөздер:** адам тәрбиесі, жан тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық тәрбие, ұрық тазалығы, интеллект, түйсік, зерде, ұждан.

Статья посвящена изучению воспитания человека и воспитания души на основе духовного наследия наших предков, находящихся в гармонии с народной педагогикой и психологией. Проанализируются методы воспитания в самом сложном этапе развития души и тела человека. Воспитание, которое берет свое начало с целомудрия, с чистоты генов и в утробе матери раскрывает актуальность данной статьи. Характеризуется развитие души и интеллекта как единая система. Была сделана попытка открыть тонкости сложных явлений человеческой души.

**Ключевые слова:** воспитание человека, воспитание души, воспитание будущего поколения, национальное воспитание, целомудрие, чистота генов, интеллект, интуиция, память, совесть.

The article is devoted to the study of human upbringing and soul education on the basis of the spiritual heritage of our ancestors, in harmony with popular pedagogy and psychology. Analyzing the methods of education in the most difficult stage of development of the soul and body of man. Education, which begins with chastity, with the purity of genes and in the womb reveals the relevance of this article. Characterized by the development of the soul and intellect as a single system. An attempt was made to discover the subtleties of complex phenomena of the human soul.

**Keywords:** human education, upbringing of the soul, education of the future generation, national education, chastity, purity of genes, intellect, intuition, memory, conscience.

Адам – әлемнен де күрделі. Адамның мәні – жанында... Жан тәрбиесінің негізі құрсақтан басталады. Ана құрсағындағы тоғыз ай адам ғұмырының ең ұзақ та және ең күрделі кезеңі болып табылады. Оның ұзақтығын түсіну үшін, ұрықтың жетіліп, даму мерзімін де, жер бетіндегі тіршіліктің барлық сатыларын басып өтетіндіктен, мөлшермен 500 миллион жылмен пара-пар екен. Бұл айтылған ойдың маңызы мен мәніне жету үшін, әуелі тіршілік

құпияларына тереңдеп үңілмей болмайды. Өйткені, адам ғұмырының физиологиялық осы кезеңі, күллі тіршілік атаулының тылсымға толы түйіні, тіпті ақыл түгіл, көңіл көзі жетіп болмаған жұмбақ сыры сақталған көмбесі тәрізді.

Егер де, ғылыми дәлелдерге сүйенсек, ана құрсағында өсіп жатқан жан иесі өзіне берілген тоғыз айдың ішінде, табиғат шебердің құдіретімен «он сегіз мың ғаламның»

сипаттарын түгелдей қайталап шығатындығы белгілі болып отыр. Былайша айтқанда, бір клеткалық тіршіліктен бастап адамға дейін жетілген, биологиялық түрлерді түгелдей басып өтеді екен. Әрине бұл, күллі табиғат жаратылыстары ішіндегі күрмеуі қиын, аса күрделі құбылыс екені даусыз! Мұндай сипат тек табиғат шебердің құдіретімен ғана жасалмақ. Ендеше, осынау тіршіліктің сапалық дәрежеде жетілетін жұмбақ кезеңін адам тәрбиесіне кірістіре алмай келгенімізді ойласақ, бүкіл адамзаттың рухани дамуындағы аса ауыр кемшіліктер де, осы кезеңнің еленбей қалған ерсіліктері екені анықталып отыр.

Себебі, бұл мәселе өткен-кеткен педагогикалық және психологиялық ілімдерде ешқашан ғылыми жүйеленіп көрген емес. Адам тәрбиесі тәрізді өте күрделі құбылыстың бастауы болып саналатын Ұрық тазалығы мен Ана құрсағындағы жетілудің сырына терең үңілмей, ұрпақ тәрбиесінің іргелі мәселелерін дұрыс шешу мүмкін емес. Әсіресе, бүгінгі молекулалық биология мен генетика ғылымдарының қол жеткен табыстары осы ойымызды тапжылтпай дәлелдеп отыр.

Адам жаратылысындағы тек түйістік ақыл мен ішкі бес сезімді былай қойғанда, онда тума қабілеттері мен мінез-құлқы, психикалық жігері мен тектілік қасиеттерінің іштен туатындығы, ғылыми әбден дәлелденген құбылыстар екенін ескерген жөн. Жалпы бұл мәселені тікелей адам тәрбиесі қақында болмаса да, адамзаттың небір алып ойшылдарымен философиялық пәлсапа түрінде көп талқыланды. Әсіресе, адам бойындағы Жан мен Тәннің өзара үндестіктерімен қоса, жүрек күші және ақыл күші тәрізді қадау-қадау құбылыстарды үнемі ой елегінен өткізіп отырған. Мәселен, адамзаттың Екінші ұстазы атанған данышпан бабамыз Әбунасыр әл-Фараби өзінің «Екі философтың – қасиетті Платон мен Аристотельдің көзқарастарының ортақтығы» деп аталынатын еңбегінде екі алыптың қайшылықтарын үндестіріп төрелік айтады: «Жан және интеллект жайында «Тимей» атты

кітабында Платон жанның да, интеллектінің де, тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар. Бұл екі дүние бірі мен бірі қабаттас, біреуі – Жоғары, біреуі – Төмен дейтін мағынаға ұқсас» деген ойлар айтады. Біз оның айтқандарын терең талдап ұғынуымыз керек. Интеллекті дүниесін де, Жан дүниесін де ол тек әрекет сферасында ғана айтқан. Бірақ, бұлардың әрқайсысының өз орындары бар. Ол жоғары және төмен дегенді жазықтық пен кеңістік ретінде емес, тек, ізгілік пен қадірлік мағынасында түсінеді. «Парасат дүниесі», «надандық дүниесі», «білім дүниесі», «о дүние» деген сөздерді біз қандай мағынада айтатын болсақ, ол мұны сол мағынада түсіну керек деп есептейді.

Сондай-ақ ол жанның жаратылысқа эманациясы туралы және интеллектінің жанға эманациясы туралы да айтады. Платон философтың мұндай нәзік ұғымдарын, оның жолын ұстаушылардың позициясынан басқа деп түсінуге болмайды.

Өзінің «Жан туралы» кітабында Аристотель философ интеллектіні жанның ең асыл актуальды бөлшегі деп түсіндірген. Осы интеллектінің жәрдемімен жұрт Жаратушыны таниды және Метафизиканы біледі. Олай болса, интеллекті – өзінің орны мен жағдайы жағынан емес, керісінше, әсемдігі мен шынайы тазалығы жағынан Жаратушыға ең жақын тұрған дүние ретінде бағаланады. Мұнан кейін жақын тұлға – Жан екені айтылады. Жан өзінің табиғи сезімдері арқылы Интеллекті мен Жаратушыға дәнекер тәрізді. Сөйтіп, Жан бір жағынан Интеллектімен бірігеді, интеллекті тарапынан Жаратушымен бірігеді. Ал Жан екінші жағынан Жаратылыспен бірігеді. Тұрған орны бойынша емес, болмысы бойынша Жаратылыс Жаннан кейін тұрады. Айтып жеткізілуі қиын аса күрделі Платонның ой қорытындыларын дұрыс түсініп осылайша ұғыну қажет болады. Егер де осылай түсінетін болсақ, онда Платон мен Аристотельдің арасында ешқандай қайшылық та, алауыздық та жоқ» - деп уақытынан озған, телегей теңіз ғұламалығын танытады. Жалпы шығыс

әлемінде Платон мен Аристотель, көбіне Фарабидің түсіндірмесінен кейін ғана, терең ұғына алған ойшылдар көп. Солардың ішінде мәселенің бұл жағын ашық жазып қалдырған, ұлы ойшыл-ғұлама Әбу Әли ибн Сина екенін жақсы білеміз. Бұл деректі ол өз қолымен жазған өмірбаянының ішінде айтады.

Тікелей Жан тәрбиесіне байланысты Халық педагогикасы мен психологиясының 2-ші негізі, немесе адам дамуының физиологиялық екінші кезеңі, бүгінгі таңға дейін ұрпақ тәрбиесінен тыс қалып отыр. Тіпті, жан тәрбиесі дегенді түсіне де алмай отыр. Ол жайындағы методологиялық ізденістің жоқтығы, адам тәрбиесінің қаншалықты ойсырап жатқандығын аңғартса керек. Сондықтан да, жоғарыда аз-кем айтылған Жанның он екі мүшесі, яғни 12 арнасының жабылуға жақын жағдайы жыл өткен сайын адамдар азып барады деген тұжырымды жиі айтқызып жүр. Оны айтып қана қоюмен еш мағына шықпайды. Өйткені, бұл мәселенің өзіне тән тәрбие әдістерін жүргізбесе, жан дүниенің арналары сол жабылған бойы көресізді көрсете бермек. Ендеше, тоғыз торқаның ішінде өсіп келе жатқан Жан иесі тек биология мен физиология заңдылықтарына бағынып қана дамитынын ескерсек, ананың түйсігі мен ішкі бес сезімдері арқылы тәрбиеленетін Жанның мүшелеріне тиісті деңгейде көңіл аударатын мезгіл жетті.

Шынын айтсақ, соңғы жылдардағы ұрпағымыздың маңдайына тиіп жүрген күйелі көсеу де осы екенін несіне жасырамыз. Оның жауапкершілігі тікелей ата-ананың мойнында екенін де ашып айтқан жөн. Олай болса, келер ұрпақтың бақыты мен саулығы тікелей алдыңғы буынның ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тәрбиені түсінуіне байланысты. Қалай десек те, бұл мәселені ары қарай назардан тыс қалдыра беру бүкіл адамзат қауымын апатқа ұшыратуы да мүмкін.

Заманының түзу кезінде дәстүрі бұзылмаған қазақ елінің «Алып анадан туады» дейтін өсиетінің үлгісі мен халық педагогикасы мен психологиясының 2-ші негізі, немесе Ана құрсағындағы физиологиялық кезеңінің

үндесіп жатқанын байқау қиын емес сияқты. Өзінің ұрпақ тәрбиесінде бұл өсиетті инстинкті түрде пайдаланғанын көптеген тәлімдік ұғымдардан аңғаруға болады. Халқымыздың ата дәстүрі болып саналатын «Жеті атаға дейін қыз алыспау» салты да біраз нәрседен хабардар етеді. Бірақ, бодандықтың бұғауымен маталған соңғы үш ғасыр, бұрынғы ата-баба даналықтарынан қол үздіріп кете жаздады. Тіпті, қазір «Алып анадан туадының» мағынасы түгіл, бұл сөздің мәніне де көңіл аударып жүргендер аз. Сондықтан да, ол алма-кезек ауысып жатқан ұрпақ тәрбиесіне әсер етуден қалғалы қашан? Сонда, бұл тәріздес асыл сөздердің қадірі өз қалпына келмесе, Дулат-жырау айтатын «өнер алды – қызыл тілдің» жағдайы қалай болмақ? Мұндай қуаты мол тұжырымдар сұлу сөйленетін, сөз тәрізді қызмет етсе, сөз өнері арқылы жетілетін жас ұрпақтың зейіні мен зердесі нендей күйге түспек?

Енді осынау «Алып анадан туады» дейтін өсиет сөздің мәні неде екен? Ұрпақ тәрбиесіндегі орны қайсы? Ол нені меңзеп тұр? Қысқаша осы сауалдардың жауабын іздеп көрелік. Ол үшін тіршілік құпияларына үңілмей болмайды. Адам тәрбиесінің ана құрсағындағы кезеңі аса күрделі де, тылсым сырларының мол екендігі жайында жоғарыда азды-көпті айтылған еді. Оның тоғыз айдың ішінде «он сегіз мың ғаламның» жүріп өткен жолы мен даму сатыларын қайталайтындығы ғылымда да дәлелденіп зерттелген мәселе.

В.А.Мезенцевтің «Ғажайып энциклопедиясында» (185-бет) қайталап еске түсірсек, «Адам ұрығы өзінің жетілу сәтінің 18-20-шы күндері, ол балыққа ұқсайтындығы соншама, тіпті желбезек саңылаулары мен аяқ-қолдарының орнында жүзу қанатшалары да болады. Содан сәл уақыттан соң, ол қосмекенді бақаның түріне еніп, біраздан кейін бауырымен жорғалайтын кесірткеге ұқсайды. Шамамен бір жарым айда ананың құрсағындағы жан иесі түп-тура маймылдан айнамайды. Тек ақырғы айларда ғана адам бейнесіне енеді. Сөйтіп ол жер бетіндегі эволюциялық даму сатыларын түгелдей

басып өтеді», - деп егжей-тегжей жазады.

Ата-бабамыз осы жағдайларды жоғарыда келтірілген өсиет сөздерімен ұрпағына тек тән құрылысының жетілуін ғана емес, «алып» деген сөзінің астарында тәннен де күрделі, жан дүниесінің де ана құрсағында қалыптасатынын меңзеп отыр. Оны қалыптастыратын да және тәрбиелеп жетілдіретін де, тек ананың парасаты екенін айтып тұр. Бұл жайында да электроника ілімімен салыстыра отырып, адам жанының 12-мүшесі, яки арналары: түйсік, ұят, сүю, зерде, мінез, жігер, қабылет, ішкі бес сезімдері бар жан дүниесі де, тәннің мүшелері: жүрек, ми, бауыр, өкпе, бүйрек, тағы басқалары тәрізді, тек ана құрсағында ғана жетіліп тәрбиеленетініне жете мән берілмей келді.

Бүгінгі ғылым құдіреттерімен дәлелденіп отырған күрделі құбылыстардың сырлары, қазақтың Халық педагогикасы мен психологиясында да үндестік табатындығына тұшынған сайын, ата-бабаларымыздың қалдырған рухани мұраларына шынайы ризашылық сезімдер билейді. Ол көкірек көзімен аңғара білген: «Он сегіз мың ғаламды бір тарының қауызына сыйдырған» дейтін өсиет сөзінде, тіпті тереңнен маржан теріп отырғанын жоғарыда келтірген ғылыми дәлелден барынша анық байқалып тұрғанын көрмеу мүмкін емес. Шынында да осыншама құдіреті мол күрделі құбылыстарды жетілдіретін адам ұрығы – тарының қауызынан да кіші болмаса, тіпті де үлкен емесіне таңданбасқа болар ма? Осыншама күрделі құбылыстарды сөз өнеріне сыйдыра білген жұрт, «Алып анадан туады» дейтін өсиет сөзін де ұрпағына қалдыруға құқылы еді.

Сөйтіп, Халық педагогикасы мен психологиясының 2-ші негізгі кезеңінде адамның тән құрылыстары дамудың қандай күрделі жолдарынан өтсе, жан дүниесі де қарапайым түйсіктен санаға дейін жетілетінімен, бұл кезеңнің адам тәрбиесіндегі орнының өлшеусіз екенін айқындап тұр.

Олай болса, адамның жаны мен тәнінің аса күрделі даму кезеңінде тәрбие тәсілдерінің қажеті жоқ деп кім айта алар екен? Тіпті, керек

десеңіз жүрек тәрбиесінің жүйесіне енетін, жанның тума қасиеттерін ұштап тәрбиелеуші тек Ана ғана екенін түсінсек екен. Егер, мен ұсынып отырған адам тәрбиесінің 1-ші және 2-ші кезеңдерін салалай жіктеп ашып айтсақ: Ұрық тазалығы – еркектің аталық парызы болған да, ана құрсағындағы тәрбие – әйелдің аналық парасаты екенін тіршіліктің бұлжымайтын заңындай етіп өмірге енгізу қажет.

Сондықтан да, ананы да, атаны да, өзінің мінезат етер қағбасына бетін түзеп, бұл кезеңдегі тәрбие тәсілдерінің қыры мен сырына саналы түрде үйретудің міндеті мен қажеттілігі, ұлттық идеологиямыздың негізгі арқауы болуға тиіс.

Ана атаулы жүкті кездерінде, жаратылыстың өзі бейімдеген қасиеттеріне ауысатындықтан, оның сыртқы бес сезімдері ғана емес, сондай-ақ ішкі бес сезімдері де, аса сезімтал қозғалмалы көңіл-күйде болатындықтары белгілі. Ана атаулы, міне осы күйлерін сәтті пайдаланып, құрсағындағы жан иесіне жеткізу тәсілдерін білмейтіндіктен, осы кезеңнің өзіне ғана тән тәрбиелері тас қараңғы қалпында қалып отыр. Соның салдарынан қазіргі дүниеге келіп жатқан нәрестелер түгелге жуық жүрек тәрбиелері оянбай, былайша айтқанда, жан дүниелерінің арналары ашылмаған күйлері өмірге келіп жатыр. Сондықтан да, олардың зердесі таяз, жігерлері құм, мінездері дөкір, ұяттан безген, ешкімді де сүймейтін, қабілеті әлсіз, түйсігі жоқ, көкірек көздері оянбаған, денсаулықтарының да ақаулары мол адамдар тобырын көбейтіп отыр. Осының барлығы да бұған дейін ескерілмей келген адам тәрбиесіндегі аса ауыр қателіктер болып есептелінеді.

Бұл мәселені Ел болып мемлекеттік деңгейде түзетуге кіріскен жағдайда, біз ұсынып отырған Халық педагогикасы мен психологиясының 1-ші және 2-ші негіздеріндегі тәрбие тәсілдерінің әсері көп тостырмай-ақ жетістіктері бірден көрінетіндігінің айғағы, жоғарыда айтылатын аз-кем тәжірибелердің нәтижелері, аса

үлкен үміттерге жетелейді. Мұндай арман орындалған кезде, кешегі Ұлы Абай көксеген «Нұрлы ақыл мен толық адам» мәселесі ойдағыдай шешілер еді. Әуелден-ақ, анасынан жүректері оянып, жан-дүниелері ашылып туған жандар, адамшылық пен арды да, тіпті болашақ ұрпақ қамына да ерекше сергектікпен қарайтыны анық.

Жүрек культі ілімінің негізін салушы әл-Фараби Түркі халықтарының тағылымдарынан алып, адам тәрбиесі жайында үш түрлі ғылымның жүйелерін жасап, Біріншісі – түйсік, сыртқы және ішкі бес сезімді – Хауас ілімі, Екіншісін – үш сүюді – Имани гүл, Үшіншісі – ақыл, әділет, рахымды – Жәуан-мәртлік деп атандырғаны белгілі. Бірақ бұл ілімдер өз топырағына түспеген дән тәрізді араб елдерінде өркендей дамып кете алған жоқ. Әйтсе де, Түркі халықтарынан шыққан ғұламалар: Дауани, Баласағұн, Қарабағи, Науаи, Абай бұл жайында аса құнды еңбектер қалдырды. Мәселен, Ж.Баласағұн осы үш ілімнің негіздерінде бүкіл дүниежүзін тамсандырған, атақты «Құтты білігін»

поэзия тілінде өмірге әкелді. А.Науаидың Бес хамсасы да, осы идеяларды дамыта жырлайды. Ал жоғарыда айтылған үш ілімді ары қарай жетілдіріп, ерекше биіктікке көтерген Ұлы Абайдың «Толық адам, нұрлы ақылының» орны жеке дара бөлек. Бұл мәселе әлі зерттеушісін күтіп тұр. Абайдай данышпанның «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деуінің мәні де, өз еңбектерінің осы үш іліммен сабақтасып жатқанын меңзесе керек. Егер адам тәрбиесінің 2-ші негізі жайында Абайға жүгінсек:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Үннің тәтті оралған мәні оятар,

Жүрек тербеп оятар баста миды, - деп тұжырымдауында телегей теңіз ғұламалық жатыр емес пе? Ұлы Абайдың бұл еңбектерін барынша ашып бағдарлап берген кемеңгер жазушымыз М.О.Әуезов хал-қадірлерінше жалғастырған еді. Абайдың педагогикалық еңбектеріндегі құнары мол қасиеттерді игеру мәселесі, тіпті әлі жүйелі түрде басталмағандығы өкініш ұялатады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әлемдік педагогикалық ой-сана. – А: 2011. 10-том.
2. Әдеби жәдігерлер. – А: 2011. 15-том.
3. С.Ғаббасов. Изгілік әліппесі. – А:1991. I-ші және II-ші кітап.
4. С.Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері. – А: 1995.
5. С.Ғаббасов. Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері. – А: 2005.
6. С.Ғаббасов. Педагогика мен психология негіздері (оқулық). – А: 2008.
7. С.Ғаббасов. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. – А: 2012. 1-2 кітап.
8. Психология (Адамзат ақыл-ойының қазынасы). А: 2006. 10-том.



МРНТИ 13.11.45

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫН МЕКЕНДЕГЕН ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ  
ЖАҢА ТУЫЛҒАН БАЛАҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Нұршат Жұмабай

Қытай Халық Республикасы

«Шынжаң қырғыз әдебиеті» журналының редакторы

Мақалада Қытай Халық Республикасының Шынжаң өлкесі Іле Қазақ автономиялы облысын мекендеген Қырғыз халқының өзіне тән дәстүрі мен тұрмыс-салтына байланысты жаңа туылған нәрестеге қатысты дәстүр, ырым-тиымдар мен әдет-ғұрыптар егжей-тегжейлі зерделенеді. Нәресте туылғанға дейінгі жүкті әйелге деген сый-құрметтің мәні ашыла түседі. Балаға азан шақырып, ат қоюдың жөн-жосығы баяндалады. Сәбиге қатысты салт-дәстүрді саралай келе, қырғыз және қазақ халқының арасындағы дәстүр сабақтастығының өте әріден тамырлас, мәнделс екендігі ашылады. Тарихи түбі бір халықтардың достығы өткенде, бүгінде және болашақта да жалғасын тауып келе жатқандығы анықталады.

**Түйін сөздер:** қырғыз халқы, қырғыз мәдениеті, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ат қою, ырым-тиым, бесікке бөлеу, дәстүр сабақтастығы.

В статье детально рассматриваются различные традиции и обычаи, обряды и ритуалы, приметы и верования связанные с рождением ребенка и его воспитанием кыргызского народа, населяющих Иле Казахскую автономную область Синьцзянской провинции Китайской Народной Республики. Раскрывается значение уважения к беременной женщине до рождения ребенка. Описываются традиции и правила наречения ребенка. Анализируется преемственность детской традиции между кыргызским и казахским народом и определяется что родственные связи уходят довольно глубоко корнями. Определяется историческая дружба народов в прошлом, настоящем и продолжение в будущем.

**Ключевые слова:** кыргызский народ, кыргызская культура, традиции, обычаи, наречение ребенка, обряды, приметы, колыбель, преемственность традиции.

In the article, various traditions and customs, rites and rituals, signs and beliefs related to the birth of a child and his upbringing of the Kyrgyz people inhabiting the Ile of the Kazakh Autonomous Region of the Xinjiang Province of China are examined in detail. The meaning of respect for a pregnant woman before the birth of a child is revealed. The traditions and rules of the child's naming are described. The continuity of the children's tradition between the Kyrgyz and Kazakh people is analyzed and it is determined that the kinship ties leave quite deeply roots. The historical friendship of peoples in the past, the present and the continuation in the future are determined.

**Keywords:** Kyrgyz people, Kyrgyz culture, traditions, customs, child's naming, ceremonies, signs, cradle, continuity of tradition.

Қырғыз халқы ұзақ тарихқа, бай мәдениетке ие ежелгі ұлттардың бірі. Олар Қырғызстаннан басқа, әлемнің өзге елдерінде де қоныстанған. Соның бірі – Қытай Халық Республикасының Шынжаң өлкесі, Іле қазақ автономиялы облысы. Қырғыз халқы өзінің қалыптасып, даму барысында өзіне тән дәстүрі мен тұрмыс-салтын қалыптастырды. Соның

бірі – жаңа туылған нәрестеге қатысты салт. Өмірге келген сәбиді адам өмірінің жалғасы, ұрпақ сабақтастығы деп бағалайтын халық балаға аса бір үкілі үмітпен қарайды. Осы үмітпен арман аясында балаға арналған әртүрлі ырымдар мен салт-дәстүрлердің пайда болуы заңды құбылыс.

Осындай игі ниеттен туындаған салт-

жоралғылар баланың кіндігін кесуден басталады. Кіндік кескенде жолды тәжірибелі, бала-шағасы аман-есен қатарға қосылған, мінез-құлқы жақсы әйелге береді. Ұрпағы өрбіп, үрім-бұтағы өскен мұндай әйелді ел-жұрт «қолын ит қаппаған әйел» деп атайды. Бала өз кіндігін кескен әйелді «кіндік шеше», ол әйелдің күйеуін «кіндік әке» деп атайды. Бала туыла салып туыт шешесі баланың қыз не ұл екендігін жариялайды. Әдетте баланың ұл не қыз екендігін тіке айтпай, ұл баланы – «қойшы» немесе «бөрі», қыз баланы – «қырық жылқы» немесе «түлкі» деп айтады. Бұлай айту ұл немесе қыз баланың өз табиғаты мен мінез-құлқына байланысты болса керек.

Қырғыздар қуанышты хабарды жеткізгенде, алдымен сөзді «сүйінші» (қырғызша «сүйінчү») деп бастайды. Қуанышты хабарды естігендер «болсын» деп жауап қайтарады. Міне, осындай сүйіншілердің бірі баланың туылуы болып, бұл хабар баланың ең жақын кісілеріне айтылады. Олар өз жағдайына қарай, басы ат, түйеден тартып, аяғы бір шаршы кездемеге дейін беріп, сүйіншілеп келген кісіні құр қол қайтармайды.

Әйел жүкті болғаннан бастап құрсақтағы баласына арнап сары май сақтайды. Бала туылғаннан кейін, сақтаған осы сары майды ашып алдымен баланы ауыздандырады, онан соң ауылдағы әжелер мен аналарға осы сары маймен баптап шай береді. Мұны «жентек» деп атайды. Бұдан басқа және бала туылғаннан бастап осы үйдің жақын туған-туысқандары, дос-жарандары, құда-жекжаттары, тіпті көрші-қоландары шама-шарқына қарай балаға арнап түрлі зат немесе ақша береді, мал атайды. Мұны «бала жентектеу» деп айтады.

Жоғарыдағы жоралғылар біткен соң, баланың атасы немесе сол ауылдың силы ақсақалы сыртқа шығып азан шақырып балаға ат қояды. Сыртта азан шақырған соң, үйге кіріп баланың екі құлағына кезек-кезек тәкпір айтылып, «сенің атың паленбай болды» деп үш қайтара айтады және баланы ары-бері домалатып қояды. Мұнда адам баласы туылған соң қашанда болмасын бір дүниеден өту бар деп қаралып, туылған кезде азан, тәкпір айтылады

да, қаза болғанда жаназа намазында азан, тәкпір айтылмайды.

Қырғыз салтында балаға ат қойғанда төмендегі бір неше түрлі жағдай ескеріледі:

Бастысы, ұлттық және діни наным-сенімге байланысты арабша, парсыша аттар қойылады. Мысалы: Әкпар, Мұхамет, Ғиса, Ыбырай, Бүбү, Қадиша, Зураш т.б.

Екіншіден, бала туылған күн, мезгіл, дәуірге қарай және бала туылған уақытта болып жатқан оқиға, өзгерістерге байланысты ат қойылады. Мысалы: Жекшенбай, Бейшебек, Дүйшеқан, Азат, Жеңіс, Жамғыршы, Боранбай т.б.

Үшіншіден, арман-тілектерге қатысты, туылған баланың ұзақ өмір сүруін тілеп: Ырысқұл, Құдайберді, Тәлейбек, Бақтыгүл, Есенәлі, Өмірұзақ сияқты аттар қойылады.

Одан соң, түрлі құбылыс және заттардың аты қойылады. Мысалы: Шолпан, Жұлдыз, Айжамал, Алтынай т.б.

Тағы бір ат қою ырымы баласы тоқтамаған кісілер Тоқтарбай, Тоқтақұн, Тұрдықан, Тұрсұнбүбү аттарынан басқа ырымдап Дұбана, Қарағұл сияқты аттар қойылады.

Соңғысы, әке-шешесіне, туғандарына немесе баланың алдындағы балаларының атына ұйқастырып қойылады. Мысалы: Айдархан, Абзалхан, Асан, Үсөн т.б.

Ат қоюдан тыс, баласы тоқтамаған кісілер қыз болса еркекше, ұл болса қызша киіндіріп қоятын ырым да бар. Сүйінші сұралған жерде көрімдіктің де берілетіні белгілі. Жалпы қырғыз елінде көрімдік екі түрлі жағдайда беріледі. Бірі, жаңа туылған баланың кіндік шешесі, жеңгесі және басқа әйелдер баланың жақындарынан алады. Енді бірі, құда түскен қызға қарата қыздың шешесі, жеңгесі сияқты адамдар құдағи-құдашалардан көрімдік алады.

Бала туылып бірнеше ай болған аралықта осы үйге есендесе келген ағайын-туыс, таныс-біліс баланың әке-шешесіне кездескенде «бесік бауың бек болсын!» деп тілек білдірсе, ата-анасы «болсын!» немесе «айтқаның келсін!» деп жауап қайтарады.

Баланың кіндігі түскен соң, ата-анасы ауылдағы көрші-қолаң әйелдерді ғана шақырып, ақсарбас атап сойып, баланы бесікке бөлейді.

Баланы бесікке саларда кіндік шешесі немесе жоғарыда айтып өткеніміздей «қолын ит қаппаған» бір әйел басқарады. Бесік дайындалып болған соң, бесікке қойдың оң-сол асығынан бірден, бұдан басқа балта, қысқаш, пышақ сияқты темір саймандар салынып тербетіледі. Бұлардың мәнісі, әйелді талдағаны осы әйелдей ізі-жолы жарассын дегені. Екі асық болса қойдай момын, жуас болсын, оң-солға сөзі өтімді болсын деген мәнді білдіреді. Ал темір саймандар болса темірдей өткір, құрыш болсын, жаны темірдей шымыр, мықты болсын дегенді білдіреді. Баланы бесікке бөлген соң көне заманнан бері келе жатқан бесік жыры айтылады. Оның жалпы сарыны былайша өрбіп кете береді:

Әлди, әлди ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем,  
Құнан қойды сой бөпем,  
Құйрығына той бөпем,  
Әлди, әлди, әлди,  
Әлди, әлди, әлди...

Бала туылып 40 күн толғанда «Қырқынан шығару» деп аталатын салт өткізіледі. Атап айтқанда, қырқыншы күні 40 қасық су, 40 қасық тұз (бұл суға ерітілген тұз болады) әзірленіп, әйелдердің ішіндегі жасы үлкендері баланы шомылдырады. Бұл күні арнаулы мал сойып жасы келген әйелдерді күтеді.

Бұл жерде ескертетін бір іс, бұрын Қырғыздар баланы шомылдырғанда болсын, немесе ересек кісілер суға түскенде болсын, шәугімнің түбіне азырақ су қалдырып қоятын болған. Бұл ырым үнемі осылай тазаланып тұруға мүмкіндік болсын және ұзақ өмір сүрейік дегенді білдіреді. Ал қайтыс болған адамның арулау суын алғанда су асырылмастан барлығы толық сарқылып бітеді. Бұл өлім-жітім осымен бітсін, өлім-жітім болмасын дегенді білдіреді.

Бала аяғын апыл-тапыл басқан кезінде әйелдер ауылдағы бір топ баланы жинап, оң есілген ақ жіппен сол есілген қара жіпті біріктіріп ширатып баланың аяғын тұсап, қолына бір бәкі немесе пышақ ұстатып тұрып, балаларды белгілі аралықтан жарыстырады, озып келген бала бөбектің қолындағы бәкі немесе пышақты

алып тұсалған жіпті кесіп жібереді, бұл «Тұсау кесу» деп аталады. Озып келген бала әлгі бәкі немесе пышақты бәйгесіне алады, әйелдер жүгірген балалардың бәрін разы қылады. Тұсау кесіле сала бөбектің шешесі мен тұсау кескен бала бөбекті «тәй-тәй, тәй күлік» деп жетелейді. Тұсау кесудің мәнісі – баланың басына кедергі болып тұрған тосқауылды алып тастадық, енді баламыз тай-құнандай ойнап басып кетсін дегенді білдіреді. Ал ақ жіп, қара жіп және пышақ болса, ақ-қараны айыра білген құрыш болсын дегенді білдіреді.

Ұл бала үш жасқа келгенде сүндеттеу салты өтеді. Бұл рәсім «Сүндет той» деп аталады. Той баланың тақ жасында ғана өткізіледі, негізінен 3-5 жасында, кейбір жағдайда 7 жасында да өткізеді. Баланың сүндет тойы үлкен өткізіліп, ел шақырылады. Ат шабыс (бәйге), жорға жарыс, көкпар, жамбы ату, теңге ілу сияқты түрлі ұлттық ойындар өткізіледі. Бұл тойдың басқа тойларға ұқсамайтын жері – той иесіне жиен болған кісілерге арнап, арнаулы табақ тартады, бұл табақ «жиен табақ» деп аталады.

Ұл 7-8 жасқа келгенде әкесі құнанға айырмаш (ашамай) ерттеп мінгізіп, қанжығасына бағалы кездемеден жасалған шапан байлап, ең жақын бір адамының үйіне ертіп барады. Барған үйдегі кісі бір малын сойып, жақсылап қонақ қылып, шапанды алып қалып, баланың атқа мінетін болыпты деп баланың айырмашын басқа атқа салып баланы мінгізіп, мініп келген құнанды қосып жолға салады. Бұл «Атқа мінгізу» салты. Ал қыз бала болса, жоғарыдағыға ұқсас 7-8 жасқа келгенде шешесі жақсы араласатын жақын көрген бір әйелге «Қызымның шашын бақа бұттап бер» дейді. Ал әйел қыздың шашын жақ шаш, арқа шаш қылып майдалап өріп, маржан, сырға, жүзік, білезік сияқты заттарды тағады. Қыздың шешесі де көйлек, шапан кигізіп разы қылады.

Жоғарыда Іле қазақ автономиялық облысындағы қырғыздардың туылған балаға байланысты ырымдары мен салт-дәстүрі жөнінде қысқаша таныстырылды, ұлттық салт-дәстүрлер заман ауқымына қарай өзгеріп отырады, сондықтан, ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыруда әрине ертеректегі нұсқасын

## ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

---

негіз еткен жөн деп есептейміз. Осы салт-дәстүрлерді саралап қарағанымызда қырғыз және қазақ халқының арасындағы дәстүр сабақтастығының өте әріден тамырлас, мәндес екендігін аңғару қиын емес. Тарихи түбі бір халықтардың достығы бүгінде, болашақта да жалғасын тауып, баянды дамуын тілейміз.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәмбетқазі Емінәлі. Торқалы той топырақты өлім. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 1997.
2. Іле қырғыздарының дәстүрлі мәдениеті. – Үрімжі: Шынжаң ғылым-техника баспасы, 2004.
3. Іле тарихи материалдары. Топтама жинақ (11-15) – Іле, 2011.
4. Гүлбара Орозова. Қырғыздардың ұлттық мәдениеті. – Бішкек: Биіктік баспасы, 2010.
5. Іле қырғыздары. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2004.



*«Бала маңайындағы нәрсе де, сөйлейтін сөздер де,  
адамдардың жүріс-тұрыстары да жинақы,  
ретті, таза, әдепті, сұлу болуға тиісті.  
Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен бала да сұлу болады.  
Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді»*

*Мағжан Жұмабаев.*

МРНТИ 17.71.07

ҚАЗІРГІ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДЕГІ ЗАМАНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.А. Сейсенбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

Қ. Амангелдиева

Абай атындағы ҚазҰПУ, 4-курс студенті

Мақалада шешендік өнердің бүгінгі қоғамдағы рөлі зерделенген. Қазіргі шешендіктің түрлерінің тақырыбы мен мазмұнына қарай бөлінуі мысалдар арқылы көрсетілген. Қазіргі замандағы шаршы топ алдындағы шешендік өнерге сипаттама беріледі. Білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері, яғни шешендік өнердің иелері – ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистердің замана мәселелерін қозғау саласындағы өткір тілді шешендіктерінің қазіргі қоғамды тәрбиелеудегі маңызы сараланады.

**Түйін сөздер:** шешендік өнер, шешен сөз, кара сөз, сөйлеу мәдениеті, қоғам, заман.

В современном обществе наблюдается возрастание интереса к ораторскому искусству. Как отмечают исследователи, это во многом связано с увеличением интереса к языку. Для современного красноречия характерен прагматичный подход к проблемам общенационального развития. В данной статье раскрывается роль ораторского мастерства в нашем современном обществе, так как в этих метких, точных и выразительных высказываниях проявляются процессы развития самосознания народа. Красноречие, основанное на богатом словарном составе, является национальной ценностью и достоянием казахского народа.

**Ключевые слова:** ораторское искусство, красноречие, риторика, культура речи, общество, современность.

In modern society, there is an increase in interest in oratory. As the researchers note, this is largely due to the increased interest in the language. Modern eloquence is characterized by a pragmatic approach to the problems of nationwide development. In this article, the role of oratorical skill in our modern society is revealed, since in these precise, precise and expressive statements the processes of developing the people's self-awareness are manifested. Eloquence, based on a rich vocabulary, is the national value and heritage of the Kazakh people.

**Keywords:** oratory, eloquence, rhetoric, speech culture, society, modernity.

Жалпы шешендік деген ұғымға келетін болсақ, шешендік – кісі көркі – ақылмен билеу өнері. Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу. Біліктілікпен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұрады. Сөз бен ойға негізделеді. Биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін,

жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кендігімен тамырлас. Демек, жас тұлғаға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі [1].

Бүгінгі қазақ елінде, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде ше-

шендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жастарды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі – өз алдына мән-мағынасы зор мәселе.

Қазіргі шешендіктің түрлері тақырыбы мен мазмұнына қарай бөлінеді. Шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері – ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тындаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік. Кейінгі қоғамда шешендік өнердің көрінетін орындары – жоғарыдағы тақырыптарға арналған жиналыс, конференция, съезд, семинар, диспуттар еді. Шешендік сөздің сипатына қарай яғни нені айту, қайда айту, қалай айту талаптарына орай, шешендік өнер тіл мәдениетін келтіретін шарттардың бастысына айналды.

Шешендік сөз енді өлең түрімен емес, таза қара сөзбен айтылатын болды. Соңғы жылдары, яғни еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғаннан бастап шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін, санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса алып келді. Демократиялық қоғам өмірдің барлық саласында сөйлеу еркіндігін камтамасыз етті, әр түрлі саяси көзқарастағы топтар қалыптасты, дін тақырыбында шешіліп сөйлеуге мүмкіндік туды. Еліміздің Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты сот істері қазақ тілінде жүргізіле бастады.

Республикадағы телеарналар мен радиохабарлар қазақ тілінде жүргізілуде, қазақ баспасөз басылымдарының тілі өткірлене түсті. Осының бәрі қазақ тілінде шешен сөйлеу талабын күшейте түсері сөзсіз. Қазіргі шешендік сөздер мазмұны мен айтылуы жағынан алуан түрлі.

Қазіргі таңда шешен, шешендік, шешендік сөз, шешендік өнер, шешендіктану, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті дегеніміз не, шешендікке қойылатын талаптар, қағидағар қандай,

қазақ шешен-билерінің шешендік сөздерінің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай, т.б. мәселелер турасында жан-жақты ойланып, шешендік өнер жайындағы еңбектерді електен өткізіп, шешендікке қатысты материалдарды екшей қарап, қазіргі қазақ әдебиетіндегі шешендік өнердің даму бағдарын зерделегеніміз жөн.

Шешендік – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал қазақтың халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Қазақ жұрты жаратылысынан шешен сөйлеуге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтеннен төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы нақыл, қанатты ойлары жөнінде өзіміз де өзгелер де таңдай қағып таңырқап, оның өзіндік стилі бар екенін зерттеушілердің бірі мойындады. Ал екіншілері, шешендік өнер үшін сөздің анықтығы мен айқындығы қандай қымбат болса, шешеннің сөйлеу стилі де айрықша маңыздылығына назар аударады [1]. Әр шешеннің тек өзіне ғана тән ойлау және сөйлеу ерекшелігі барында сөз жоқ. Ол ерекшелік те сөз болып отырған құбылыстың мазмұны мен мәнін неғұрлым терең, анық та айқын ашатын болса ғана ерекшелік, өйтпеген жағдайда, ол – әурешілік, бірі ауыз әдебиетінің өткен ғасырларда өмір сүрген би-шешендер сөзінде айтарлықтай стиль жоқ деп зерттеушілердің екінші тобы тұжырымдауда. Даулы мәселені түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен тындырып отырған, тындырғанда да хатсыз, қарасыз, ауызша жүзеге асып, шешімін тауып жатқан шешендік шешімдердің өзіндік стилі сол ғасырларда-ақ қалыптасып аса бай теңеулермен айшықталып, көркем тілмен көмкеріліп айтылды. Шоқан Уәлихановтың айтуынша, оларды халық өздері қалап отырған, би атап отырған, ешқандай арнайы сайлау үкімет тарапынан тағайындау болмаған. Ал би болып белгіленетін кісілер өзінің шешендігін әділ төрелік айта алатын қасиетін көпшілік алдында көрсете білген. Сол табан астында дүниеге келген шешендердің әдеби шығармашылығы түрі жөнінен де,

мазмұны жөнінен де ерекше. Сондықтан, ол жанрлық жағынан синкретикалы: прозаны, поэзияны ұштастырады. Прозаның өзін ұйқастар көмкеріп, кейде айшықты нақыл сөздерге айналып, кейде айшықтаулар мен образдардан, теңеулер мен метафоралардан, эпитеттерден, сөздің ауыс мағынасын шебер қолданудан өлең жолдары туындап, шешендік өнердің стилі қалыптасады.

Шешендік өнер – тыңдаушының ақылы мен сезіміне әсер ететін субъективті және объективті күрделі даналық тәлім, шығармашылық қалыптағы қатаң ғылыми түйін де. Кезінде атақты төңкерісшіл кеңес шешендерінің бірінен шешен сөйлеу мәдениеті жөнінде оқып үйренуге ден қойдыңыз ба деп сұрағанда: «Ия, сөйлей білу техникасы жөнінде көп оқыдым. Негізгі жұмыс-әрекетіме байланысты мінбелерден жиі сөйлеу қажеттігіне сәйкес, мен мұны өте жақсы жүзеге асыруға міндеттімін де. Ал ол үшін тынымсыз тер төге оқып-үйрену қажет-ақ» деген екен [2]. Бұл ретте қазақ ғұламалары А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов, Қ.Сәтбаев, Қ.Жұбановтардың шешендік тағылымы өз алдында телегей теңіз. Түйін нүктесі болар пікір – қазақ ғұламаларының шешендік қалыптары іркіліссіз ізденіс үстіндегі шәкірттерге таптырмас толымды тағылым.

Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігінің, шешендік өнердің мәні хақында белгілі мөлшерде жүйелі түсінік беруді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер

шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз [3].

Тапқырлыққа, шынайы шындыққа негізделген күлдіргі әзіл өлеңдерде философиялық, дидактикалық түйіндер де жиі кездесіп отырады. Ондай түйіндер даналық пен ойшылдықтан туындайтыны белгілі. Бір шумаққа осынша философиялық мол мазмұн беріп тұрған әзіл сөздің тапқырлығына, логикалық ой-түйінінің ұтымдылығына көңіл тояттайды. Мұндай айтыстардың әлеуметтік, тәрбиелік мәні де зор. Айтыс үстінде айтылған әзіл-сықақ пен сатира өсіп келе жатқан ұрпақты жаман қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа, шешендікке, ұтқырлыққа баулиды [4].

Шешендік өнер – көрген-білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнер туралы сөз еткенде, бүгінгі шешендікті ұстаздардың сөз сөйлеу саптауынан, орнымен сөз таба білу жағдайларынан көп байқап отырамыз. Соның мысалы ретінде, мына мысалды айтып өткім келеді:

Алғаш бірінші курсқа түскен жылы ЖОО-ның оқыту жүйесіне әлі де үйренісе алмай жүрген кездеріміз еді. Сол уақыттары сабағына бәріміз үлкен бір құлшыныспен қалмай қатысатын бір ағай бар еді. Ол – Тамаев Алпысбай Тамайұлы. Ағай студенттерді өзінің әңгімелерімен, шешендігімен, жылдар бойы жинақтаған білімімен, жастар жанын түсіне білуімен, қазіргі қоғамға деген көзқарасымен баурап алатын. Сабақ үстінде студенттер тосыннан қандай сұрақтар қойса да, Алпысбай ағай әр сұраққа ойландыратын, әзілімен қатар шындығы жарасқан жауаптар қайтаратын.

Сондай бір жаймашуақ көктемнің бір күні, әдеттегідей, жан-жақтан келіп жаңа өмірге бейімделе бастаған, өз көзқарастары қалыптасып келе жатқан студенттерге толы аудиторияда Тамаев Алпысбай ағайдың дәрісі өтіп жатты. Қатып қалған қағидамен жүрмей,

сабақ тақырыбын ғана қозғамайтын ағай, сол күні де қазіргі таңдағы қоғамдағы өзекті мәселелердің бірін қозғап әңгіме бастады. Қозғалған тақырып, қазақ қыздарының өзге ұлт өкілдерінің жетегіне еріп, етегінен ұстап шетел асып кете баруы, қазақ емес, қазаққа мүлде жат ұлттың ұрпағын өрбітуі болды. Расында да, қазір әркімге шекарамыз ашылғанымен қоймай, қыздарымыздың да шектен асып, шетел азаматына құшағының ашылуына жол берілген уақыт болып кетті. Қазақ қашан да қан тазалығын сақтап, ұлтын сүйген, өз ұлты үшін аянбай күрескен халық еді. Қазақтың қазақ болып қалуына ұлт аналарының да ерлікке толы өнегелі істері ықпал еткен. Жаугершілік заманда қазаққа шапқан жаулар әйел заты мен балаларын өлтірмей, елден бір-бір қап жүктерінді арқалап жерлерінді қалдырындар дегенде, ақылды аналарымыз иығына артқан жүктеріне жарларын арқалап қашқаны тарихтан мәлім. Солай да солай өз азаматын құрметтеп, қаным қазақ болсын деген, ұлтым құрымасын деген аналарымыздың аманаты ұмыт болып, қазіргі қыздарымыздың өзге ұлтқа жар болуы шынымен де ойлантарлық мәселе.

Міне, осы тақырыпта пікірталас басталып, студенттер өз ойларын білдіріп, ағайға сұрақтарын жаудыра бастады. Бір кезде бір студент

қыздың үні бәрінен ерекше шығып, былай деп сұрақ қойды:

Ағай, сонда өзге ұлтқа тұрмысқа шыққанда тұрған не бар, бастысы адам баласы емес пе?

Сонда ағай:

Жарығым-ау, өзің ойлашы, аспанда аққу мен қаздың немесе шымшық пен қарғаның жұп болып қатар ұшқанын көріп пе едің? Алла бәрін тең-теңімен, жұп қылып жаратты. Құс екеш құс та өз теңімен ұшқанда, сен енді өзің білесің орысқа күйеуге шығасың ба, жоқ тіпті негрге ме, - деді ағай күйініп.

Міне, ағайдың осы ұшқыр да ұтымды, әзіл-қалжыңы аралас жауабы менің есімде қатты сақталып қалыпты.

Қорыта айтқанда, сөз көркемдігін сөздің бейнелігі деп қарайтын болсақ, сөз өзінің жаратылысынан поэтикалық құндылық. Сөзбен бейнеленбейтін зат немесе ұғым жоқ. Әңгіме қалай айтылуында. Ал айту айтушысының қабілетіне байланысты. Шешендік сөздерде сөздің тура мағынасында да бейнелі, астарлы мағынасында да көркем орамды етіп шебер пайдалануы маңызды мәселе. Бейнелі сөз – бір нәрсені не бір ұғымды басқа бір затқа немесе ұғымға балаудан, салыстырудан айқындап, анықтаудан немесе қарама-қарсы қойып шендестіруден туады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Төрешұлов Н. Қазақтың 100 шешені. – Алматы, 1998. – 23 б.
2. Әлменұлы Б. Шешендік сөздер // Құрастырған, түсініктемесін жазған Ж.Дәдебаев. – Алматы, 1991. – 108 б.
3. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. // Құрастырғандар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. – Алматы, 1998. – 130б.
4. Шешендік сөздер. // Құрастырған Б.Адамбаев. – Алматы, 1999. – 122 б.



МРНТИ 17.01.17

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХ  
ТҮРҒЫСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІК

Ж.А. Сейсенбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

С. Жораева

Абай атындағы ҚазҰПУ, 4-курс студенті

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің қоғам дамуындағы рөлі мен ұлттық идеяны көркемдеудегі ерекшелігі сипатталады. Әдебиет – сөз өнері. Сөз өнерінің қоғамдағы жайттарға үн қосуы, ұлттық рух пен ұлттық болмысты дамытудағы тәрбиелік қыры сараланады. Қазақтың көрнекті, ұлтжанды акын-жазушылар шығармаларындағы ұлттық болмыс сипаты мен оның бейнелену шеберлігі тұлғаның интеллектісін қалыптастыруға тигізер әсеріне нақты мысалдар келтірілген.

**Түйін сөздер:** әдебиет, сөз өнері, ұлттық болмыс, ұлттық рух, ұлттық идея, көркемділік, рухани құндылықтар.

В статье описываются роль и задачи современной казахской литературы в развитии общества и ее особенность в формировании национальной идеи. Литература – искусство слова. Характеризуются влияние искусства слова на общество и воспитательный аспект литературы в развитии национального духа и национального бытия. Приводятся конкретные примеры влияния патриотических произведений выдающихся казахских поэтов и писателей на формирование интеллектуальных способностей личности.

**Ключевые слова:** литература, искусство слова, национальное бытие, национальный дух, национальная идея, художественность, духовные ценности.

The article describes the role and tasks of modern Kazakh literature in the development of society and its peculiarity in the formation of the national idea. Literature is the art of the word. Characterized by the influence of word art on society and the educational aspect of literature in the development of the national spirit and national life. Specific examples of the influence of patriotic works of outstanding Kazakh poets and writers on the formation of intellectual abilities of the individual are given.

**Keywords:** literature, word art, national being, national spirit, national idea, artistic quality, spiritual values.

Әдебиет – өнер түрлерінің ішіндегі ең асылы. Өйткені, айнала қоршаған ортаны, қоғамдағы сан алуан өзгерістерді, адамның сыртқы бейнесін, ішкі әлемін әдебиеттей әрі нақты, әрі терең ашатын өнер дүниесі жоқ. Кезінде, А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегінде өнер түрлерін саралай келіп: «Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады (қазақша - асыл сөз, арабша - әдебиет, европаша - литература). Өнердің ең алды – сөз өнері болып саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар» [1, 165], - деп, әдебиетті айрықша бағалаған екен.

Көркем шығарманың басты сипаты – адамгершілік қасиеттерге барып тіреледі. Адам

мінезін, жан-дүниесін рухани ұлылыққа дейін шыңдау – көркем әдебиеттің негізгі қызметі екені даусыз. Көркем әдебиет ең алдымен адамның ішкі ойының дөп басып, нақ қалпында нанымды суреттеліп, оқушы жүрегіне жол табуын ескереді. Шығарма бойында адам жанын тебіренерлік шынайы адамгершілік пен ар-ождан философиялық толғамдармен көмкеріліп жатса, ол жазушылар қауымы ізденісінің жемісі.

Қазақ әдебиеті қай кезеңде болмасын өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің бар асылын, үлгілі дәстүрін ала отыра дәуірге сай жана көркемдік мүмкіндіктерді ашты. Әсіресе, мұндағы жыраулар әдебиеті мен зар заман әдебиетінің, асқарлы Абай өнегесінің құнарлы

болғанын атап айтқан абзал. Әдебиеттің әр кезеңінің табалдырығын шығармашылық талаппен аттаған жас ақын-жазушылардың қай-қайсысы да осынау бір ұлт әдебиетінің қайнар көздерінен нәр алып барып түрлі ізденістерге бой ұрды. Дәстүрлі жалғастыру мен жаңашылдыққа ден қою ой-сана тұтастығына, идеялық-көркемдік бірлікке алып келді. Бәрін біріктірген ортақ ұлы мақсат – ұлттық сананы оятып, азаттыққа қол жеткізу болатын.

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген суреткерлер шығармаларында болжалды идея үнемі бірыңғай күйде көрініс таппай, сан-салалы көркемдік шешімдер арқылы бой көрсететіні ақиқат. Әрбір әдеби бағыттың, көркемдік әдістің өз шеңбер шегі, шектеулі мүмкіндіктері бар. Әрбір үлкен суреткердің айқындалған бағыты бар, ол сол өзі ұстанған бағыт жолында еңбек етеді. Бұл бағыттарды біріктіретін бір-ақ ұстаным бар, ол – ұлттық рух [2, 176].

Ұлттық рух жолындағы күрес белгілі бір дәуірде идеяға айналады. Барлық адамзаттың күш-жігері мен мүмкіндік-қабілеттері сол идея айналасында қызмет етеді. Осылардың ішінде әдебиет өкілдері идеяны жүзеге асыратын бірден-бір «күш иелері» болып табылады. Әдебиет те, әдебиет тарихы да, әдебиет өкілдері де қоғаммен тығыз байланыста өмір сүреді.

Қазақтың көрнекті, ұлтжанды ақын-жазушылар шығармаларындағы ұлттық болмыс сипаты мен оның бейнелену шеберлігі тұлғаның интеллектісін қалыптастыруға тигізер әсері орасан зор болып табылады.

Ұлттық болмыс – ұлттық қадір-қасиет. Ол – сатылмайтын байлық. Біз үшін сатылмайтын байлық – тіліміз, дініміз, ұлтымыз, Отанымыз. Бұл байлықтар біз үшін бәрінен де жоғары. Осы аталған нәрселер әр адамда бар, бірақ өкінішке орай, бәрі бағалай бермейтіні жүрегімізге батады. Ана тілінде сөйлейтіндерден гөрі, шүлдірлеп сөйлейтін қазақтар өте көп. Дінін сатып, басқа дінге көшкендер де жеткілікті.

XX ғасырдың қазақ ұлтына әкелген игіліктерімен қатар (жаппай сауаттылық, білім, ғылым, өнер, әдебиет, өндіріс, ауыл шаруашылығының дамуы, т.б.) әкелген қасіреті де аз болған жоқ. Әсіресе ұлттық ерекшеліктің елен-

беуі, өз рухани құндылықтарымыздан шеттеп қалуымыз ұлттық болмысымызды өзгертті.

М.Әуезов – қазақ халқының ғасырға жуық өмірінің рухани шежіресін жазған, ұлт келбетін бар шындық айшықтарымен көрсете алған ірі тұлға. Ол XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген нағыз кемел шығарманың авторы ғана емес, толғампаз зерттеуші. М.Әуезов арқылы төрткүл дүние Абайды танып, Абай арқылы Азияның кіндігіндегі көшпенділер елі тарихын зерделеп, дала пәлсапасына қанығады. Көркемділік – шеберліктен туады десек, суреткер шеберлігі ең алдымен өмір шындығын жіті көріп, түсіну, сан-алуан адамдардың мінез-бітімі мен қимыл-әрекеті, психологиялық ерекшеліктерін танып-білу қабілетінен туады [3, 77-78].

Ә.Нұршайықовтың жазушылық кеңістігіндегі қамтыған тақырыптары адамзат үшін әрқашан өзекті мәселе: достық, махаббат, адамгершілік, тазалық пен адалдық төңірегінде болды. Сонымен қатар, Ұлы Отан Соғысына қатысқан бұрынғы жауынгер, қазіргі ардагер Отанды сүю, ерлік пен батырлықты үлгі ету мәселесін де басты қағида еткен. Сондай-ақ, еңбек адамдарының ауыр тірлік жолындағы жан аямас ерлігі мен өзіне қойған қатаң талабын – еңбекқорлығын да өз очерктерінде оқырмандарына шебер де сенімді жеткізе білді.

Оның қаламгер ретінде халқына қалдырған көлемді туындыларының бірегейі саналатын еңбектері: «Махаббат жыры», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Автопортрет», «Өмір өрнектері», «Қаламгер және оның достары», «Халима», «Боздақтар», «Мәңгілік махаббат жыры», балаларға арналған «Батырдың өмірі», «Алтын соқпақ» және т.б.

Тәлімгер-жазушы өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне де салауатты үн қосудан қалыс қалмады. Өзінің шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеяларды заманның тарихи-саяси, идеологиялық ықпалдарымен ғана тудырмады, оған өмірлік тәжірибесін, халқының тәлімі мен мәдениетін арқау етіп, адамзатқа мәңгілік тақырыптарды шығармашылық

нысанына айналдырды.

Сондай-ақ, ұлттық қаһарманымыз Б.Момышұлы туралы жазған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы арқылы батырды халық алдында биіктетті. Оның шығармалары – жастарды ерлік пен отансүйгіштікке шақыратын тәрбие құралы. Роман-сұхбатында Бауыржан Момышұлы өзі көріп, куәсі болған жайттарды байыпты саралып, жүйелі сөз етеді. «Жастарымыз отаншыл болсын. Отаншылдық – әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал, отаншылдық өз үйіңнен басталады. Кімде кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырлармен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе, сол адам отаншыл болады», - деп, тәрбиенің ұғымдарына нақты анықтама бере отырып, оның мағынасын адами мінез бен іс-әрекет, қарым-қатынас пен мәдениет, ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан да жан-жақты ашып көрсете білді. Сол сияқты патриотизм ұғымын да батыр оқырманға түсінікті тілмен ашады: «...Елді, жерді, Отанды сүйетіндігінді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген – осы, патриотизм осыдан басталады».

Бауыржан Момышұлының болмысы мен қаһармандық ерліктері әр алуан оқиға, түрлі шегіністер, дерек пен дәйек көздері, тәлім-тәрбие арналары негізінде ұлттық құндылықтарды бағалауға үйретеді.

Жазушы Ә.Нұршайықовтың «Ананың абзал қасиеттері, әдептілік пен ақылдылық, сыпайылық пен сыйласа білушілік туралы, жалқаулық – жаман әдет, шарапқорлық – бойға қорлық, темекі – тәннің жауы екендігі жайында жұртқа ғибрат боларлық мақалалар көбейсе, қыздар тәрбиесіне келтірер пайдасы көп болар еді деп ойлаймын» деген пікірі – бүгінгі қоғам тәрбиесіне өзіндік үлес қосуға жанашырлығы. Қазақтың қыз бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктерін жазушы шығармалары арқылы ұтымды пайдаланады. Меңтайдың «Апамның айтқандары» деп аталатын дәптерді қыз балаға қатысты қазақ

халқының ұлттық педагогикасындағы өнегесіет ретінде шығарманың тәрбиелік сипатын арттыру мақсатында ұсынады.

Қазіргі қазақ прозасындағы жаңа туындылардың бірі – Әлібек Асқардың «Өр Алтай мен қайтейін биігінді» повесіндегі әлеуметтік талдау барысында бірден көзге түсетіні – жазушының стильдік ерекшелігі. Өр Алтай төріндегі бір кезде айдарынан жел ескен, төрт құбыласы сай болған ауылдың бүгінгі мүшкіл халін суреткер сатылап көрсетеді. Кеңсе, ауылдың мектебі, дүкен, дәрігерлік пункт жабылады, яғни әлеуметтік құлдырау жолымен тұрмыс тауқыметі үдемелі жолмен беріледі. Жазушы әр алуан кейіпкерлерін болып жатқан өзгерістерге қатыстырып, көз-қарас пен дүниетанымық ерекшеліктеріне тереңдеп бойлау арқылы өтпелі кезеңнің шындығын аша білген. Тіл, образ, сюжет, композиция тұтас бір өрілімде берілген. Бір кездері азан-қазан боп жататын базарлы ауылдан небәрі жеті үй қалғанымен, осы азғана шоғырдан тұратын сегіз отбасының басынан өткерген қилы, мұңлы да мұңсыз тағдыры бір повеске толық жүк болған. Жұртта қалған жеті үйдің жыры да жеті түрлі. Жазушы бір кездегі базары тарқамаған ауылдың қалай жетімсірегеніне тоқталып, сюжет желісін жетім қыз Сәлиманың тағдырымен ұштастыра суреттеумен жалғайды. Қоғам назарынан тыс қалса да, Алланың кең пейілінен кенде қалмаған алақандай ауылдың өгей тірлігі пошташы Сәлима қыздың пайымы арқылы берілген.

Шығарманың негізгі арқауы – қазақ қоғамының тұтастығын құраған отбасылық ұғымнан ірілеу бірлестік, татулықтың құт мекені саналған ауыл мәселесі. Повесть ауыл жастарының жағдайын жақсартудың әлеуметтік өзекті мәселелерін көтереді. Қазақтың құт-берекесінің бесігі болған ауыл өмірінің кері кетуі, ауыл баласының ата-жұрттан безініп, өзіне жайлы қоныс іздеуі үлкен символикалық жүк арқалап тұр. Өркеніеттің дәстүрлі өмірімен арақатынасын үйлестірмесе, ауыл мәдениетінің тоқырауға ұшырайтындығын қарапайым еңбек адам-

дарының психологиясына терең бойлау арқылы ашады. Жалпы зерттеу барысында шығарма өзегіндегі бүгінгі қазақ ұлты үшін ең өзекті мәселе болып отырған атажұртқа, туған топыраққа сүйіспеншілік, ауыл мен қала өмірінің алшақтық мәселелері жан-жақты талданады.

«Адам – әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу – әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүниежүзілік әдебиеттің бұрын-соңды жасалынған оңды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан, әдебиеттің дүниетанытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [4, 194], - дейді академик М.Қаратаев. Осы орайда, Әлібек Асқардың прозасында адамның пенделік қасиеттері, адами сипаттары кең тұрғыда көрініс табады. Әсіресе, жазушының адамгершілік хақындағы ізденістері жемісті болып шығып отырған. Сондықтан, қаламгер ең алдымен адамның адамгершілік, рухани-моральдық қасиеттерін ашып суреттеуге ден қоя білді.

Кейіпкердің адамгершілік мәселесі – әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі. Бүгінгі оқырманға бар адамгершілік болмысымен, жан-жақты характерлік қырларымен тұщындыра білетін кейіпкер керек екенін түсінген жазушы шығармаларында адамгершілік-философиялық ойларды желілеп, жаңа қаһарманның бойындағы бұған дейін білінбеген, осы заманға сәйкес өзгеріс сипатын көре білу мен көркем суреттеуге ұмтылды. Қаламгер тынымсыз ізденістер жасап, қаһарманның азаматтық позициясында көрінетін іс-әрекеттермен бірге, олардың рухани әлеміне бойлауды да негізгі мақсат етіп қойды. Мұның өзі адам өмірін шығармасында құр сипаттамай, ішкі жан-дүние сырларын психологиялық тұрғыда көркем түрде суреттеуге ықпал етті.

Бүгінгі әлеуметтік өмір шындығы Б.Қанатбаевтың «Ескі жұрт» әңгімесінде де шеберлікпен беріледі. Дүние өзгеріп, ұрпақ ауысқан кездегі ұлттық құндылықтардың жұтаңдауына назар аударады автор.

«Тәуелсіздік кезеңі тіршілігіміздің алуан саласындағы жаңа да жарқын бетбұрыстарға, жаңғыруларға бастап отыр. Сондықтан өмір шындығын, өмірлік материалдарды авторлық концепция мен өткір проблемаларға сабақтастыра таңдау мен толғаудың мән-маңызы айырықша» [5, 94].

Белгілі бір қаламгердің шығармашылығын зерттеуде оның тамаша талантына тағылымды талдау жасауда ең басты компасымыз – заман мен оның рухани болмысы және көркем бейнеленуі болатыны ә-дегеннен айтылған. Ауыл адамдарының асқақ рухы мен ұлттық қыр-сыры мол жан-дүниесін айқара ашып көрсеткен жазушының кез келген көркем шығармасын оқи отырып, олардағы кейіпкердің әрқайсысы оқушыны салмақты ойларға жетелейтін, дара мінезді қаһарман екеніне көз жеткізесің. Туындыгер жасаған образдардың бойынан адамгершілік исі аңқып тұрады.

Әдебиетте еңбек адамдарын көрсете білу – қаламгердің алдындағы зор міндеттердің бірі. Өйткені, әдебиеттің басты пәні – адамның адамгершілік сипаттарының бірі – еңбек.

Көсемәлі Сәттібайұлының «Жылқыбай жездемнің сақалы» атты әңгімесінің астары – бүгінгі ұсақталып кеткен қазақ қоғамының бейбіт күнгі мінез-құлқы, тыныс-тіршілігі. Жазушы қазақтағы ескіліктің қалдығын юмор арқылы шенеуге шебер. Мәтіндегі үш төбеге бөліну – қазақтың үш жүзге бөлініп, трайболистік ойларға ден қойғанын тұспалдап тұрғандай тәрізді. Шығармада қазақтың бүгінгі өмірінің ауыр сыйқы суреттеледі. Қазақ қызын қытай жігіті алған. Қазақтың ұлттық тұтастығына зияны тиетін көріністер көз алдыңызға тізбектеледі. «Бұрын орыс келін мен неміс күйеу балаға бет шымшитын апаларым, қазір африкалық абысындарының «амбициясына» да үйренген. Ол жазғандар да анда-санда ат сабылтып келіп тұрады. Мынау қақсаған ханзу бала да әлгі жампоздар шошып жүрген үдерістің біздің ауылға тән бір сипаты. Жаһандануға салмаса, әңгіме астарынан күрсініс аңғару қиын емес. Көркем әдеби шығарманың ең күретамыр міндеті – адам атты жаратылыстың табиғатын жетілдіру екенін

жете ұғынған қаламгер өз шығармаларында ауыл адамы, сол арқылы қазақ деген халықтың қаймағы бұзылмаған ең асыл қасиеттерін дәріптейді.

Белгілі ғалым-сыншы Ж.Дәдебаев: «Көркем әдебиет өмір шындығын образ, адам образы арқылы танытады. Көркем әдебиеттің басты пәні – адам өмірінің шындығы. Көпке белгілі осы қағидаға орай, шығармада адамдардың азаматтық-әлеуметтік өмірі ғана емес, от басы, ошақ қасы, тіпті түрлі «бармақ басты, көз қысты» ұсақ-түйек істері де кеңінен суреттеледі. Жазушы бұл ретте де адам өмірінің шындығын суреттейтінінде сөз

жоқ. Алайда, бұл шындық қаншалықты мән-мағына иеленеді, қалай суреттеледі – көркемдіктің басты мәселесі осы төңіректе анықталуға тиісті» [6, 38], - дегенді осындай әдемі дүниелердің табиғатына қатысты айтса керек.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығармаларды оқи отырып, жақсылығын үйреніп, жамандығын жиренуде бүгінгі қоғамдағы мәселелерді тақырып өзегіне айналдыра білген туындыларды оқырманға көптеп ұсынып, оның негізгі идеясы ұлттық идеяға жұмылдырылып, ұлттық рухымызды көтеріп, қазақ екенімізге мақтанып, ұлттық болмысымызды дамыту бағдарына ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. 1 т. – 188-226 бб.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 350 б.
3. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садықова А.Е., Советханова Д.М., Қдыралиева Ж.Б. Мәңгілік ел құндылықтары // монография. – Алматы, 2016. – 222 б.
4. Бисенғали З.Қ. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
5. Баяндин Қ. Өмірдің өзіндей өрнектелген // Егемен Қазақстан. – 2002. – 30-қараша.
6. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Жазушы, 1992. – 210 б.



*«Адам – әдебиеттің жүрегі,  
адам өмірін бейнелеу –  
әдебиеттің түбегейлі мақсаты»*

*М.Қаратаев.*

МРНТИ 17.07.21

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ –  
БҮГІНГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ӨЗЕГІ  
(Баққожа Мұқайдың шығармашылығы негізінде)

Ж.А. Сейсенбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.

А. Жақсыбек

Абай атындағы ҚазҰПУ, 4-курс студенті

Мақалада бүгінгі қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшелігі мен оның қазақ қоғамының тәрбиелік маңызына қосатын үлесі зерделенеді. Мақала өзегіне Баққожа Мұқайдың шығармашылығы алынып, сол шығарма арқылы автордың жеткізер ойы мен тәрбиелік мәні сөз етілген. Қаламгердің өзі өмір сүрген уақыт тынысымен ілесіп, көкейкесті мәселелерді саралап, шығарма тақырыбының өзегіне айналдыра білгендігіне мысалдар келтіріледі. Бүгінгі көркем шығарманың өзекті мәселесі болып тұрған ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығы сипатталады.

**Түйін сөздер:** қазақ әдебиеті, қаламгер, жазушы, кейіпкер, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, рухани жаңғыру.

Статья посвящена современной казахской литературе, которая, бесспорно, является краеугольным камнем национальной духовности, определяющим будущую судьбу независимого Казахстана. Так как на лучших литературных творениях воспитывается молодое поколение. Современное казахстанское литературоведение развивается по многим направлениям. Продолжается изучение историко-культурного наследия казахского народа как неотъемлемой части духовно-нравственного и эстетического богатства страны. Желание автора пропаганды и художественного воплощения идей толерантности, национальных ценностей, духовного возрождения в создаваемых произведениях поэтам и писателям, творящим на казахском языке раскрывает актуальность данной работы.

**Ключевые слова:** казахская литература, писатель, герой произведения, национальное воспитание, национальные ценности, духовное возрождение.

The article is devoted to modern Kazakh literature, which, unquestionably, is the cornerstone of national spirituality, which determines the future destiny of independent Kazakhstan. As the younger generation is brought up on the best literary creations. Modern Kazakh literary criticism develops in many areas. The study of the historical and cultural heritage of the Kazakh people continues as an integral part of the spiritual, moral and aesthetic wealth of the country. The desire of the author of propaganda and artistic embodiment of the ideas of tolerance, national values, spiritual revival in the works created by poets and writers who create in the Kazakh language reveals the urgency of this work.

**Keywords:** Kazakh literature, writer, hero of the work, national education, national values, spiritual revival.

Қазақ әдебиетіндегі қалыптасқан, өз дәстүрі мен арналы асуы бар әңгіме жанрына: «Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде, әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы,

кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады» [1, 56], - деп «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» анықтама берілген. Ал, жанр табиғатын академик З.Қабдолов былайша тұжырымдайды: «Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден баурап әкетуі үшін, сол шағын көлемдегі шағын өмір

эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуға тиіс. Сюжетке ене бастаған беттен-ақ оқырманның көз алдына іші-сыртын, мінез-құлқын, іс-әрекетін аттаған сайын аңғартып, адам келе бастауы тиіс. Адам тұл көрінбейді, оның өзін, қоршаған айналасы айқын көзге түсуі, сол арқылы белгілі бір әлеуметтік топ, қоғамдық орта танылуы шарт. Әлгі адам – соның өкілі, типтік тұлға болуы қажет. Осылардың бәрі жазушыдан өмірді терең білумен қабат, шұрайлы сөз байлығын, жіті байқампаздықты, асқан талғампаздықты, тілдегі тамаша суреттілікті, бір сөзбен айтқанда, қалам тиген жерді өмірдің өзіне айналдырар нағыз шеберлікті, соған қоса кемел идеяға апарар терең білім мен биік мәдениетті талап етеді» [52, 230].

Қазақ прозасында өзіндік орны бар Баққожа Мұқай – әңгіме жанрының шеберлігін жетік білген сөз зергерінің бірі. Шағын әңгімелері арқылы жазушы өзінің үлкен концепциялы суреткер екенін таныта білді. Қаламгер нақты өмір шындығын суреттеп, сол арқылы терең азаматтық ойлар, философиялық толғамдар айта білді. Жазу машақатының бар қыр-сырын жете түсінетін қаламгер әрбір туындысында әлеуметтік өмірдің шындығын характерлер бойына жинақтап сомдап, нанымды жеткізуге тырысты. Оқырман жүрегінен терең орын алып, тамырын тап басатын толғамды тұжырымдарды мазмұндады. «Дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын көре білу, ірі характерлер ашу, поэтикалық жаңа формалар туғызу жөніндегі ізденістер де жас таланттардың қолынан келеді. Олар еңбектегі құрбыларымен бірге бүгінгі тіршіліктің романтикасын жақсы сезінеді, болашаққа оның қиялын өсіріп қызықтыратын ертеңгі күнге көрегендікпен қарай алады» [2, 28], - деп академик С.Қирабаев әдебиет майданына жаңа келген жас жазушыларға баға береді. Б.Мұқайдың көркем дүниелерінен адам характерін, өмір шындығын, сол уақыттың әлеуметтік проблемаларымен байланыста, астастыра тұлғалау, бейнелеп көркемдеу шеберлігі аңғарылады. Кейіпкер мінезі тарамдалып, адамгершілік іс-әрекеттерінің

нанымдылығымен ерекшеленіп, жинақталған бейнелер ұлттық болмысқа сай сомдалады.

Әр заманның айтылуға тиісті шындығын, дәуір тынысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін – қаламы ұшқыр қаламгер, ал әдебиеттің көсегесін көгертетін – көркем проза. Әдебиет – адам тану ғылымы. Ал, әдебиеттің негізгі нысаны – адам – кейіпкер. Жазушы оқырманға кейіпкерді танытуы қажет. Танытудың түрі көп. Солардың бірі – кейіпкерді толыққанды танытатын тек оның аузымен айтылатын сөздері, яғни персонаждардың рухани-ұждандық эволюциясы тұрмысы мен іс-әрекеттері нәтижесі арқылы көрініс табуының айғағы. Б.Мұқай әңгімелерінде адам мінезінің сан қыры қоршаған ортамен байланысқа түскен сайын жан-жақты ашыла түседі, адамгершілік тұлғасы кеңейеді. Қайсыбір туындысында да өз халқына, ұлтына деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығы қатар өріліп жатады. Айналадағы болып жатқан уақиғалар тізбегін кейіпкер болмысымен байланыстырып, өрнектей келе азғындық пен адамгершілікті, жақсылық пен жамандықты, жауыздық пен мейірімділікті, надандық пен көрегендікті шендестіре қозғайтын, философиялық мәні терең шығармалар жазған.

Б.Мұқайдың шығармашылығы шын мәніндегі терең түсінуді, салмақты саралауды қажет ететін қатпарлы әлем. Қаламгердің әңгімелері өз бағасын алған, мазмұны жағынан дәл бүгінгі қоғам тұрмысына жақын көркем дүниелер. Әңгіме жанрынан бастап, повесть, романға қалам сілтеген жазушының кез келген туындысының сарқып құяр ұясы ұлттық таным мен халықтық болмысқа тіреліп жатады. Қаламгер қолтаңбасына адам характерін терең философиялық ойларымен тербеп, саяси оқиғаларымен байланыстыра отырып кескіндеу тән. Қаламгер өзі өмір сүрген дәуірдің өзекті проблемаларын көтере отырып, тың замандас бейнесін бейнелейді. «Жеке бастың мүддесінен мемлекеттің, егемен елдің мүддесі жоғары тұруы керек» [3, 7], - деп түсінетін жазушы халықтың әлеуметтік-қоғамдық мәселелерін, замана ақиқатын шығармаларының басты арқауына

айналдырды. Жазушының әңгімелеріндегі жалпы адамға тән құндылықтардың замана шындығымен таразылануын ұлттық рухани болмыстың, қадір-қасиеттің терең тамырын танытуға деген ұмтылысы деп білеміз.

Көркем шығарманың басты сипаты – адамгершілік қасиеттерге барып тіреледі. Адам мінезін, жандүниесін рухани ұлылыққа дейін шыңдау – көркем әдебиеттің негізгі қызметі екені даусыз. Көркем әдебиет ең алдымен адамның ішкі ойының дөп басып, наққалпында нанымды суреттеліп, оқушы жүрегіне жол табуын ескереді. Шығарма бойында адам жанын тебіренерлік шынайы адамгершілік пен ар-ұждан философиялық толғамдармен көмкеріліп жатса, ол қаламгер ізденісінің жемісі. Б.Мұқайдың қаламгерлік ізденістерінің негізгі өзегі мен бастау-бұлағы неде? Моральдық, рухани ізденістер суреткердің тырнақалды туындыларында қалай көрінеді? Міне, осы сауалдарға жазушының шағын прозалық шығармалары жауап бере алады. Автор халықтық руханилықты алға тартқан туындыларында берер тәрбиелік мәні мен идеялық маңызын әңгіме аясына көркемдік әдіспен сыйдыра білген.

Сан алуан өмір құбылысын қай жағынан алып суреттеуге де шағын көлемді болғанымен көркем әңгіменің құдіреті толық жететіндігіне, зергерлік шеберліктің барлық мүмкіндіктерін ыждаһаттылықпен жұмсай білсе, қысқа әңгіме шеңберіне көл-көсір мән-мазмұн сыйғызуға болатындығына Б.Мұқайдың кез келген шағын туындысы арқылы көз жеткізуге болады. Жазушы суреттеп отырған ең ұсақ оқиғаның өзіне әлеуметтік мән беруге ұмтылады.

Көркем шығарма дарынды жүректен туған болса, ол міндетті түрде өз заманы мен уақытында тұрған ең маңызды қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шыншылдықпен, суреткерлікпен бейнелеп береді және сонысы арқылы өз мезгілінің рухын оқырманға айнытпай жеткізеді. Өз заманының мұңы мен мұқтажын суреттеуді мақсұт тұтқан жазушыдан оқырманның күтетіні – ең алдымен шындық. Әрбір шығарманың негізгі көтерер жүгі шындық. Шындық болғанда да заман

туғызған, қоғам туғызған ақиқат.

«Жасан шалдың қара талқанға аңсары ауғалы біраз күн. Талқанды қорек етсе ауруынан ада-күде арылып кетердей болады да тұрады. Мұнысын ұлына айтуға қаймығады. Жәнібектің мінезі морт. Және оның талқан табатын жері де жоқ» [4, 9]. Осы қиналыстың құшағында жатқан кейіпкер өткен күн елесімен ой жүгіртуі арқылы оқырманға ашыла түседі. Әңгіменің әлеуметтік салмағын бағдарлау кейіпкер характерімен, психологиясынан көрінеді. Бір уыс қара талқанға зар болып жатқан Жасан қарттың қиналысы баласы Жәнібекке шыбын шаққан құрлы әсер ете қоймайды. Ал келіні Рауза қарияға тіпті қарамайды. Шығармада безбүйрек ұл мен ұятсыз келін образы жан-жақты бейнеленеді, қарияның немересі Дастан образы қосалқы тұрғыда қарастырылады. Алайда осы образдың әңгімедегі жазушы жақтап отырған ізгілік пен мейірімнің көрінісі ретінде бағасы зор. Әңгіме басында атасының бөлмесіне кіріп жағдайын сұраған немересінің сөзіне оқырманның іші жылып, үміті оянады. «Сыртқы есік ашылғандай болды. Кірген адамның кім екенін біледі. «Да-а-с-тан» деп қинала дауыстады. Бөлмеге он жасар қара тәмпіш кірді.

– Су ішесің бе, ата?!

Шал үнсіз бас изеді. Дастан әкелген орта кесе суды сарқып ішті, құсқан жоқ, маңдайынан бұрқ етіп суық тер шықты. «Е, тәубә!» деп күбірледі ол. Бойы сергіп, бір қиырда жылтырап көрінген жалғыз шырақ жақындай түскендей шабысынан жаңыла беретін жүрегі лүп ете түсті. Өзіне бөтен көзбен шошына қарап тұрған немересіне мойын бұрап, ептеп езу тартты да бара ғой дегендей кеудесінен итерді. Дастан соңына жауандай қарап, бөлмеден шығып кетті» [4, 8]. Автор алып отырған идеяда ата-анасына жаны ашымайтын сүйкімсіз, мансапқа берілген ұл мен келін бейнесі арқылы оқырман жүрегіне қаяу түсіп, көңілі қобалжыса, немеренің қылығы мен ата мен немере арасындағы бір сәттік жылылыққа куә болу арқылы көңілі марқаяды. Қария өмірінің жалғасы бар екендігіне, қайырым-мейірімнің жоғалмайтындығына көңіл



тоқтатады. Автор өзінің қаламгерлік ерекшелігі мен терең талантының нәтижесінде айтар ойын түсінікті, әрі оқырманға нанымды жеткізе алды. Келіні мен баласына күні қарап қалған ауру қарттың жан-күйзелісі арқылы қоғамда белең алып бара жатқан ата-ана, отбасының күрделі проблемаларын көтеріп, соған байланысты философиялық ойлар таразылайды. Автор осы мәселелерді кейіпкерінің жандүниесіндегі өзгеріс, сезімдер арқылы жеткізеді. Халқымыздың дәстүрлі салтына жат, күнделікті күйбең тіршілікте ата-анасынан безген безбүйрек бала проблемасы жазушының нысанасына алынып, қоғамның нақты шындығын кейіпкерінің өмірге көзқарасы, дүниетанымы арқылы береді. Осы әңгімедегі кейіпкерлердің психологиялық, рухани, адамгершілік мәселелері арқылы заман тынысы терең танылады.

Қаламгер Жәнібек образын арнайы бір әрекеттермен немесе портретін сомдап оқушы көз алдына келтіруге тырыспай-ақ, қарттың жандүниесінде болып жатқан арпалыс ой-толғаулармен жеткізе білуі еді. Жәнібек әкесінің жанына келіп біраз отырып кетеді, бірақ әкеге деген жылу жоқ. Автор ол жөнінде аз ғана жылдың ішінде тасы өрге домалап, абыройы өсіп, бір трестке бастық болғандығын баяндайды. «Орталықтан үй алды, төрт бөлмені шет елдік мебельдерге толтырып қойды. Бәрі бар, бәрі жетеді. Бірақ шалдың көңілі әмсе олқы. Қашан да осы үйде бірнәрсе жетпейтіндей болып тұрады. Жиырма жыл бойы араның ұясындай екі бөлмеде тұрғанда да бұлай жабырқаған емес-ті... Иә, ол кезде табысы аз еді, бірақ негізгісі бар болатын, қазір артық нәрсе көп, негізгісі жоқ. Жылылық жоқ» [4, 8]. Осы бір үзінді арқылы өмірдің тірегі дүние мен мансап емес, кез келген шаңырақтың шуақ шашыратар шырағы ата-ананың перзентіне, перзентінің ата-анасына деген мейірімі, жылуы екендігіне назар аудартады. О баста перзентінің ештеңеден мұқтаждық көрмей, емен-жарқын өмір кешуін ғана ойлап, бала тәрбиесіндегі кеткен кейбір бармақ тістететін жайттарға мән бермеген. Шығарманың басты кейіпкері төрінен көрі

жақын қалған Жасан қарт үшін бәрі де кеш. Туындыдағы басты авторлық ұстанымның бұлақ-бастауы да, арнасы да осыған саяды. Жазушы кейіпкер ой-толғанысы арқылы оқиғаны өрістетіп, көркем тәсілдерді орынды қолдану барысында шығармаға эстетикалық, әлеуметтік-философиялық жүк артып қояды. Қарияның жалғыз ұлының әкесіне деген мейірімінің жоқтығы, жылуының болмауы кейіпкердің жан-күйзелісі ішкі монолог арқылы шынайы жеткізілген.

Б.Мұқай қайсыбір тақырыпқа қалам тербеп немесе қандай да бір ойды мазмұндағысы келмесін өткен күнмен сабақтастыра баяндайды. Сонымен қатар, жазушы асықпай бастап, әбден иін қандыра жазуға машықтаған. Бұл туралы жазушы-сыншы Ж.Дәуренбеков былай деп ой түйеді: «Жазушының әрбір туындысы – өмірдің өзінен ойып алынған тағдырлар тоғысынан тұрады. Махаббат, адамгершілік, әділетсіздік, өмірдің сан қилы сындары, қайғы мен мұң бәрі-бәрі жазушының көзі мен көңілінен суырылып шығып, бар бояуымен алдымызға жайылғанда жанды толқытады, қанды шымырлатады. Өйткені, қаламгер прозасы өмірдің шындығын ашады, өмірдің қатыгездігі мен әділетсіздігін, сонымен қоса, тәттілігі мен тұщылығын тұнық қалпында кестелейді» [5, 10].

«Адам – әдебиеттің жүрегі, адам өмірін бейнелеу – әдебиеттің түбегейлі мақсаты. Дүниежүзілік әдебиеттің бұрын-соңды жасалынған оңды үлгілерінен реалистік көркем туындыға үнемі өзек болған адам өмірін, адам образын көреміз. Сондықтан, әдебиеттің дүниетанытқыш және тәрбиелік құны адам өмірін қаншалықты толық, терең, нәзік суреттеуімен өлшенбек» [6, 194], - дейді академик М.Қаратаев. Осы орайда, Б.Мұқай прозасында адамға тән кесек қасиеттер мен пенделік мінездер сыры жан-жақты ашылып, кең тұрғыда көрініс табатындығын мойындағанымыз жөн. Әсіресе, жазушының адамгершілік хақындағы ізденістері жемісті болып шығып отырған. Сондықтан, қаламгер ең алдымен адамның адамгершілік, рухани-моральдық қасиеттерін ашып суреттеуге ден қоя білді.

Кейіпкердің адамгершілік мәселесі – әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі. Бүгінгі оқырманға бар адамгершілік болмысымен, жан-жақты характерлік қырларымен тұщындыра білетін кейіпкер керек екенін түсінген жазушылар өз шығармаларында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, адамгершілік-философиялық ойларды желілеп, жаңа қаһарманның бойындағы бұған дейін білінбеген, осы заманға сәйкес өзгеріс сипатын көрсетуге ұмтылыс жасағанын дұрыс деп білеміз. Бүгінгі көркем шығарманың өзегі ретінде қаламгерлеріміз кейіпкердің рухани әлеміне бойлауды негізгі мақсат етіп, адамгершілік ұғымына, адамға тән ең жағымды қасиеттер:

ұлтын сүю, ұлттық намыс, ұлттық сананың жаңғыруы, жауапкершілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, кішіпейілділік, әдептілік, жақсылық пен ізгілік, әділеттілік, т.б. қасиеттерді жоғары қойғаны абзал. Қазіргі замандағы көркем туындының басты мұратының өзі осында жатыр деп ойлаймыз. Себебі, өмірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердің бәрі де ең алдымен адамгершілік, ар-инабат, имандылық бар жерде ғана өзінің оң шешімін таппақ. Жоғарыда айтылған мәселелерді бей-жай қалдырмай, оңды пайдалана білсек, рухани жаңғыруымыз дұрыс жолмен жүзеге асып, Мәңгілік елге айналуымызға үлкен септігімізді тигізеріміз анық.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі // Құраст. З.Ахметов. – А: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаң беттері. – А: Білім, 1995. – 288 б.
3. Мұқай Б. Жазушының жан сыры // Қазақ әдебиеті. – 1995. – 6 қаңтар.
4. Мұқай Б. Қара талқан // Қазақ әдебиеті. – 1980. – 10 қазан.
5. Дәуренбеков Ж. Маздайды шабыт шырағы // Жас алаш. – 1994. – 5 ақпан.



*«Көргеннен, білгеннен аспау,  
барды қанағат қылу,  
жоқты іздемеу – ой мешеулігі»*

*Ғабиден Мұстафин.*

МРНТИ 16.31.41

THE PROBLEM OF «FALSE FRIENDS OF TRANSLATOR» IN TRANSLATION  
ПРОБЛЕМА «ЛОЖНЫХ ДРУЗЕЙ ПЕРЕВОДЧИКА» В ПЕРЕВОДЕ

А.М. Асильбекова

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Аударма ісі» мамандығы бойынша 2-курс магистранты

As a science, translation studies, as they develop, cover an increasing number of problems and controversial positions. Trying to answer the question «how to translate?» Researchers focus on various translation objects, which are often sources of conflicting opinions. In recent years, the interest of researchers in the category of words, called in translation literature by «false friends of translator» (tracing paper from the French faux amis du traducteur), has increased. Interlanguage relative synonyms of a similar kind, as well as interlingual homonyms and paronyms. False identifications may occur when translating this category of words, since interlingual analogies have some graphic (or phonetic), grammatical, and often semantic, commonness. Analysis of examples of «false friends» shows that the greatest number of errors occurs when translating international vocabulary. International parallels are characterized by the generality of the semantic structure and are therefore easily identified in the translation. However, as a result of such identifications, false equivalents often arise, since along with the commonality in their semantic structures there are also significant differences, of which the translator often forgets.

**Keywords:** interlingual homonym, interlingual paronym, international parallel, translation, semantic structure, literal translation.

Бұл мақала «Аудармашының жалған достарын» салыстырылып отырған тілде зерттеуге, «Аудармашының жалған достарындағы» ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықтауға, жалпы қолданбалы сөздерді семантикалық өзгеру нәтижесінде туындайтын көпмағыналы бірліктерді анықтауға арналған. Салыстырып отырған тілдердегі аудармашының жалған достарының себептерін және қалай туындағанын талдау зерделенеді. Мақаланың негізгі тұжырымдарын Аударматану пәнін оқытуға, жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар дайындауда, арнайы курстар мен семинарлардың жана бағдарламаларын жасап жинақтау барысында қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** тіларалық омоним, тіларалық пароним, халықаралық параллелизм, аударма, семантикалық құрылым, дәлме-дәл аударма.

Данная статья посвящена проблеме переводческого дела, как «Ложные друзья переводчика». Каждый день между представителями разных стран проводятся деловые встречи и переговоры с помощью переводчиков. Это возможно только благодаря большой и упорной работе переводчиков. Есть целый ряд вопросов в процессе их тяжелой работы, так как переводчики часто делают ошибки. Но только сейчас начали изучать ошибки английского языка. «Ложные друзья» самый сложный вид перевода переводчика. Слова написанные на двух языках иногда имеют похожее звучание, но у них разные значения. Таким образом, правильный перевод слов используется как ложный перевод.

**Ключевые слова:** межъязычный омоним, межъязычный пароним, международный параллелизм, перевод, семантическая структура, дословный перевод.

In the practice of translation and lexicography, as well as the teaching of foreign languages, a special category of words, known as «false friends of translator», presents particular difficulties. The role of interlanguage synonyms is played by the words of both languages, fully or partially coinciding in meaning and use (and, accordingly, being equivalents in the translation). Interlingual homonyms can be called the words of both languages, similar in degree of identification of the sound (or graphic) form, but having different meanings. Finally, the interlanguage paronyms should include the words of the languages to be compared, which are not quite similar in form, but which can cause false or greater associations in more or less individuals and be identified with each other, despite the actual divergence of their meanings [1].

All these semantically somewhat heterogeneous cases combine the practical fact that words that are associated and identified (due to similarity in terms of expression) in two languages, in terms of content or use, do not fully correspond or even completely do not correspond to each other.

In principle, it is necessary to distinguish between “false friends of translator” in oral and written forms of speech. This requirement is mandatory in the case of a comparison of languages with completely different scripts, or, conversely, in the case of languages with common writing, but phonematically dissimilar vocabulary.

Historically, the “false friends of translator” are the result of the mutual influences of languages, in a limited number of cases they can arise as a result of random coincidences, and in related, especially closely related languages, are based on related words that go back to common prototypes in the base language [2].

In English and Russian, words of this kind in the overwhelming majority of cases are direct or indirect borrowings from a common third source (often international or pseudo-alternative vocabulary or parallel derivatives from such borrowings). The results of the Anglo-Russian language contacts proper are much less: words of English origin in Russian and Russian origin in English, although among the borrowed words

of this group there are sometimes significant discrepancies with the words-samples that make it difficult for the native speakers to understand their “Words in another language” [3].

In English and Russian, “false friends of translator,” numbering several thousand words, occur within four parts of speech: nouns, adjectives, adverbs and verbs. In a large number of cases in this role are not individual words, but all representatives of the corresponding word-building nests. Naturally, for people who know the basics of the second of languages, false identifications take place only in the sphere of identical parts of speech: for example, nouns are associated with nouns, etc., while the homonymy of parts of speech, as a rule, does not cause difficulties. From a semantic point of view, words belonging to analogous or adjacent semantic spheres turn out to be misleading, or, in any case, can appear in similar contexts; Clearly coincidental tokens, which in fact do not occur in the same contexts (such as the English rock “rock” - Russian rock), do not cause false associations. Divergences in pairs of “false friends of an interpreter” may be outlined in conceptual content, realities, stylistic characteristics and lexical compatibility; In practice, all these types of discrepancies are often intertwined.

When studying and using a foreign language, we are often inclined to transfer our language habits to a foreign language system. A native language, firmly rooted in us, pushes against false analogies. The study of “pseudo-alternative” words helps the translator to avoid many mistakes caused by the similarity of the word form with the difference in their content.

“False friends of translator,” states V.V. Akulenko [1], mislead not only novice translators, but also experienced masters. In fact, as many researchers of this lexical category have noted, “false friends of translator” are capable of misleading not only people who begin learning the language and do not know it well. This language phenomenon is also dangerous for people who confidently and practically satisfactorily use a foreign language, and sometimes even for philologists (including lexicographers, professional translators, teachers).

So there are numerous errors that lead the interpreter into semantic tracing papers and cases of violations of lexical compatibility or stylistic agreement not only in the processes of using foreign speech, but also in translations into the native language.

The semantic structure of the utterance seems to the interpreter quite obvious, but in fact it can have quite a different content.

It is found that the English utterance specifically directs the translator in a false direction. Let's take a simple English saying: It is a long lane that has no turning. It would seem that in Russian it is translated verbatim: "This is a long road that does not turn off anywhere." But this simple translation turns out to be a "false friend". The Englishman is so strange to the Russian translator that he expresses a completely different idea: "A road that does not turn anywhere, would be so long that it can not exist". Similarly, an interpreter is sent along the wrong path and another English saying: It is a good horse that never stumbles. At first glance, the translation is elemental: "This is a good horse that never stumbles". In fact, the meaning is: a horse that never stumbles should be so good that there are no such horses at all. However, it can not be assumed that any errors of this kind indicate insufficient knowledge of a foreign language or of the speaker's negligence. As recognized in modern theoretical linguistics, the possession of a second language in most cases is not completely flawless, and equally free, absolutely correct parallel use of two languages is only a theoretically acceptable abstraction. It follows that the overwhelming majority of people who know languages can make mistakes in usage and translation to varying degrees. And it is the requirements of the practice of translation that determine the research of this phenomenon. This is especially true for interpretation, in which the very important skill of a professional translator is the skill of switching from one language to another. One of the regularities of the functioning of this skill is that the switching skill gives preference to formal-sign relationships. There are direct links between the equivalents of the two languages in the translation without identifying the denoter

(situation). This pattern leads to the paradoxical conclusion that the semantic analysis that is necessary to avoid mistakes in the phenomenon of "false friends of an interpreter" becomes a factor that hinders the functioning of the switching skill. This is one of the contradictions of the activities of an interpreter. Refusal in a number of cases from denotative connections (semantic analysis) increases the effectiveness of the switching skill, but ignoring the denoter leads to such errors as literalism.

At present, the term "literal translation" is understood by some researchers to be much broader. If in 1949 Ya.I.Retsker still considered literalism as a translation of the external - graphical or phonetic - similarity, then in 1970, V.G.Gak already distinguishes lexical, phraseological, grammatical and stylistic literalisms, regarding them as a translation error as a result of the literal reproduction of the forms of the original [5; 6; 7; 8].

R.K.Minyar-Beloruhev believes that it is impossible to restrict the concept of "literalism" by unsuccessful reproduction of the original forms. If we proceed from the signs underlying this phenomenon, we should distinguish [8]:

- First, elementary literalisms, in which false connections between similar alphabetic and graphic signs of the two languages are established as a result of the dominance of the semantological links of a different or similar language (for example: magazine - "store" instead of "journal");
- Secondly, semantic literalisms, in which false audio connections of two languages are established as a result of translation on the semantic components of the word, word combination or the basic meaning of the word without taking into account the speech situation (for example: to take the chair - to take a chair, instead of presiding; Smirnov speaking - says Smirnov, instead of Smirnov he listens);
- Thirdly, grammatical literalisms, in which direct false connections between the ways of the original language are established in two languages.

Grammar literalism is a fairly common phenomenon in the practice of teaching a foreign language, known as the phenomenon

of interference. The study of various types of literalism shows that it is not a matter of replacing the more complex connections with simple ones, but of refraining from further searching through the use of already existing simple and complex connections. So, in the case of elementary literalism, the search for a solution for transcoding is limited to a source of denotative communication. In the case of literal semantic translation, the dominant signification ties come to the fore. This is also observed in grammatical literalism, if by significative connections we call relations of grammatical meaning. However, in some cases, a literal translation takes place in the case of international vocabulary, which we will consider in the second chapter of our work [9-16].

#### Conclusion

In the first chapter of our work, the definition of the cross-language phenomenon “false friends of translator” was given and an excursion to the history of the issue was made. We have studied the reflection of such a phenomenon as “false friends of an interpreter” in Russian and English. All this is closely connected with the concept of “literalism”, which was considered by well-known scientists such as Retsker, Minyar-Beloruichev, and others.

In addition, examples of translation errors were given in the analysis of English proverbs.

I found out that this interlingual phenomenon arose as a result of the mutual influence of two related languages. These are so-called homonyms and paronyms - pairs of words in two languages similar in spelling or pronunciation, often with a common origin, but differing in meaning. These words can create certain difficulties when translating the text. In the second chapter, we described the types of “false friends”. In addition to individual words, the “false friends” of translator can be viewed at the level of individual utterances and syntactic structures, and, in addition, at the level of phraseological units. The features of each of them are examined in detail, and the typical errors that can arise in the translation are analyzed directly on the examples. Proceeding from this, recommendations were proposed that help the translator to avoid possible distortion of the semantics of the translated text.

Of course, this topic is quite common in the translation literature and requires more detailed thorough research. Due to its relevance in the future, we plan to delve into the study of this issue.

#### LITERATURE:

1. Alimov, V.V. Translation theory. Translation in the sphere of professional communication / V.V. Alimov.- Moscow: Com Book, 2006.- 158s.
2. Borisova, L.I. False friends of an translator / L.I. Borisov .- M .: NVI-Thesaurus, 2005.-211s.
3. Kovalenko, A.Ya. General course of scientific and technical translation / A.Ya. Kovalenko .- Kiev: INCOS, 2004.-313p.
4. Komissarov, V.N. “False friends” of the translator in the structure of the English utterance // Journal of translators “Bridges” .- 2005.-№2.-P.15-17
5. Krupnov. V.N. In the creative laboratory of the translator / V.N. Krupnov .- Moscow: International Relations, 1976.-189p.
6. Minyar-Beloruichev, R.K. Theory and methods of translation / R.K. Minyar-Beloruichev.-M .: 1996.-154s.
7. Mukhortov, D.S. The practice of translation. English↔Русский / D.S. Mukhortov.-M .: Higher School, 2006.-256s.
8. Retsker, Ya.I. A Handbook on Translation from English into Russian / Ya.I. Rezker.-Moscow: Nauka, 1976.-215p.
9. Retsker, Ya.I. Theory of Translation and Translation Practice / Ya.I. Rezker.-M .: R. Valent, 2004.-189p.

10. Sdobnikov, V.V. Theory of Translation / V.V. Sdobnikov, O.V. Petrova.-М .: East-West Publishing House, 2006.-P.5-425
  11. Slepovich, V.S. Handbook of the translator from Russian to English / V.S. Slepovich .- Minsk: TetraSystems, 2006.-298p.
  12. Tyulenev, S.V. Theory of Translation / S.V. Tulenev .- М .: Gardariki, 2004.-330s.
- Internet resources
13. Akulenko, V.V. About “False Friends of translator”. [Electronic resource] - Access mode: <http://linguistic.ru/index.php?id=79&op=content>
  14. Korolova, A.L. Careful - phraseological. [Electronic resource] - Access mode: <http://thinkaloud.ru>
  15. Samoilov, D.V. False friends of translator. [Electronic resource] - Access mode: [http://www.lingvotech.com/lognie\\_dryzyl](http://www.lingvotech.com/lognie_dryzyl)
  16. “False friends of translator”. [Electronic resource] - Access mode: [http://www.norma-tm.ru/false\\_friends.html](http://www.norma-tm.ru/false_friends.html)



*«Жер жүзіндегі миллиардтан астам адам  
өзінің туған тілімен қатар,  
кәсіби байланыс құралы ретінде  
жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін  
біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі  
еш дәлелдеуді қажет етпейді»*

*Н.Ә. Назарбаев.*

МРНТИ 14.37.29

## ӨЗІНДІ ТӘРБИЕЛЕУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫҢНЫҢ КЕПЛІ

К. Бекжігітова

Психолог

«Ойынды өзгертіп, өмірінді өзгерт» кітабының авторы

Мақалада адам баласының өмір бойы өсу керек екендігі және бір жақты ғана емес, жан жақты физикалы, рухани, интеллектуалды және материалды өсуіне қажетті қағидалар зерделенген. Қазіргі біздің қоғамдағы психологияның даму үрдісі ұлтымыздың ойшылдары айтып кеткен тұжырымдарына негізделе отырып, әлемдік психологияны зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен өзіміздің менталитетімізге тән құндылықтарды бойымызға сіңіре отырып, тұлға ретінде даму бағдарына ұмтылу жолдары нақтыланған. Кез-келген адам өмірде өз мақсатын тауып, соған қол жеткізіп, бақытты болуы керек немесе өз мақсатына қол жеткізген адам – жетістікке жеткен адам екендігі мақаланың өзектілігін ашады.

**Түйін сөздер:** адам тәрбиесі, өзін-өзі тәрбиелеу, қазіргі қоғам, интеллектуалды өсу, арман, мақсат, рухани даму.

Статья посвящена самовоспитанию (сознательная и целенаправленная работа личности по формированию и совершенствованию у себя положительных и устранению отрицательных качеств) и мечте (увлекательный, но отнюдь непростой предмет для философского размышления, это особый вид воображения, заветное желание, исполнение которого часто сулит счастье). Даются советы о том, как сделать так, чтобы мечта сбылась, так как наши мысли материальны и ими нужно уметь управлять. Так как тот, кто управляет своим мышлением и желаниями, управляет своей жизнью. Приводятся примеры и доказательства того, что все наши мысли материальны и наши желания и мечты непременно сбываются, если в них верить. Характеризуется неопределенность, как основная ошибка и проблема в реализации мечты или цели.

**Ключевые слова:** воспитание, самовоспитание, современное общество, интеллектуальное развитие, мечта, цель, духовное развитие.

The article is devoted to self-education (conscious and purposeful work of the individual on the formation and improvement of positive ones and elimination of negative qualities) and dreams (fascinating, but not an easy subject for philosophical reflection, this is a special kind of imagination, a cherished desire, the fulfillment of which often promises happiness). Tips are given on how to make the dream come true, because our thoughts are material and they need to be able to manage. Since the one who controls his thinking and desires manages his life. Examples and proofs are given that all our thoughts are material and our desires and dreams necessarily come true if we believe in them. Characterized by uncertainty, as the main mistake and problem in the implementation of a dream or goal.

**Keywords:** upbringing, self-education, modern society, intellectual development, dream, goal, spiritual development.

Қазақ халқы адам тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оның жан-жақты дамуы өз қолында екенін нақтылап отырған. Оны біз қазақ халқының бар шығармашылығынан көз жеткіземіз. Ұлтымыздың бала тәрбиесіне де айтып өткен дана ойлары да соның айғағы. Мен өзім іздене келе, жан-жақты психологиялық шығармаларды оқи келе, нақтылай көз жеткіздім. Ұлтымыздың тәрбиесі адам өмірінің ізденуі мен өзін-өзі табуына жетелей отырып,



өмірден өз орындарын табуға негізделген. Қазіргі біздің қоғамдағы психологияның даму үрдісі ұлтымыздың ойшылдары айтып кеткен тұжырымдарына негізделе отырып, әлемдік психологияны зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен өзіміздің менталитетімізге тән құндылықтарды бойымызға сіңіре отырып, тұлға ретінде даму бағдарына ұмтылу болып саналады.

«Бүгінгі білім беру жүйесі аясында жас ұрпақты өмірге даярлау бойынша қызмет етіп келе жатқан тәрбие салалары бірқатар тоқыраушылықтарды бастан кешіруде. Бұған әлеуметтік құрылымдар: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, мектеп, отбасы т.б. өзіндік әсерін тигізуде. Сондай-ақ, тәрбиеленушілер мен ұстаздар арасындағы тәрбие қарым-қатынасындағы бірізділіктің жоқтығы байқалады. Зиялы қауым өкілдері арасында білім беру жүйесінің мәселелеріне орай тәрбие беру үрдісінің дағдарысы туралы жазып, дабыл қағып жатқандары баршылық» - деп, «Ұлттық тәрбие» еңбегінде айтылғандай [1], осы жан-жақты ақпараттың көптігінен адам баласы өзінің даму деңгейінде өзін-өзі табу жолдарынан қателікке бой алдырып жататыны ақиқат. Ендеше, ақпараттың әрқилы тарауларынан өзіне керектісін біліп, өмірлік бағдарына бағыт ете білуде, нақты мақсатына қол жеткізуде өзіндік көзқарасы қалыптасуы қажет.

Адам өмір бойы өсу керек және бір жақты ғана емес, жан-жақты физикалық, рухани, интеллектуалды және материалдық тұрғыдан өсуі керек. Физикалық тұрғыда өсу дегеніміз – үнемі деніңіз сау, дене бітіміңіз әдемі болуы, ол үшін дұрыс пайдалы тамақтану, уақытылы тәулігіне 7 сағаттық түнгі ұйқы және спорт, үздіксіз қимыл қажет.

Бүгінгі қоғамда интеллектуалды қоғам үрдісін қалыптастыруға жан-жақты жұмыстар жасалуда. Интеллектуалды өсу дегеніміз – өз жан-дүниені жақын іспен айналысып, өз өміріңе пайдасы бар іспен айналыса отырып, сол жасаған жұмысыңнан ләззат алып, қоғамға да, өзіңе де пайдасы бар іспен шұғылданду деп

білемін. Өзіңізге тікелей қатысы жоқ болса да жан-жақты өсу, мысалға тәттілер пісіру, тігінтоқыма, гүл егу, шаш үлгісін жасау, дұрыс бояндыру, үй жинау, қол өнері, ат баптау-баулау, тіл үйрену, сурет салу, жылдам оқу т.б. – интеллектуалды өсу болып саналады. Яғни, жігітке ғана емес, жалпы адам баласына жеті өнер де аз немесе барлығымыз сегіз қырлы бір сырлы болу керекпіз. Бұл тұста қол жетпейтін нәрсені ойлап бас қатырудың қажеті жоқ. Дәл қазір сіз үшін қосымша не істеу мүмкін, соны ғана жасаңыз. Не үйренсеңіз де қажетіңізге жарары сөзсіз, ізденіңіз, бір орында ұзақ тұрмаңыз, аз жетістікпен тоқтамаңыз. Кез келген нәрсені үйрену үшін ешқашан кеш емес, сондықтан дәл қазір тұрған жеріңізде бастаңыз.

Мен осы тұста өзге екі тілді үйренуді жақында қолға алып, арнайы сабақ алуды бастадым. Ағылшын және парсы тілінде кітап жазбасамда, еркін сөйлей алатын дәрежеге жетуге деген ниетім бар. Егер осы екі тілді жақсы үйренетін болсам, менің өзім білмейтін тағы бір қырым ашылатынын сеземін. Үйренерім өте көп – әсіресе өзім боянып, ең азы 5 тілде сөйлеп, кітапты жоғары жылдамдықта оқып, үйренсем. Мына заманда ең азы үш тіл білуіміз және білімді болуымыз керек. Үштілді білім беру бағдары бүгінгі оқу бағдарламасына да еніп, оның бала болашағына қажеттілігін ғалымдар зерттеп ұсынуда. Себебі, қазір білімділер заманы. Енді біраз жылда барлық жерде робот жұмыс жасап, жұмысшы күші керек болмай қалуы да мүмкін. Сондықтан, қазірден жан-жақты ізденіп, өзіміздің басқа қырымызды ашып, бұл әлемге бір жаңалық әкелу үшін жаралғанымызға сенуіміз қажет. Қай қайсымыз болса да өз білгенімізбен, мына әлемге керек екенімізді, отбасымыздағы орнымызды біліп, қадірін ұғына білгеніміз абзал. Мүмкін барлығы бұдан да оңай болу үшін, әркім өз өміріндегі үлес салмағын да білуі керек шығар.

Адам рухани тұрғыда даму үшін, өмір бойы ізденіп, өзіне не керектігін айқындап алғаны дұрыс. Кез келген жерде оңашада жүріп, арманын жиі айтқан адамның ойы

мақсатқа айналады. Ал, мақсатқа жету кез келген адамның қолынан келеді. Алдымен, армандап үйреніңіз. Мен бұрын басына шектеулі ғана бағдарлама енгізіп қойған, робот сияқты болыппын. Содан ақырындап армандауды үйрендім. Басында арманым әртүрлі болды. Ең бірінші арманым көп ақша болғаны рас. Ол арман қазір бар адамда болып жатқаны да рас. Сонда да армандауды тоқтатпау керек. Ақшаның жоқтығын емес, ағылып келіп жатқанын ойлап, рахаттанып, сол қиялға беріліп, екі езу екі жаққа жеткенше қиялмен талай жаққа барып қайтып, көз алдына жарқын болашағын елестете білуі керек. Жиі осылай жасаған адамның басына міндетті түрде бір күні идеялар келіп, келген идеяны қағазға түсіруді дағдылануы керек. Ақша – бұл идея. Келген идеялардың ішінен өзінің жан-дүниесіне жақынын тапқан адам болашағын бағдарлап, өзіне керегін нақтылай алады. Міне, осы жан-дүниесіне керек істің нақтылануы – өмірлік мақсат. Сол мақсатты іске асырғаның – арманыңның орындалғаны. Жан-дүниесі қалап тұрған істі бастауға келген идеяны тек қана сол армандаған адам ғана іске асыра алады. Идеяны іске асыру үшін, ақша жоқ болса еш саспаңыз. Ішкі әлеміңіз шын көңілмен қалап тұрған нәрсені бастайын десеніз, Алла керек адамды да, ақшаны да жолда керегінше дайындап қояды екен [2]. Бұл өз тәжірибем. Мен осы бағытта еңбек етіп, бар-білгеніммен бөлісіп жүрген адаммын.

Кез келген адам өмірде өз мақсатын тауып, соған қол жеткізіп, бақытты болуы керек немесе өз мақсатына қол жеткізген адам – жетістікке жеткізген адам дегенді көп естиміз. Жалпы мақсат дегеніміз не? Арман мен мақсаттың айырмашылығы не? Мақсат армандаудан қиялдаудан тұрады. Арман көбінесе, санамызда бала күннен пайда болады. Бала әртүрлі жетістікке жеткен адамдарды, кинодағы кейіпкерлерді, ауылдағы мұғалімді т.б. көріп, қиялдап, өздері сондай болуды армандауы мүмкін. Әртүрлі қиын қыстау кезеңдерді көріп өскен бала, өсе келе, тіпті армандаудан да қорқады екен. Адам баласы үшін ең қиын нәрсе – армандай алмау. Арманы

жоқ адамда мақсат та болмайды. Адам кеңінен армандау керек. Көбінесе адамдар бұрынғы болған сәтсіздіктерінен армандауға қорқады. Кез-келген адам қателесуге құқылы. Өткеніміздегі қателік бұл өмірлік сабақ, тәжірибе. Ең қиыны сүріну, қателесу емес, ең қиыны орнынан қайта тұрмау. Арманыңыз биік болып, Алладан көп нәрсені сұраңыз. Себебі, Алла сұрағанымызды беруші. Ал, армандар міндетті түрде орындалады.

Мамандардың айтуынша кез-келген қиялыңыздағы арманды қағазға жазбайынша, ол арман болып қала береді екен. Сөйтіп күндердің күнінде арманыңыз сізден алыстап көзден ғайып болады. Ал, қағазға нақты жазылған арман – мақсатқа айналады. Кез-келген мақсат қол жетімді. Тек дұрыстап армандап, нақты мақсат қоя білсеңіз. Бүгінгі қоғамда ата-ананың баласына білім алуудағы мақсатын нақтылап, орнымен ұғындырып, отбасылық құндылықтардың қажеттілігін негіздей білгені болашағының жарқын болуына жол көрсететін бағдар деп білемін.

«Жастарды үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулып отыру қажет. Ал, адамгершілікке баулу – адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеуде қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстаған жөн. Ал, адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Өйткені, адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, құдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады [3].

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Өмірден өз көзқарасы қалыптасқан, нақты мақсаты айқындалған,

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

---

өзіне керек дүниені ажырата білетін тұлға дамытуда оның бала кездегі арманы мен сол арманға жеткізер нақты мақсаттарымен жұмыс жасай алуымыз – оның болашағынан зор үміт күттіретін тұлға болуының кепілі. Адамгершілік қасиеті болмысында жан-жақты дамыған, өз орнын таба білген, мақсаты айқын адам бақытты адам. Ендеше, барлық адам бақытты болуға лайық. Тек ерінбей еңбек етіп, ізденіп, адами құндылықтарды меңгере отырып, болашақтан тек жақсылықты ғана армандап соған қол жеткізуге ұмтыла білсе

болғаны. Менің осы бағытта жасап жүрген еңбегім – менің ізденісім, менің көзқарасым, менің жеткен жетістігім. Менің арманым – әр қазақ баласының бақытқа лайық екенін, оның тек ізденіп еңбектену арқылы, өз бойындағы құндылықтарын бағалап, өз жолын таңдай білуге жол көрсетіп, жарқын болашағына бағыт беру. Әр қазақтың жүрегіне өзіне деген сүйіспеншілігін оятып, өмірін оң бағытқа жол сілтей білу. Осы бағытта еңбек етіп жүрмін, әрі қарай еңбек ете бермекпін

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұлттық тәрбие (Таңдамалы лекциялар курсы). – А: Абай ат. ҚазҰПУ, 2011.
2. Бекжігітова К. Ойынды өзгертіп, өмірінді өзгерт. – Алматы, 2017, – 179 б.
3. Ұлттық тәрбие (ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері). – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2011.



*«Адамның ең асылы –  
Қиянатсыз ақ бейіл.  
Ең зиянкес, жасығы –  
Тайғақ мінез, екі тіл»*

*Шәкәрім Құдайбердіұлы.*

МРНТИ 15.41.49

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕДЕН БАСТАУ АЛАДЫ

Ж. Бақыт

Тележүргізуші, кәсіпкер

Мақалада отбасылық тәрбиеде балаға жақсы мен жаманды үйрете білудің жолын ата-ана өз іс-әрекетімен дәлелдеп тәрбиелей білетіндігі зерделенген. Адам баласы өзін-өзі тәрбиелеуден басталатын тәрбиенің негізіне әсер ететін фактор өте көп. Бүгіндегі әлеуметтік желінің, теледидардағы ток-шоулардың ықпалы да тәрбиеге әсер етіп жатқанын осыдан көреміз. Жақсы мен жаманды айыра білетін баланы әр ата-ана өзі тәрбиелейтіндігі нақты мысалдармен суреттелеген. Баланың жақсыны біліп, жақсы адам болып өсуіндегі ұлттық тәрбиенің құндылықтарын балаға ұғындырудың маңызы сипатталған.

**Түйін сөздер:** ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, отбасы тәрбиесі, бала тәрбиесі, даму, еңбеккерлік.

В статье описываются роль семьи в формировании личности и некоторые процессы воздействия на детей со стороны родителей с целью достижения желаемых результатов. Характеризуется социальное, семейное и школьное воспитание, осуществляющихся в неразрывном единстве. В современном мире именно семья в большей степени обеспечивает преемственность традиций. Так же семья оказывает существенное влияние на выбор профессии. Знание родителями своих детей, их положительных и отрицательных качеств, личный опыт родителей, их авторитет, характер отношений в семье, стремление воспитывать личным примером являются актуальными вопросами данной статьи.

**Ключевые слова:** национальное воспитание, национальные ценности, семейное воспитание, воспитание детей, развитие, трудолюбие.

The article describes the role of the family in the formation of the personality and some processes of impact on the children by the parents in order to achieve the desired results. Characterized by social, family and school education, carried out in indissoluble unity. In the modern world it is the family that provides the continuity of traditions to a greater extent. Similarly, the family has a significant influence on the choice of profession. Parents' knowledge of their children, their positive and negative qualities, their parents' personal experience, their authority, the nature of their relations in the family, their desire to bring up personal examples are topical issues of this article.

**Keywords:** national education, national values, family education, upbringing of children, development, diligence.

Ұлттық тәрбие дегенде менің көз алдыма отбасымдағы алған тәрбиенің негізі елестейді. Отбасында ата-ана баласын қандай мейірімге бөлей алады, қандай жақсылық шуағына шомылдырып, қандай үлгі бола алады сол оның болашағына салатын дара жол деп санаймын. Өзім отбасымда ата-анамның бір айқайласып, бір-біріне ауыр сөз айтып жатқанын естіген емеспін. Отбасымда төрт ағайындымыз. Бір-бірімізге қатты сөзге келіп, бір-бірімізді ренжіткен кезіміз болған емес. Себебі, біз ондай нәрсені көрмей өстік. Біздің ұғымымызда ата-ананы тыңдамау, ренжіту туралы ой да болған емес. Біздің санамызда қазақтың «уят болады» ұғымы тұратын. Бүгінде өзім отбасын құрып,

балалы-шағалы болғалы сол отбасымнан көрген тәрбиемді негізге алып отырмын. Ер-азаматты қалай сыйлау керек, оның отбасындағы қадірі мен сыйлылығы туралы көзқарасым да сол отбасымнан алған анамның тәрбиесіне негізделіп келе жатыр десем артық айтқаным емес. Әрине, есейіп, қоғам, ортаға араласып, өзіндік көзқарасың қалыптасып, өз орныңды тапқаннан кейін, еңбек пен ізденістің арқасында отбасыңнан алған тәрбиенді одан ары дамытып, өз ойың қалыптасқан жанға айналасың. Ол табиғат заңы. Ол солай болуы да қажет. Бірақ, сол даму үрдісіне бала кезден қалыптасқан түсінік тек жақсы жағынан дами түсуі шарт емес пе?

Отбасылық тәрбиеде балаға жақсы мен жаманды үйрете білудің жолын ата-ана өз іс-әрекетімен дәлелдеп тәрбиелей біледі. Ендеше бала тәрбиесінде «бақыт» ұғымын ұғындыра білгеніміз дұрыс. Менің түсінігімше, бақыт формуласы: денсаулық – отбасы – жетістік – ақша. Таразы басы тең болса, сіз жүйкесі тыныш бақыттысыз. Бақытты жанның жүзі де, көзі де жанып тұрады! Далада жаңбыр жауып тұрса, сіз батпақ емес, нұрды көретін боласыз. Ал, қайсысын көру – сіздің еркіңіз. Бақытты болу, болмау – сіздің қолда. «Ол адамның емес, Алланың қолында, қателеспе, шырақ» дейтін шығарсыз, иә, Құдай бізді жаратты, бірақ жаратты екен деп «Ал, оқыт, жұмыс тауып бер» деп жатпайсыз ғой? Мектепте жаның қиналып оқымасаң, білім ала алмайсың. Ізденіп, өз мүмкіндігіңді көрсетпесеңіз, жұмыс таба алмайсыз. Яғни өмірде қандай орын аласыз – оның сценарийін өзіңіз жазасыз. Бірақ басты кейіпкер ретінде ешкімге еліктемеңіз, ешкімнің ойына қосылмаңыз, сіз өзіңізше Алланың ерекше қылып жаратқан тұлғасысыз. Өзіңізді солай жоғары қойыңыз. «Мен Жаратушы Алланың сүйікті пендесімін. Ол маған ылғи дұрыс жол көрсетеді. Менің денсаулығым жақсы, отбасым қартайғанша қасымда болады. Маған адал жолмен ақша құйылып келеді, көмек сұраған жандарға көмектесе алатындай жағдай бер, күш-қуат бер! Мен өте сүйкімдімін, семірмеймін, киімдерім жарасымды!» деп қайталай беріңізші. Көлігіңізде, не автобуста отырғанда осыны қайталаңызшы, қалай кеудеңізді қуаныш кернеп, күлімдеп отырғаныңызды байқамай қаласыз. Жан-жағыңыздағының бәрі жайнап кеткендей болады, тіпті неше жыл жүрсеңіз де байқамаған биік таудың сұлулығын көретін боласыз!

Сондай-ақ, өзім қазіргі кезде туған-туысын, қайын жұртын жамандаған, екеуара құпиясын елге ашық жазған хаттар жарияланатын парақшаларды, әйелімен ренжіссе де Үкіметтен көретін адамдардың постын оқуды қойдым. Бұрын соларды оқып, сөзін сөйлеп, белсенді түрде ойымды бөлісетін едім. Сөйтсе, бұл адамға зияны болмаса, пайдасы жоқ екен. Мысалы, адам қателікті ешқашан өзінен іздемейді, бі-

реуден іздейді, бір ақылы таяз келін «Қайын енем – мыстан!» деп хат жазса, тұрмыс құрмаған қыздарда «Ененің бәрі –мыстан» деген ой қалыптасады да, ол күйеуге шыққан соң автоматты түрде шошып енесінен қорқып, жаман көзқараспен қарап жүреді. Пенденің бәрінде кемшілік бар, менде де, сізде де. Біреудің тек жаман жағын іздей берсеңіз, ол расында жаман адам сияқты көрінетін болады [1].

Сосын ол келін хат жазады жаһанға жар салып «Қайын атам, енем мынадай» деп, жүреміз сосын «Қайын» деген сөзді естісек дірілдеп, шошып. Немесе, бір жігіт қызымен ренжісіп қалса, үшбу хат сияқты фейсбукте отырып алып «Қазір дені дұрыс қыз жоқ, бәрі бұзылған, әйткен, бұйткен» деп толтырып пост жазады. Оны компьютердің алдында күнітүні отыратын, басқа түк бітірмейтін жігіттер оқып қоштайды. Қыздар да сөйтеді. Оларды оқысаң, қазір дені дұрыс жігіт жоқ, қыз жоқ, ата-ененің бәрі мыстан, жалмауыз, көлік, үй әперуге жағдайы жоқ әке-шешесі онбаған, дұрыс баға қоймаған ұстаз нашар, жұмыс тауып бермеген туысы жаман. Ой елегінен өткізсек, ешкім бұған өзін кінәламайды. Бәрі өзіне тікелей қатысты екенін түсінген адам біреуді кінәламайды, қатесін түзеп, дұрыс өмір сүруге тырысады, Сіз дұрыс болсаңыз, елді сыйласаңыз, өзіңізді бағаласаңыз, сізді де сыйлайды, бағалайды.

Адам баласы өзін-өзі тәрбиелеуден басталатын тәрбиенің негізі деп білемін. Бүгіндегі әлеуметтік желінің, теледидардағы түрлі бағдарламалардың, ток-шоулардың ықпалы да тәрбиеге әсер етіп жатқанын осыдан көреміз. Сондықтан, жақсы мен жаманды айыра білетін баланы әр ата-ана өзі тәрбиелейді. Балаңыз жақсыны біліп, жақсы адам болып өссін десеңіз, ұлттық тәрбиенің құндылықтарын балаға ұғындырып, өзіңіз де үнемі іздену үстінде болуыңыз маңызды.

Адам өмірін мағыналы өткізгісі келіп, артында өнегелі ұрпақ қалғанын қаласа, дүниенің соңынан кетпей, баласына тәрбие беруді мақсат етуі керек. Себебі, ұстап отырған телефоның, киген киімің, астындағы көлігің, істеп жүрген жұмысың, бәрі-бәрі

уақытша. Тіпті өміріміздің өзі уақытша, оның қасында манағылар не, тәйірі. Жалған деп бекер айтпаған ғой ағамыз қазақ. Бірақ пендешілікке салынып, сол «уақытша» деген нәрсені, бастық болсақ мәңгі отыратындай жақыныңды танымай, жалғанды жалпағынан басып, аранымыз ашыла құныға жұтамыз. Креслодан бір теуіп ұшырған күні, «Мәә, уақытша екен ғой, ә, қап, бекер олай етіппін» деп өкінеміз. Фейсбукты оқып отырсам, «Бүгін қызметіммен қоштастым» деп жазып жатқан біреу. Сөздерінен қызметін қымай отырғаны сезіледі, кім жылы орнын қисын бірақ? Алайда, біреуге бағынышты болған жерде заңдылық сол, сен орныңды әйтеуір бір күні босатуың керексің. Мектепте тәртібі үшін әр мектеп шығарып жіберіп, сонда да саспай оқып жүретін бұзық балалар болады ғой, оған еттері үйреніп алған, онысы үшін қысылмайтын да еді [2].

Ал, мықты оқитын үздік оқушыны жоғарғы сыныпта мектептен бір күні шығарып жіберсінші, бұл оқушы үшін ол өте қиын жағдай болады, ол өмірден түңіліп, тіпті суицидке дейін баруы мүмкін. Сол сияқты, жұмыс ауыстырып үйренген адам да саспайды, өйткені оған еті үйренген, жағдайды сол қалпында қабылдайды, ал бір жерде ұзақ жыл отырған адамның орнынан кетуі – қиынның қиыны. Жағаға шығып қалған тесік қайықтай сезінетін болады өзін.

Камшат Бекжігітова кітабында «Құдайдың берген мүмкіндігін сынақ деп қабылдайтын пенденің өзі» деп жазып еді ғой. Расында біз қиындық келсе қарсы тұрудың орнына «Құдай мені не үшін сынап жатыр екен?» деп шыға келеміз, ал шындығында «Қимылда енді, қарағым, саған мүмкіндік бердім, алға!» дейді екен Жаратушы («Ақша бер, Алла» дегенге, аспаннан ақша түсірмейді ғой!). Мысалы, сіздің дауысыңыз мықты болса, диванда жатып айқайлап өлең айтыңыз, ешкім болмайсың. Талант – 1 пайыз, еңбек – 99 пайыз. Көбіне пендешілікке беріліп сол мүмкіндікті жіберіп аламыз.

Былтырғы жылы мен үшін күтпеген жағдай көп болды, 12 жыл қозғалмай қызмет

еткен телеарна саласын тастауыма тура келді. Басында есенгіреп жүрдім. Кейін ойландым. «12 жыл өзгермеген нәрсе, тағы он жыл отырсам да өзгермейді. Құдай маған басқа мүмкіндік беріп тұрған болар?» дедім өзіме. Сосын не болса да өзімді сынап көрейін дедім. Ұлттық нақыштағы киім үлгісімен теледидарға шығып жүргенімде, көпшіліктің сол киімдерге қызығушылығы артып, қайдан алуға болады деп сұрақтар қоя бастады. Халыққа ұлттық нақыштағы киімдердің тәрбиелік қыры мен, әдемілігі қызықтырғаннан кейін, сол киімдерді алуға мүмкіндік жасауға болады-ау деген оймен, бір-ақ күнде, бизнес әлеміне кіріп кеттім десем де болады. Қазақ қоғамы өз құндылықтарын дамытуға үлес қосқысы кеп, ұлттық негізге жасалған заттар көптеп сатылуда. Бұл халықтың басқа елдердің заттарына қызықпай, өз еліміздің ерекшелігін дамытып, өзіндік бренд қалыптастырып, ұлттық болмысымызды қалыптастыратын бірден-бір жол деп білемін. Сол бағытты негізге алып, жұмысты бастап кеп жібердім. Бүгінде халықтың қызығушылығы артып, жұмысымыз жақсы деңгейде жүріп жатқаны да тынбай еңбек етіп отырған дизайнерлеріміз бен соны халыққа танытудағы ізденісімнің арқасы деп білемін.

Бақыт деген не? Отбасымыз аман-есен болып, басымызда баспана, қолымызда ақша, деніміз сау болса – сол бақыт дейміз. Негізінде нағыз бақыт – өмірде орныңды таба білуде екен. Орныңды қалай табасың? Нақты мақсат қойғанда ғана. Сол себепті баладан «Өскенде кім боласың?» деп сұрап, ол қай салаға қызығады, сол жолмен жіберу керек сияқты. Көбіміздің ана жұмыстың басын бір, мына жұмыстың басын бір шалып жүрген себебіміз, әлі күнге «Өскенде кім болам?» деп жүрміз. Бала күнімізде ойлануға уақытымыз көп еді, ойланбаппыз.

Жақында өнерімен аспан асты елін таңқалдырып келген әнші Димаштың сұхбатын көрдім: «Ес білгеннен әнші болам дедім. Болды! Басқа салада жұмыс істеймін деген ой ешқашан болған емес» дейді. Арманына жетті, себебі, оның нақты мақсаты сол болды [2].

Менімен мектепте бірге оқыған Мақсат атты

құрдасым 5-сыныптан бастап театр ұйымдастырып, сценарий жазып, тегін концертке қарық қылатын. Өзінің «Мақсат-шоу» деген театры болатын. Сабақтан таппасақ та Мақсатты акт-залынан тауып алатынбыз. Ал қазір Мақсат «Алдараспан» театрының концертін, кино, бағдарламаларды түсіреді, мықты режиссер.

Мектепте бірге оқыған Гүлзира да арманына жетіп дизайнер болды. Өйткені ол еңбектене білді. Жаны қалаған жұмысын өмірден тауып, соған шабыттана кірісіп, жұмыс жасауда. Жұмыс жасағанда ол шабытыңды оятып, жандүниеңмен келетіндей бақыт бере білуі керек. Сонда ғана адам өзін бақытты сезінеді.

Ал мен филологияны оқып журналист болдым, сол журналистік арқылы танымалдылыққа ие болып, өз орнымды таба білдім. Сол танымалдық пен, ұлттық құндылыққа бағытталған тәрбиенің негізінде бизнес әлемінен де өз орнымды тауып отырған жайым бар. Осы жетістіктің бәрі үлкен еңбек пен қайтпас қажырлылықпен келетінін естен шығармау керек. Негізі, оқыған мамандығым мұғалім болғандықтан, мұғалім болып, жақсы шәкірттер тәрбиелеймін деген ойымді өмірдің өзі ізденісімнің арқасында, бүгінгі жағдайыма жетелеп, өмірден өз орнымды ойып таба білген жанға айналдым.

Маңдай термен, ақ адал жолмен тапқан ақшаны жұмсау – адамды бақытқа бөлейтін сезім. Алайда ақша өз-өзінен келмейді. Біздің көбіміз түк істемей байып кеткіміз келеді, Құдайдан диванда жатып алып «Е, Алла, көп ақша бере көр» деп тілейміз. «Бер-Ал» деген өмір заңдылығы бар, ақша табу үшін сен еңбек етуің керек, сен елге беруің керек. Ал, еңбек ету үшін сенің өмірлік мақсатың болуы керек. Жас шыбықты жерге отырғызған соң ертесі

жемісін жеймін демейсің ғой мысалы, кем дегенде үш жыл күтіп, баптап, сосын барып көлеңкесінде рахаттанып отырып, жемісін жейсің.

Баяғыда үлкендер «Адам жар таңдауда, сосын мамандық таңдауда шатаспауы керек» дейтін, мамандық деген – сенің бала күнінен сүйіп айналысатын ісің екен, сол арқылы сен мақсат қойып, өскенде сол мақсатың сүйікті ісіңе айналса, міне, керемет екен. Жұмысыңды сүйіп, шаршамай істейсің, сол еңбегіңе сай табыс та келеді.

Сондықтан адам баласы өзінің өмір жолын таңдағанда өзінің жаны қалап тұрған іске кірісіп, сол жасаған ісінен ләззат алып, пайдасын көруге ұмтылуы керек. Осы ұғымды баласына түсіндіріп, өзі өмірін өнеге етіп, баланы еңбекке баули білуі керек деп есептеймін. Бүгін сабағын жақсы оқудың өмірге қажет екенін түсіндіре отырып, оны пайдасына жарата білетіндей жол сілтей блу керек. Балаға сол тәрбие жолын көрсете білсеңіз, ол өз мамандығын дұрыс таңдайтын адам болып шығары анық [3].

Сондықтан музыкант болам деген баланы юрист боласың деп қинаудың қажеті жоқ. Бала күніндегі арманың мамандықты дұрыс таңдауына септігін тигізеді екен ғой. Бірақ ата-ана баланың сол қабілетін дамытатын жұмыстар жасай білулері керек. Қазір не көп, баланы дамыту орталықтары көп. Балаңыздың қандай өнерге жақын екенін байқасаңыз, сол өнер түрін жетілдіруге атсалысыңыз. Ұлтымыздың құнды ойлары мен философиялық мағынасын өз өмірімізде қолдана отырып отбасылық тәрбие берудің баланың жарқын болашағының кепілі деп білемін.

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://instagram.com/p/BSEXpELFCk-/>
2. [https://instagram.com/p/BTB4ifVFx\\_Z/](https://instagram.com/p/BTB4ifVFx_Z/)
3. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садықова А.Е., Советханова Д.М., Қдыралиева Ж.Б. Мәңгілік ел құндылықтары. / Монография. – Алматы, 2016. – 222б.

МРНТИ 15.41.49

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ЖАС ОТБАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ –  
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Н.Л. Кенжебекова

*Балалар невропатологы,*

*ҚММУ, Неврология кафедрасының оқытушысы, Қарағанды қ.*

Туыстық қарым-қатынас – қазақ отбасындағы қарым-қатынастың ең маңыздысы. Отбасы – қазақ түсінігінде өте қасиетті ұғым. Мақала қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктеріне арналады. Ұл үйленіп, үйге келін түскеннен кейінгі жана қарым-қатынасқа сипаттама берілуі мақаланың өзектілігін ашады. Қазіргі қазақ отбасында орын алып жатқан көкейкесті мәселелерді көтеру мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

**Түйін сөздер:** нағашы жұрт, немере, келін, отбасы тәрбиесі, ұрпақ тәрбиесі, ұлттық тәрбие.

Родственная связь для казаха особенная составляющая в его семейной жизни. Семья – для казаха понятие святое. Рождаясь и воспитываясь в семье, ребенок впитывает все, что присуще этому дому. Повзрослев, создает семью и передает полученное воспитание своим детям. Особые взаимоотношения внутри членов семьи выработаны вековыми традициями народа. Данная статья посвящена родственным связям после женитьбы сына, так как в семье появляется проблема построения отношений с новым членом – снохой, невесткой. Разумеется, люди все разные и отношения складываются по-разному, порой бывают очень драматичные ситуации.

**Ключевые слова:** нағашы жұрт – родня по материнской линии, внуки, сноха, невестка, семейное воспитание, воспитание будущего поколения, национальное воспитание.

A related relationship for the Kazakh is a special component in his family life. The family is a sacred concept for the Kazakh. Born and reared in the family, the child absorbs everything that is inherent in this house. Having matured, he creates a family and transmits the received upbringing to his children. Special relationships within family members are worked out by age-old traditions of the people. This article is devoted to kinship ties after the marriage of a son, since the family has a problem of building relationships with a new member – daughter-in-law. Of course, people are all different and the relationship develops in different ways, at times there are very dramatic situations.

**Keywords:** maternal relatives, grandchildren, daughter-in-law, family education, upbringing of the future generation, national education.

Тарихтың даму белестерінде әрбір халық саяси-әлеуметтік, мәдени және идеологиялық жағдайына сай рухани, дәстүрлік, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны ұрпақтар игілігіне қалдырып отырады. Оның орнықтылығы әрі тереңділігі, мәнділігі қоғамның бетке ұстаған саяси және тәрбиелік бағдарына келіп тіреледі.

Қазақ халқының тарихы сал пен дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туысқандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар,

осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінің бойынан көрінетін дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Әсемдік пен әдептілік үйлесімдік тапқан. Мәселен, ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп, құдалы болу, қазақ некесінің ерекшеліктері, қалың мал мәселесі, бата бұзу, ажырасу, бала асырау, әменгерлік, мирас пен мұра т.б. ежелгі отбасы дәстүрлері мен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін, шаңырақ



шайқалып, босаға босамауына назар салғанын көреміз [1].

Соңғы кезде қазақ халқының табиғатына тән, ана сүтімен сүйекке сіңген ізгі әдет-ғұрыптардан тыс қалып бара жатқандаймыз. Өз ұлтының өткені мен болашағына бей-жай қарайтын тәрбиеден тысқары қалған жастар аз емес. Ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, әдеп сақтаудан хабарсыз кей жастардың қылығы әркімнің-ақ намысына тиері сөзсіз. Халық өнерін игеру – жастарды еңбек сүйгіштікке, әсемдікке бағыттап, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, жақсы әдет, дәстүрлерін жалғастыруға баулиды.

Ұлттық тәрбиеміз отбасынан басталып, кейін де жалғасын тауып жатса, қазақ халқының қанында жоқ, ата-баба тәрбиесіне жат, өрескел қылықтар, яғни өзін жарық дүниеге әкелген анасын, әлпештеп өсірген асқар таудай әкесін қазіргі таңда қарттар үйіне өткізген, нашақорлық пен маскүнемдікке салынғандар туралы әңгімелер естімес едік, ондай сұмдықты көрмес едік!

Атам заманнан жалғасып ар-ұжданымызға ұялаған қанымызға сіңген қастерлі қазақ салтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мұра ретінде кейінгі ұрпаққа қалдыру – бәріміздің де борышымыз. Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген ата-бабамыз асыл сөздің кестесімен сәби жүрегін тербеп, ой-санасын игі адамгершілікке жетелейді. Сондықтан кең байтақ ата жұртымыз ертеден жас буынға жалғасып келген ар-ұят сақтау, мейірімді, шарапатты болу салтанатын құрды. Ұнасымды қарым-қатынас жасай білу – бұл адамзат баласының әу бастан өз өміріне серік етіп, ұғыныса, сыйласа, тіршілік құру сапарында алға ұстап келе жатқан әдеп салттарының ең көкейкестісі. Адамдар өздерінің арасында тату, кішіпейіл, өресі деңгейлес қатынастардың болғаны жөн екендігіне ежелден-ақ ден қойған. Бабаларымыз «Дәстүрге арқа сүйемегеннің – көсегесі көгермейді» деген. Яғни, жас отбасын ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған. Салт-санасы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген [2].

Тәуелсіздік туын көтерген елімізде ұлттық

тәрбие ұстанымының өзіндік қыры мен сыры бар. Ұлттық психологияның түп тамыры халқымыздың тарихы, өмір сүрген ортасы мен мәдени дәстүрінде жатыр. Қай кезде болсын шәкірттің, жас буынның өнеге тұтар, өзіндік тәлім-тәрбиесі болған. Сондықтан да болашақ ұрпақтың сана-сезімінің халық салт-дәстүрімен сабақтастыру – бүгінгі психологиялық тәрбиенің өзекті мәселесі. «Қызың өссе, қызы жақсымен, ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол», «Қызға қырық үйден тыно, бір үйден жыно» деген нақыл сөздер осының айғағы.

«Қызыңды бөтен үйге қондырма, ұлыңды бөтен үйден тойдырма» деп, ортақ талап қойған. Мұнда ұлдың да, қыздың да ретсіз жүруінің, мезгілсіз қыдыруының жағымсыз екенін ұқтырып отырған. Отбасындағы ұлттық тәрбиенің имандылыққа, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейтінін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Отбасы үшін ежелден тән қасиеттер: балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туыскандық кең байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс салтына байланысты болған. Жас отаудың пайдасына асатын әдет-ғұрыптар келешегін, нәсілінің болашағын ескертуден туындап, халқымыздың ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойы желісін үзбей жалғасып келген. Ата-анамыз екі жасты үйлендірмес бұрын оларға мынадай шарт қояды: біріншіден, қалыңдықты жеті атадан асырып іздеу қажет. Бұл талаптың мәнін халқымыз былай түсіндіреді: «қандас туыс адамдар үйленсе дұрыс бала туылмайды, туыла қалғанның өзінде ғұмыры қысқа болады». Екіншіден, ағайын-туысқан арасында әдепсіз, жағымсыз қылықтар етек алып, ынтымақ бұзылады. Осылайша, атақты қазақтар қашанда өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзінің теңіндей адамдардың қызын айттыруға тырысқан [3].

Ата-бабаларымыздың, даналарымыздың, ақын-жарауларымыздың ақыл-өсиеттері, ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған және халықтың ежелден келе жатқан салт-санасындағы, әдет-ғұрпындағы дәстүрлік тарих тағылымдарын өмірге үйлесімді пайдалану – ұл мен қызға

берілетін тәлімді жетілдірудің тиімді жолы болуымен қатар, олардың бойына инабаттылықты, мейірімділікті, бір-бірін сыйлау, құрметтеу, адамдық қасиеттерді дарытуға игі ықпал ететін және оның өмірге тез сіңіп, болашақ отбасының тұрақтанып, бала тәрбиесінің жақсартып, адамдар арасындағы қарым-қатынас жарасымын көркейтіп, жауапкершілікті өркендетуге ықпал етеді. Мұның нәтижесі түрлі кінәраттарға тосқауыл жасап, дөрекіліктер мен қатыгездіктен тиылуға және әдептіліктің бойға даруына ынталандыратын тиімді тәсіл [4].

Қазақта «үйлену оңай, үй болу қиын» деген сөз бар, үйленіп, үй болу – адам өмірінің ұмытылмас кезеңі. Оның да өзіндік қызығы мен қиындығы бар. Қазақ халқы қыз ұзатып, ұлын үйлендіріп келе жатқан, басқа халықтар сияқты думаншыл-сауықшыл халықтардың бірі. Ежелден бері қалыптасып келе жатқан дәстүр бойынша, қазақ халқында отау тігудің әр түрлі, рет-ретімен орындалатын салт-дәстүрлері өте көп. «Қызын қияға, ұлын ұяға» қондыру әке-шешенің ұл-қызының алдындағы міндеті.

Ұрпағын ойлап, оның өніп-өсуіне көп мән берген көреген халық екеніміз рас. Мысалы бабаларымыз өзін киелі ағаш бәйтерекке теңеп, оның тамыры – ата-бабамыз, ал бұтағы – ұрпақтарымыз деп санаған. Ал осы бәйтеректің бұтағы гүлдеп, жапырағы жайқалу үшін, яғни ұрпағымыздың өніп-өсуі үшін, тамыры мықты болу керек және оны сусындатып отыруды да ұмытпаған жөн.

Қазақ табиғатында отбасы иелері балаларының алдында өздерінің тіршілік әрекетінде барлық адамгершілік қасиеттерін, үлгісін көрсете білген. Оның басты себебі «ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді» деп бағалағандықтан. Сондықтан, ата-ана балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеп, «шеше көріп тон пішуге, әке көріп оқ жонуға» баулитын болған. Осылайша ұрпақтың отбасы тәрбиесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұрынғы қазақ жастары тәрбиені жаппай мектеп пен медреседе оқып-білмесе де, қызы анадан, ұлы әкеден үлгі-өнеге алған.

«Туыс – тау, қайын – қанат, нағашы – нар» деп, ер-жігіттің үш жұрты барын әрқашан

айғақтап келген дана халқымыз «Адамның жақсы қасиеттері нағашыдан жұғады» дейді. Мұнда әлеуметтік шындықтың көзі бар. Нағашы немесе нағашы жұрт – туыстық атау. Шешесінің төркіні балаларына нағашы болады. Әже төркіні немересіне түп нағашы делінеді.

Қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшеліктері бар. Олар бірін-бірі күндемейді, араларында бақталастық, қызғаныш болмайды, өзара әзілдесіп қалжыңдасады. «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деп, жиендерін барынша еркелетеді. «Балалығың ұстаса, нағашыңа бар» деген мәтел соны меңзейді. Дәстүрлі қазақ қоғамында нағашының жиенге қарағанда жолы үлкен болады. «Нағашымен күрескен жиен жығылады» деген мәтел бар.

Бабаларымыздан қалған сөз «Нағашы жұртың – сыншыл. Жақсыңа сүйінеді, жаманыңа күйінеді, әрдайым тілекші, тілеуқор боп жүреді» дегеніне қарағанда, үш жұрттың ішіндегі ең сыйлысы – осылар. Олар жиенін әрқашан еркелетіп, сұрағанын беріп отырған. Тек туған нағашысы ғана емес, сол рудың барлығы да жиенге нағашы деп аталады. Нағашы жиенін күндемейді, керісінше, оның азаматтығы мен ізгі істеріне сүйініп, мақтанып, мақтап отырады. Нағашылық жасқа қарамайды. «Үйдің жақсы болуы – ағашынан, жігіттің жақсы болуы – нағашыдан» деген мәтелден-ақ қазақтың нағашы жұртқа деген құрметін ұғамыз.

Нағашы жұрт жиенді ешуақытта сыртқа теппейді, керісінше «қыздан туғанның қиығы жоқ» деп баурына тартып отырады. Сөйте тұра «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» дейтіні тағы бар. Бұған жауап ретінде: «Жиен ел болады – малы болса, желке ас болады – майы болса», - деп әзіл-қалжың айтады. Мұның бәрі нағашы мен жиен арасын алыстату үшін айтылған сөз емес, өзара достық әзілден туып, көпшілік арасында қалыптасып кеткен бейнелі ұғымдар. Бұл ер-жігіттің намысын қайрай түсу үшін әдейі айтылған әзіл-қалжың. Сондықтан да, жігіт бұл сөзге жасымай, қайта жігерлене түседі. Жиенін өз қолынан үйлендіріп, басына отау тігіп, алдына мал салып берген нағашылар

да баршылық. Бұл – әркімнің хал ақуалына қарай орындалатын дәстүрлі сыйлық. Егер нағашының қолы қысқа болып, жиеннің байлығы артып жатса, жаңағы сыйлықтың керісінше жүріп жатады.

Нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынас алым-берімге ғана қатысты емес. Мал-дүние қолдың кірі сияқты, оның бір жұтта жуылып-шайылып кетуі әбден мүмкін. Ал, нағашы мен жиен туыстық жағынан мәңгі ажырамайтын тұлғалар. Бұлар мейлі бай, мейлі кедей болсын бәрібір, бірінен-бірі кете алмайды. Өз анасын шын сүйетін жігіт сол ананың туыстарын да жақыным, бір жұрттым деп қадір тұтады.

Қазіргі кезде көптеген отбасыларда, келіндерін төркінімен байланыстырмай, немерелеріне нағашысы туралы айтпағанды жақсы көреді. Ал ондай қиянат бұтаққа балта шапқанмен тең, өз ұрпағының болашағына кесірін тигізу екенін білсе ғой. Ұрпақ екі жақтан да нәр алады. Ағаштың жарты тамырын шауып тастасаңыздар не болады? Сол сияқты ұрпақ та өсіп-өнбейді. Бұл Әлемнің заңы. Қазақ «жігіттің үш жұрты» деп нағашы жұртты да атап өткен, қайын жұртты да қосқан. «Жиен ел болмайды» десе де, кейбір шежірелерімізде жиендерін жазған мәліметтер бар. Медицинада баланың ата-анасы екі түрлі ұлттан болса, онда баланы анасының ұлтымен қарастырады, яғни бала анасына тәрбиелік ғана емес, сонымен қатар генетикалық жағынан да жақын екенін дәлелденген.

Қазақ қыз алғанда тектілігіне қарап таңдаған халық қой. Кейбір шежірелерде әйелдерін жазып, қай рудан шыққанын көрсетеді, ал

кейбіреулері қыздарын тарқатпаса да атап жазып қояды. Негізі осы дұрыс шығар. Себебі, қазақ жеті атадан аспағанды қоспаған халық қой. Ал, ол жеті атаның ішінде қыздарынан тараған ұрпақта қосылып жатуы да мүмкін ғой. Кейбір тұқым қуалайтын аурулардың рецессивті түрлері шыққанда «қайдан шықты?» деп жатамыз. Сондықтан, қыз бала қонақ болғанымен, оның да ұрпаққа тәрбиеден басқа берері көп екенін түсінгеніміз абзал. Келін – кейбіреулердің санасында құқығы жоқ мүсәпір, күң. Оның да өз ұрпағының тармақ жаюына өте маңызды өткел екенін білуіміз тиіс. Ұрпағы таралмай, перзентке зар болғандар немесе ұрпағы азып кеткендер ұрпақ өрбіту жолында қатыгез ата-енелердің осындай қиянат жасаудан құдайдың қаһарына ұшырағанын түсінсе ғой.

Келінді төмендету, келінді менсінбеу, немерелердің нағашыларымен араласуына тиым салу дегендер атам қазақтың қоғамында да, заманында да болған емес. Ия, кейбір қыздар да бар: күйеуге шықса да ата-анасының үйін жағалап жүретін. Ол енді, өз анасының тәрбиесіне байланысты болуы керек. «Төркіні жақынның төсегі жиналмайды» дегеніміз осы шығар. Ал кейбір қыздарымыз бар, келін боп түскен үйінің табалдырығында шіритін, өзіндік орны жоқ бейбақтың күйін кешетін. «Келіннің өнегелі болуы – енеден» демекші, келіндеріңізді басынып, қиянатқа тап болмаңыздар, ағайын. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу, ұл болашағын қалыптастыру, отбасыңыздың бақытты болуы өздеріңіздің қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар!

### ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 К. Бектаева, Ж. Елеубаева. Бастауыш сыныптарда Ана тілі сабақтарын өткізуге арналған әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2006.
- 2 К. Әлиева. Адамгершілік сезім қалыптастырудың теориялық негіздері. – «Бастауыш мектеп», 2004. – №3.
- 3 Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995, – 21-22 бет.
- 4 Ә. Табылдиев. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 56 бет.

МРНТИ 15.41.49

ОТБАСЫНДА ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ БАУЛУ

Қ. Ошақбаева

Кәсіпкер, Алматы қ.

Мақалада қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің бүгінгі отбасы тәрбиесіндегі рөлі сөз етіледі. Бүгінгі жанаша ілімдердегі бар жақсы қасиеттер біздің ұлттық тәрбиемізде бұрыннан да болғандығын, әжелерімізден жеткен күнделікті өмірімізде естіп, қолданып жүрген қазақылығымыздан көрініп тұратындығы, оның пайдасы туралы нақты мысалдар келтірілген. Сол тәрбие үрдістерін өмірлік қағида етіп ұстану арқылы қазақи болмысымыз дамып жетілуде. Отбасы тәрбиесінде ұлтымыздың қолданған салт-дәстүрінің пайдасын түсіндіре білу туралы сараптама жасалған.

**Түйін сөздер:** ұлттық тәрбие, салт-дәстүр, адамгершілік, жас ұрпақ, отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылықтар.

В статье рассматривается роль национального воспитания, ценности и традиции современной казахской семьи. Описываются и анализируются понятие семьи, взаимосвязь с возрастающими изменениями в обществе. Показаны традиции семейного воспитания, национальные ценности и бытовые необходимости. Сформированы основные принципы традиционного семейного воспитания казахского народа и факторы, влияющие на него. Приводятся примеры, воспитательные средства и методы. Показана роль родителей и пожилых людей в воспитании, указываются семейные обязанности, рассматривающиеся в связи с изменениями в обществе.

**Ключевые слова:** национальное воспитание, традиции, нравы, молодое поколение, семейное воспитание, национальные ценности.

The role of national education, values and traditions of the modern Kazakh family is considered in the article. Describes and analyzes the concept of the family, the relationship with the increasing changes in society. The traditions of family upbringing, national values and everyday necessities are shown. The basic principles of the traditional family upbringing of the Kazakh people and the factors that influence it are formed. Examples are given, educational tools and methods. The role of parents and elderly people in upbringing is shown, family responsibilities, which are considered in connection with changes in the society, are indicated.

**Keywords:** national education, traditions, customs, young generation, family education, national values.

Қазақтың ұлттық тәрбиесі ықпалы заманнан өте қасиетті, сол қасиетінен бүгінгі өмірде де пайдасын отбасы тәрбиесінде пайдалана білгеніміз дұрыс қағида деп есептеймін. Себебі, бүгінгі жанаша ілімдердегі бар жақсы қасиеттер біздің ұлттық тәрбиемізде бұрыннан да болғандығын, апаларымыз айтқан, әжелерімізден жеткен күнделікті өмірімізде естіп, қолданып жүрген қазақылығымыздан көрініп тұрады. Соны өмірлік қағида етіп ұстану арқылы қазақи болмысымыз дамып жетілуде. Ұлттық тәрбие бүгінгі қоғамға өте қажет деп есептеймін. Жас ұрпақты тәрбиелеуде біз орта буын, өз ұлтымыздың мүддесін қалыптасты-

рып, жаманын жасырып, жақсысын асыра көрсетуіміз керек. Себебі, «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, бүгінгі қоғамдағы бала тәрбиесі, отбасы тәрбиесі барысында қажетін іске асырып, пайдаға жаратып, қоғам қажеттілігінен шығып қалған дүниелерді ажырата білгеніміз абзал.

Ұлттық тәрбие нақышы қазіргі заманымызда барлық отбасыларда бар. Шілдеhana, бесік тойдан басталған салт-дәстүріміздегі әрбір тәрбие, мәдениет, қасиет – ұрпақ тәрбиелеп жатқан мықты дүниелер.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін бата беру, ас қайыру, дастархан мәдениеті және тағы

да басқа қазаққа ғана тән ұлттық тәрбиемізді отбасымда балаларыма қалдыратын асыл мұрам деп есептеймін. Бала өсіруде ұлтымыздың мәдениеті, салты, тәрбиесі маған көп көмек беруде.

Біздің қазақы ұлттық тәрбиенің түп ата-сын қарасақ, қазіргі көріп, оқып, жаңаша деп жүрген мәдениеттің барлығы да бар. Мәселен, Ведьлар іліміндегі ажыраспау, отбасылық құндылықтарды жоғары қою, қыз балаға қатаң карау деген, бізде қазақта «қызға қырық үйден тыйым» деп, ертеден келе жатқан қасиетіміз басты құндылығымыз болғандықтан, сол заңдылықты бүгінде әр отбасы ұғынғаны абзал. Қандай да болмасын шетел мәдениетінен бір жақсы нәрсе көрсем, барлығы маған біздің мәдениеттен алынғандай болып көрінеді. Себебі, атам қазақ о бастан, «ел болам десең бесігінді түзе» деп, тәрбиеге аса зор мән берген. «Адамның бойындағы қандай да қасиеттер, мейлі жақсы, мейлі жаман болсын ол адамгершілік, білім-парасаты, инабаттылық, кісілік мінез, еңбек дағдысы, – бәрі-бәрі үлгі-өнегені үйрену арқылы жүкпак. Оның негізі ұлттық тәрбие беруде. Бұрынырақта баласын тәрбиелеу мақсатында адамның өмірі мағыналы болсын деп, ұлы адамдардың қасына қосып қойып, солардың қасында жүру арқылы, аталы сөздерін тыңдап өсу арқылы тәлім-тәрбие үйренуге ықпал еткен. Сондай адамдардан тәрбие алған адамдардың біразы кейіннен халқымыздың біртуар азаматы болып ержетіп отырған. Кейін ел ісі де осындай жастардың қолына өтіп отырған [1].

Біздің қазақ қоғамы бұрынғы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кездің өзінде жесірін жылатпаған, жетімін сұратпаған, бүтін ел болып, отбасының сақталуына көмек беріп отырған. Әменгерлік сияқты салтымыз соның бірден-бір дәлелі. Қазір елімізде үйленген жұптардың 70 пайызы ажырасатын көрінеді. Сұмдық статистика. Ұлттық тәрбиені дәріптеудің нағыз мезгілі келді деп ойлаймын.

Экономикалық жұтандаудан өтіп, қазір тұрақты экономикалық өркениетті елдердің дәрежесіне қосылуға тырысудамыз, бірақ

рухани жағынан біз өте жұтаңбыз, әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық психологиялық ойдың жетілуіне рухани байлығымыз жетпей жатыр, сондықтан қазір тәрбиеде рухани аштық бар. Тәрбие мәселесіне көп жағдайда көңіл бөлмей, уақыт жетпей, ақша табу керек, ақша, ақша дей жүріп біздің болашақ өміріміздегі ұрпақтарымыздың рухани байлығын жоғалтуға шақ қалып отырмыз. Рухани байлық – ұлттың тірегі, мемлекеттің тірегі, елдің қалыптасуының тірегі. Қазақ қыздарын сонау атам заманнан қалыптасып келе жатқан дәстүрді бойына сіңіртіп, ұлттық рухпен сусындатуымыз керек. Рухани сусындамаған жерде тұрақтылық, сезімталдық болмайды. Кей кезде біз отбасы бірлігін жиі айтамыз. Ажырасу, тастанды баланың көбеюінің барлығы да рухани жұтандықтан туады. Біздің қазақ халқында қай ана баласын тастап кеткен, қай ана баласын босағаға байлап кеткен? Бала – ананың 62 тамырын идіртетін тіршілік иесі. Сол ананың бойына, болашақ аналарға рухани байлықты тәрбие арқылы сіңіру керек [2].

Өзімнің алты балам бар болғандығынан, мені бұл мәселе қатты алаңдатады. Бірақ мен кейінгі кезде балаларды емес, өзімді тәрбиелеуім керек деген тұжырымды ұстанамын. Себебі, бала деген не істесе де көргенін жасайды. Өзің шылым шегіп отырып, балаға шекпе деп айту, ұят қой. Сондықтан, ең бірінші өзің дұрыс болсаң, балаң да дұрыс өмір сүреді.

Адам баласы өз жан-дүниесін, ойың түзеп, жомарттыққа үйрену, жаман мінезді жақсы қасиеттерге ауыстыру бағытымен жұмыс жасауы керек. Менің бүгінгі қоғамда жасап жатқан еңбегім де – ұлттық тәрбиемізге негіздеп, ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ойымызды өзгертіп, даму жолын табу, сол ойымды халықпен бөлісу. Бүгінгі қоғамда әйелдерге қандай да бір қиындық болса, басымызда қарыз, жүрегімізде уайым, көңілімізде кірбің болса, біздің ой-санамызда қате пікір мен көзқарас тұр деп есептеймін. Ондай жағдайда адам баласы ойын, мінезін, қоршаған орта, отбасына деген т.б. көзқарастарын өзгертуі керек!

Мысалы, сен бір рецептпен торт пісірдің

делік. Торттың дұрыс шықпай қалды. Өзіңе де, өзгелерге де ұнамады. Не істейсің?! Ізденесің, сұрайсың, қазір интернет жақсы дамыған заман, сол жерден қарап, керек ақпараттыңды аласың. Тортты басқа рецептпен жасап көресің. Тортты жасай берген сайын, түрлі рецепттерді қолданған сайын, ол одан да дәмді шығатынына көз жеткізесің.

Міне, өмірдің мәні осында. Адам ізденіп, үйреніп, жан-жақты көзқарас қалыптастырып, өзіне ұнамаған жағымен жұмыс жасап, даму бағдарын негізге алуы керек. Өмір сүруді үйрену керек! Өмірді оңай, рахаттанып суруге жаттығу керек!

Қазіргі қоғамда жақсы көруді ұмытқан адамдар саны көбейіп бара жатқандай көрінеді. Үйленіп алып, әйелін жақсы көргісі келмейді, басыма шығып алып, би билеп кетеді деп... Күйеуге шығып алып, күйеуін жақсы көрмейді, құтырып кетіп, мені құл қылады деп... Бала туып алып, баласын жақсы көре алмайды, еркелеп, ырбиып кетер деп... Туыстарын да жақсы көре алмайды, күле қарасаң ақша сұрайды деп... Көршіге жылы қабак танытуға тағы қорқамыз, бірдеңе сұрап келер деп... Бастық болсақ, қол астымыздағыларды жақсы көре алмаймыз, дірілдетіп, қорқытып жұмысты істетейік деп... Жұмысшы болсақ, бастықты жек көреміз, жұмсай береді деп... Ал, қарап отырсаң, жұрттың бәріне кішкене ғана жылулық пен махаббат керек! Біреу бір жылы сөз айтып, жақсы көріп, басымыздан сипап, бауырына басса, сол адамның жолында құрбан болып кете жаздаймыз. Неге бүгінгі қоғам махаббатқа сараң болып барады? Бұл дүниеден өтіп кеткен адамды ғана сағынып,

жақсы көріп, аңсап, мақтап отырамыз. Сонда бір бірімізді жақсы көру үшін, өлу керекпіз бе?

Жақсы көруді бар кезінде, қасыңда болғанда үйреніп, қадіріне жете білу керек. Ештеңеден қорықпай, бақытты кезді армандап, адами құндылықтарды дәріптей білу керек. Шын жүрегіңмен, ешқандай жасандылықсыз сүйе білсек, тастамайды ешқандай күйеу, алдамайды ешқандай жігіт! Әйелінді шын сүйіп, алқаныңда аяласаң, өз үйің өзіне жұмақ болады! Бақытты балалық шақпен, ата-анасының махаббатын көріп өскен бала ешқашан ішімдікқұмар, нашақор болмайды! Кішірейіп, құрақ ұшып тұрсаң, енең жау болмайды! Ақ көңіліңмен адал болсаң, ешқандай дос сағпайды!

Мен осы тәрбиелік тұжырымдарды арқау етіп, жас қыз-келіншектерге арнап семинарлар ұйымдастырып жүрмін. Себебі, бізді не мектепте, не университетте отбасылық өмірге үйретпеді. Мысалы, ұшақты жүргізу үшін ұшқышты арнайы төрт жыл оқытады, дайындайды. Содан кейін, тәжірибе жасап барып, бірақ ұшырады. Ал, біздер отбасы деген үлкен кемеге шашын тарау мен қасын жұлудан басқа дүниені өте жақсы біле бермейтін жиырмадағы жас қызды отырғызып ұшырып жібереміз. Сондықтан да, осындай ажырасу мен түрлі жамандықтар болып жатыр деп ойлаймын. Сол үшін орта буын апалар, әжелер бар білгенімізді ортаға салып үйретуден жалықпауымыз керек. Оқырмандарға тілейтінім: ұлтымыздың жақсы қасиеттерін, мықты мәдениетін, ең болмағанда отбасылық тәрбиесін, салт дәстүрін ұмытпайық ағайын!

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұлттық тәрбие (Тандамалы лекциялар курсы) – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2011.
2. Ұлттық тәрбие (Салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде) – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2011.

МРНТИ 15.41.49

## ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ – САБЫРЛЫҚТА

Ұ. Берниязова

Кәсіпкер, Алматы қ.

Отбасы – болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты сіңіретін тәрбие ошағы. Отбасы берекесі – сабырлықта. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ой-өрісі, әдептілігі, мәдениеттілігі отбасынан бастау алады. Балаларды ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа және т.б. қасиеттерге тәрбиелеуде отбасының мүмкіндіктері ерекше. Бұл мақалада ұрпақ тәрбиелеудегі отбасындағы бейбіт өмір, берекелік пен ата-ана сабырлығының орны ерекше екендігі зерделенеді.

**Түйін сөздер:** отбасы, отбасылық қатынастар, отбасы берекесі, ата-ана, отбасы мүшелері, сабырлық, отбасы мәдениеті.

Во все времена нашей истории семьям отводилась огромная роль. Благодаря достойному воспитанию, дети становились выдающимися личностями, семьи выступали мотиваторами многих выдающихся личностей. Семья выполняет ряд важных функций в обществе, а именно: репродукция, рекреация, воспроизводство рабочей силы, эмоционально-психологическая защита, социализация личности и др. Проблема важности семьи для всего общественного строя актуальна во все времена. В данной статье автор раскрывает смысл понятия гуманности, терпения и толерантности в благополучии семьи, так же отмечает самые важные качества национального воспитания в семье.

**Ключевые слова:** семья, семейные отношения, благополучие семьи, родители, члены семьи, терпение, семейная культура.

At all times in our history, families played a huge role. Thanks to their worthy upbringing, children became outstanding personalities, families acted as motivators for many outstanding personalities. The family performs a number of important functions in the society, namely: reproduction, recreation, reproduction of the workforce, emotional and psychological protection, socialization of the personality, etc. The problem of the importance of the family for the entire social system is relevant at all times. In this article the author reveals the meaning of the concept of humanity, patience and tolerance in the well-being of the family, also notes the most important qualities of national education in the family.

**Keywords:** family, family relations, family well-being, parents, family members, patience, family culture.

Отбасы және отбасылық қатынастар өте күрделі үрдіс. Ол халықтық махаббат, отбасы, ата-аналар туралы түсінігі және сан ғасырлық өмір тәжірибесі негізінде қалыптасты. Отбасында ішкі отбасылық қатынастарға байланысты ата-ананың тәрбиелік ықпалы анықталады. Қазақ халқының балажандығы, балаға деген ерекше махаббаты, ілтипаты – әрбиенің біртұтас өзіндік жүйесінің қазақ отбасында қалыптасуына ықпал етуші мәселе. Баланың өмірінде болып жатқан әр түрлі

жағдайлардың бәрі ата-анасы қалыптастырған баланың ақыл-ойы мен санасына байланысты. Ары қарай өмір теңізінде кез болар қиындыққа төтеп беру де, суға кету де осы бағыттың нәтижесін бермек.

Отбасы белгілі қызметтерді атқарады:

- қайта өндіру (репродуктивті) – ұрпақ келтіру (тек жалғастыру тума әрекеті, перзентті болу, оларды өсіру және тәрбиелеу қажеттігі);
- шаруашылық-экономикалық, (ортақ шаруашылық және қаржы пайдалану, еңбекке

жарамсыздарға қамқорлық және оларды материалды қамсыздандыру);

- тәрбиелеу (отбасы, оның әрбір мүшесінің тұлғалық қалыптасуына жағдайлар жасау; отбасы ұжымының өз мүшелеріне жеке-дара ықпал жасап баруы; өмірлік тәжірибе, инабаттылық тәртіптері мен адамгершілік құндылықтарға баулу);

- қарым-қатынас құру (коммуникативті – отбасы ішіндегі қатынас түзу, отбасының басқа адамдармен, жанұялармен, әлеуметтік топтармен байланысын ұйымдастыру);

- қайта қалыпқа келу (рекреативті – бос уақыттарындағы демалыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру; отбасы мүшелерінің күш - қуатын, денсаулығын қайта тіктеу шараларын қамтамасыз ету). Отбасы тәрбиелік қызметтерінің іске асуы оның ұлттық ерекшеліктеріне, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлеріне және ол енген қауымдастыққа тән талап-тәртіп ұстанымдарына байланысты [1].

Отбасы баламен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Себебі, қарым-қатынас адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас тікелей «бетпе-бет» не болмаса белгілі бір құралдардың көмегімен, не іс әрекет арқылы, кәсіптік сферада, достық не жолдастықта диалог, әріптестік, монолог ретінде, отбасында туысқандық байланыстар негізінде т.б. болуы ықтимал.

Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше психологиялық жүйе, екі не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім не өзара түсіністік тұрғысында немесе қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады. Нәтижеде олардың арасында не келісім, не өзара түсіністік орнайды, не болмаса әркім өз білгенін жөн санап тарайды, кейбір жағдайларда келіспейтін жауласу, өштесу, бірі екіншісіне «дес бермейтін» күйге келеді.

Отбасы қарым-қатынасында, олардың ішінен келісім, өзара түсіністік, бірінің екіншісіне бойұсынуы, бірінің екіншісін

құптауы секілді қарым-қатынасының қазіргі кездегі басты ерешелігі – әр тұлғаның, мейлі балалары, мейлі ересектері болсын – мағлұмат байлығы болып, өзара қарым-қатынас осы мағлұмат алмасу отбасы мүшелерінің рухани кемелденуіне алып келсе, мұндай отбасының болашағы бар деген сөз. Отбасы мүшелерін қарым-қатынас арқылы біріктіретін, өзара туысқандық байланыстарын нығайта түсетін аса маңызды сфера – мақсатты бірлесіп еңбек ету, нәтижесін ортақтасу, бөлісу, сабырлылық пен парасаттылық таныту. Мұндай қарым-қатынас, алдымен отбасы иелері – әке мен шеше ортасында түсіністікпен орнаса, соның өзі балаларға өнеге болатыны өмірден белгілі. Бұдан басқа, әке мен ұл, анасы мен қызы, бір туғандардың бірлесіп, бір мақсатта еңбектенуі өзара түсіністікті нығайтатын аса маңызды құрал екені педагог, психолог ғалымдардың тарапынан дәлелденген.

Қарым-қатынастың адамдар арасында мәміле орнататын қызметінен басқа жеке тұлғаның адам ретінде қалыптасуына ықпал ететін басты факторлардың бірі екені тағы белгілі. Сондықтан, баланың толық, рухани-адамгершілігі мол адам болып қалыптасуы үшін балалармен бірге ересек адамдар, жат және жақын адамдарымен, әсіресе, әке-шешесімен қарым-қатынасының болғаны маңызды. Осындай кең ауқымды қарым-қатынастың жоқ не жеткіліксіз болуы баланың дамуына теріс ықпал ететін, олардың ойлау, қабылдау, сөйлеу, сезініп-түйсіну секілді басқа да қабілеттерінің дамымай қалуына ықпал ететіні тәжірибе жүзінде дәлелденген. Қарым-қатынас адамның іс-әрекетінің нәтижесіне ықпал етеді. Адамның қабілет-қасиеттерінің көрініс беруі, мінез-құлық ерекшеліктері, іс-әрекетінің тиімділігі, оның жанында басқа да өзі тектестердің болуы, аз-көп, не оның жалғыз өзінің ғана болуына байланысты екенін де ғалымдар дәлелдеген. Әсіресе, бір істі басқалармен бірлесіп атқарудың, оның нәтижесіне ықпалы мол болатыны да белгілі [2].

Бала – ол өте нәзік те сезімтал адам. Оның жанын жаралап алу өте оңай, алайда осы бір жара өмір бойы сыздап жүруі ғажап емес.



Бала кезінде шешілмей қалған мәселелердің салдары ер жеткен кезде кейбір психикалық ауытқуларға негіз болатынын ұмытпаңыз.

Көптеген ата-аналарды: бір мезгілде қатал да мейірімді бола білу, өз баласының алдындағы ата-аналық биігінен түспей тұрып, оған қалайда ең жақын дос бола білу жайы көп ойлантады. Төмендегі өте маңызды ақыл-кеңестер бала тәрбиесі барысында ерекше орын алуы тиіс деп ойлаймын:

Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Жаныңызды сабырға шықырыңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді. Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.

Бала – біздің айнамыз. Олар ең алдымен ата-анасынан үлгі алатынын және көп жағдайда біз өмірде қандай қадамдар жасасақ, олар да сондай қадамға баратыны есте жүрсін. Балаңызбен әңгімелесу нәтижелі болуы үшін, ең алдымен ашық жарқын сенімге құрылған риясыз әдісті таңдаңыз. Сіздің сөздеріңіз қатал естілуі мүмкін, бірақ ешқашан да ауыр әрі өрескел болмауы керек. Ақырын әрі сенімді айтылған әңгіме ғана ата-ананың талаптары мен ойларын балаға жеткізе алады. Балаңыз үшін керек уақытта қажетті ақыл қосатын, оның қадамдарын айыптамайтын ең жақын досына айналыңыз.

Өзін және оны қоршаған адамдарды жақсы көруге үйретіңіз. Бұл оны өзіне өте сенімді адам ретінде қалыптастырып, қоршаған ортамен байланысын жолға қоюға көмек береді. Баланы әр кезде оның көзіне қарап тұрып, мұқият тыңдаңыз, өйткені тек сол сәтте ғана оның ішкі жан дүниесі мен алаңдатқан мәселеге сіздің бей-жай қарамайтыныңызға сенімі болады. Өзіңіздің бос уақытыңызды үнемі балаңызбен өткізуге тырысыңыз. Ондай сәттер баланың өзіндік орнын сезініп өсуге мүмкіндік береді.

Отбасы берекесі – сабырлықта. Отбасыңыздағы әрбір мүшенің таңдауы мен пікіріне мұқият құлақ түріңіз. Оларға тым қатты талап

қойып, ұзын-сонар ақыл-кеңес айтудан аулақ болыңыз, олардың жанын жаралайтын немесе намысына тиетін ащы әзіл не теңеулер, әжуа айту ешуақытта дұрыс болмайды. Шектен тыс бақылауды азайтыңыз, бұл көп жағдайда табыс әкелмейді. Олар ақтай алмайтын үмітті, көтере алмайтын жүкті оларға артпаңыз. Бастапқыда өзіңіз отбасыңыздағы адамдардан не талап ететініңізді анықтап алған жөн. Содан соң барып, міндетті түрде олардың не қалайтынын біліңіз, ұстаным жасауға тиіс аса маңызды жағдайлар бойынша міндетті түрде келісімге келуге ұмтылған дұрыс. Сіздің жанұяңыздағы бір адамды белгілі бір шаруаға мәжбүрлеуіңіз тым нәзік, жан-жақты әрі жалғаспалы сипатта әсер ететіндей болуы керек. Даулы мәселелер орын алған жағдайда өздерін үнемі қателесуші ретінде сезінбес үшін оларға жол беріңіз.

Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-жағындағыларға құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі [3].

Өзім отбасы құндылығын қосылған екі адамның бір-біріне сыйласып, сабырлық танытқанынан қалыптасады деп түсінетін жандардың бірімін. Отбасын құрғанымда он бес жыл болыпты. Тәуба! Дегенмен, менің отбасылық өмірім жеңіл басталмады. Қазір, шүкір деп қояйын, жолдасым Қанат екеуіміздің сүйкімді үш қызымыз, Алматының ортасында 2 бөлмелі пәтеріміз, қаланың сыртында бау-бақшалы саяжайымыз, астымызда көлігіміз, сүйікті ісіміз бар. Ал, ең бастысы, өмірдің ащысы мен тұщысынан бірге қол ұстасып, қиын кездерде өмірден түңілмей, бір бірімізді қолдап жүріп, өмір деген даңғыл жолдың көбін өткен бақытты жандармыз.

Алла тағала қиындықта қалдырмайды, тілегенімді қабыл қылады деген үмітім ешқашан үзілген емес. Мен қазір бақытты отбасыларды көргенде, олардың бақыт үшін күресіп, талай қиындықтан өткенін түсініп қараймын. Қызғанып емес, қызығып (бастан өткесін) қарап, оларға бақыт тілеймін.

Біз үйленген кез 2000 жылдар еді. Тұрғын үйлердің бағасы күрт қымбаттап кеткен кезі. Банктер несие бере бермей, үйлі болу деген үш ұйықтасақ та, түсімізге кірмейтін. Тойымыздың өзі кафе, ресторанда емес, Алматының шетіндегі туысқан апайымыздың (Алла жасын ұзақ қылсын) үйінде өтті. Тойдың болғанына шүкіршілік еттік. Отбасында шүкіршілікті негіз ете білу – ең басты құндылық деп түсінемін. Естелікке деп түскен фото-аппараттың пленкасы күйіп кетіп, тойдан фото да, дұрыс видеода қалмады.

Ойымыз – тойға қатты шашылмай, қаладан пәтер аламыз ба деген едік, қолымыздағы ақшамыз ештеңеге жетпей қалды. Содан, қаланың әр жерінде жалдамалы пәтерлерде, кейін жұмыс орнымнан берілген жатаханада 6 жылдай тұрдық. Оны да кезекпен күтіп жүріп алдық, «Оңайлықпен от жанбайды» дегендей, жоғарғы қабат, лифт жұмыс жасамайды, газ жоқ секілді қиыншылықтар болды. Бір ғана бөлмеміз әмбебап болатын.

Ас ішкенде – асхана, ұйықтасаң – жатын бөлме, күндіз қонақ күтетін бөлмеге айналатын. Кейде жиі келетін қонақтарымызға қаз-қатар

төсек салып беріп, өзіме орын болмағандықтан, көрші үйге барып ұйықтайтынмын. Бірақ, әр кезде жағдайымызға салыстырмалы қарағанда, Аллаға шүкір айтып отыратынбыз. Қанағатшыл едік. Қанағат ете білу арқылы бүгінгі бақытты күніміздің іргесін қаладық деп мақтана аламыз. Балаларымызға да үнемділік дегенді түсіндіріп, барға қанағат, жоққа сабыр дегенді жас та болса үйретіп, түсіндіріп өсірдік. Тәуба, қатарынан қалып қалдық деп ешқашан бізді бетімізден алған емес. Бақытты отбасы болу – әр адамның өз қолында екенін түсіндім. Оған қажет – шүкіршілік, қанағат, сабырлық, үнемділік. Осы қасиеттерді дамыта отырып, ертеңгі күннен үміт үзбей, сене білсек, бәрі жақсы болады!

Қазіргі жастарға айтарым: шыдамды болындар, болашаққа жақсы мақсат құрып, соған жетуге тырысындар. Барды да, жоқты да көтере алу үшін жұптарың жазылмай бірге болындар дегім келеді. Бәрі Алланың қалауында екенін ұмытпаңдар. Бақытты отбасы болындар! Соған сеніндер, талпынып, тырысындар!

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Б.Бабаев, Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы, 2005.
2. В.М.Бехтерев и др. Психология материнства и ранний отногенез. – Москва, 2001.
3. Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес. – Алматы, 2009. – №1

**МРНТИ 15.41.49**

**ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

**Ә.Т. Исламова**

Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Алматы қ.

Мақалада автор отбасына тән негізгі сипаттамаларды педагогикалық жүйе ретінде қарастырып, жанұяның құрылымдық қызметіне талдау жасаған. Сондай-ақ, отбасы тәрбиесінің мәні мен құндылықтар жүйесінің қалыптастыру жолдары ашылған. Отбасы тәрбиесіндегі бала мен ата-ана арасындағы рухани-адамгершілік құндылықтары сараланған.

**Түйін сөздер:** отбасы, тәрбие, отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтар, ұлттық тәрбие, педагогикалық жүйе, отбасы тәрбиесінің педагогикасы.

В статье автор рассматривает основные характеристики семьи как педагогической системы, ее составляющие и проводит структурно-функциональный анализ семьи. Так же раскрывается значение семейного воспитания и формирования системы ценностей. Анализируются подходы к воспитанию семейных духовно-нравственных ценностей детей и родителей.

**Ключевые слова:** семья, воспитание, семейные духовно-нравственные ценности, национальное воспитание, педагогическая система, педагогика семейного воспитания.

In article the author considers the main characteristics of a family as pedagogical system, her components also are carried out by the structurally functional analysis of a family. Also value of family education and formation of system of values reveals. Approaches to education of family spiritual and moral values of children and parents are analyzed.

**Keywords:** family, education, family, spiritually-moral values, national education, pedagogical system, pedagogics of family education.

Ақпарат пен техника ағыны толастамаған заманда ғасырлар қойнауынан сапар шегіп, ұлтымыздың ұлы мұратына айналған құндылықтар негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеп, өнегесін дарыту – тек мемлекет қана емес, әр отбасының абыройлы міндеті. Отбасылы болып, бала тәрбиесімен айналысқаныма 3-4 жылдың жүзі болса да, түйгендерім көп, үйренерлік тұстарым әлі де жетіп артылады екен. Осы орайда Румидің: «Жақсы отбасын құрамын десең, екі шарты бар: ізгі жар табу және ізгі жар болу» [1] - деген сөзін тілге тиек еткім келеді. Кез келген жағдайда жетістікке жетіп, жеңіс дәмін татуды қаласаңыз, барлығын өзіңізден бастаңыз. Себебі, отбасылық өмірде түрлі қиыншылықтар кездеседі, именіп, мойынсұнуды үйренесіз, тек өзіңізге ғана емес, аяулы жар, сүйікті сәбилеріңіз үшін жауапкершілік жүктеледі. Ата-анамыздан алған өсиет-өнеге, тәлім-тәрбие, бағыт-бағдар

осы кезде сыналып, болашаққа сара жол қалыптаспақ. «Баланды қанша тәрбиеле, ол бәрібір саған ұқсайды. Сол үшін өз тәрбиенді түзе!» ұранын санаға сіндіріп, жүрекке қондырамыз. Сөйтіп, өзімізді тәрбиелеу арқылы бауыр етіміз – балаларымызды тіршіліктің соқпақты бәйгесіне қосып отырамыз. Бір ғана мысал: енді ғана тілі шығып, сөйлеп жүрген тұңғыш ұлымның сөздік қорының басым бөлігі – қолданыстағы менің сөздерім, енді ғана жасқа келген екінші ұлымның жасайтын іс-әрекеті – әкесінің қимыл-қозғалыстары (намаз оқуы, күлкісі т.б.). Ал, әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайтыны айтпаса да түсінікті.

Қазіргі кезеңдегі тұрмыстағы сан түрлі күйзеліс, қатынастардың шиеленісе түсуі, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген ынтаның азаюы, отбасын құруға жауапкершілікпен қарамау, қатігездіктің белең алуы т.б. мәселелер

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

отбасы тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отырғаны баршамызға аян. Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин: «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» [2], - деп отбасындағы басты құндылық – тәрбиенің түп-тамырын баса айтып кеткен. Сыйластық, өзара құрметтеу, түсіністік көрініс тапқан отбасында тәрбиеленген бала өмірдің жоғарыда аталған жағымсыз тұстарынан бегін аулақ ұстайды. Ата-анасы жүктелген ауыр міндетті жұмыла көтеріп, кездескен қиыншылықтарда бірге шешім қабылдаса, азғындалған ұрпақ қоғамда


көрініс таппайды. Отбасы бақыт әкеледі десек, бақытты отбасы болуымыздың алғышарттары мен құндылықтарын төмендегідей топшыладым (1-ші тірек-сызбаға назар аударыңыз):

Бірінші болып ұмыту – бақыт, себебі өмір жақсылықпен қоса көңілге қаяу түсіретін жағымсыз сәттерден де тұрады. Жүрегімізде қара дақтарға орын бермейік!

Бірінші болып кешіру – батылдық, себебі кешірім болған жерде сыйластық та болады. Алғашқы болып қадам жасағаннан кішірейіп қалмайсыз!

Бірінші болып алғыс айту – бастамашылдық, себебі жақсылыққа қадам жасау ешқашан кеш емес!

1-ші тірек-сызба. Ұлттық отбасылық құндылықтар.



## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

---

«Тәрбие – отбасынан басталады» дегендей, балаға имандылық, инабаттылық, ар-ождан уағызы, қоршаған орта, табиғат сырына жастайынан тәнті ету тәрбиеден туатын үрдіс. «Ананың сөзі – ақылдың көзі» деп қарау, атаның өнегелі ісін мұра тұту, оның жолын қуу, ән мен күйді, жыр мен термені рухани азық ету, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерді үйрену, ананың әлдіі, әженің бесік жыры – бәрі тәрбиенің тағылымдары.

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсініп, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны түсіне білуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады.

Адамның қалыптасуы бала кезден басталады. Жақсылық та адам бойына нақ сол

бала кезде егіледі. Олар өте ерте өніп шығады. Жақсылық ұрығының өніп шыққаны немесе оны жамандықтың арамшөптері басып кетпей, Ыбырай атамыз сипаттаған «қисық ағаш» кейпіне енбей тұрғанында, ұрпақты құрсақта жатқанынан жақсылық нәрімен сусындатуға күш салайық!

Ойымды қорыта келе, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру жөнінде тәжірибем аз болса да тәрбиелеудің моделін ұсынамын:

- Иmandылықты серік ете білу;
- Жақсылыққа екі қадам жақын жүру;
- Еңбектенуді саналы меңгеру;
- Білімді барынша теңгеру;
- Тәрбие қайнар көздерін иемдену;
- Сабырды – серік, ақылды – көрік ету;
- Биік өрін – парасат, шығар төрін – қанағат ету;
- Жеткен тағы – адамдық, атқан таңы – имандылық болсын!

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Джелал ад-Дин Руми. Поэма о скрытом смысле. Избранные притчи. / Перевод с перс. Н.Гребнева. Послесл. О.Акимовича. – Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1986. – 270 с.
2. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст.: М.Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

МРНТИ 14.37.29

**ЖАС ҰРПАҒЫМЫЗДЫҢ БҮГІНГІ ТӘРБИЕСІ –  
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ЕРТЕҢГІ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ**

**А. Мұханбетқали**

Кәсіпкер, Алматы қ.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Кез келген халық әрқашан ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алатындығын, сондай-ақ жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатындығын сипаттау осы мақаланың өзектілігін ашады.

**Түйін сөздер:** ұрпақ тәрбиесі, ұлттық тәрбие, ұлт болашағы, ұлт тағдыры, отбасы тәрбиесі, адамгершілік, руханилық, намыс.

Для любой нации молодое поколение – ее будущее. Одной из наиболее острых и стратегически важных проблем современности является проблема воспитания молодого поколения в условиях стремительно изменяющегося мира. Данная статья представляет собой авторское понимание проблемы воспитания как исключительно важного социального явления, предмета познания и практической заботы нынешнего общества в переходный период их развития. Содержание статьи раскрывается путем изложения основополагающих идей национального воспитания казахского народа в современных условиях.

**Ключевые слова:** воспитание молодого поколения, национальное воспитание, будущее нации, судьба нации, семейное воспитание, нравственность, духовность, честь.

For any nation, the younger generation is its future. One of the most acute and strategically important problems of our time is the problem of educating the younger generation in a rapidly changing world. This article is an author's understanding of the problem of upbringing as an extremely important social phenomenon, the subject of cognition and the practical care of the present society in the transitional period of their development. The content of the article is disclosed by presenting the basic ideas of the national education of the Kazakh people in modern conditions.

**Keywords:** education of the younger generation, national education, the future of the nation, the fate of the nation, family upbringing, morality, spirituality, honor.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса, адам өмірінің мәні – өз ұрпағы. Шыр етіп сәби дүниеге келген сәттен бастап ата-ана алдында нәзік те қиын, қыр-сыры мол үлкен қоғамдық міндет тұрады. Ол – бала тәрбиесі. Бала тәрбиесінде алғашқы ұстаз – ата-ана. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Адамгершілік, бауырмалдық, татулық, қайырымдылық, әдептілік, инабаттылық сияқты қасиеттер – жанұяда теория арқылы беріліп, дамымайды, үлкендердің үлгісімен сінеді. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дейді халық даналығы.

Отбасы – адам баласының нәр алатын, өсіп өнетін алтын діңгегі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға келмейді. Өйткені адам ең алғаш дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алып өседі. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Бабаларымыз жас ұрпағына – ұлт болашағы деп қарап, олардың бойына ақыл, парасат, ұлттық сана қалыптастырып, танымдылық, эстетикалық, достық сезімге баулып, ата-анаға, туған-туысқа, туған жерге деген

сүйіспеншілік, отансүйгіштікті бойына дарытып, бауырмалдық, туысқандық, мұрагершілікті дәріптеп, еңбек сүйгіштік, төзімділік, адамгершілік, салауатты өмір сүру, қамқорлық, сыйластылық, әдептілік, ізгілік, ерлік пен намысқойлықты үнемі насихаттап, жастарды осы қасиеттерге тәрбиелеп отырған [1].

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал» деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан [2].

Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше, бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен қателесуге де қақымыз жоқ.

Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін, беделін өсіруі, араларында өкпе-наз, кикілжің туа қалғанда, оны балалардан оңашада, екеуара шешіп отыруы – шынайы инабаттылық, әдептілік. Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне қатысты әдеп пен адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елімізде берекелі бейбіт тұрмыстың негізі қаланып, яғни ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз етілер еді...

Бала кішкентай кезінен-ақ әр нәрсеге әуестеніп үлкендерге көмектескісі келеді. Бұған кейбір әке-шеше «жұмысымды бөгейсің, істеп жатқан ісімді бүлдіресің» деп ұрысып

жіберуі мүмкін. Бұл қате түсінік. Керісінше, өзіңіз жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызып, оның үйренуіне көмектескен орынды. Тіпті балаға берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындауына төзімділікпен бақылау керектігін де ұмытпаған жөн. Өстіп баланың бірте-бірте еңбекке деген ынтасына жол ашылады. Әрі істеген ісін ұқыпты да тындырымды орындауына бағыт бересіз. Баланың жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіріп отырса, ол да ересектерді сыйлап, кез келген тапсырмасын орындауға қарсылық білдірмейді. Орынсыз ұрысу, зеку, сұрақтарына дөрекі, келте жауап беру немесе әділ талап қоя алмау ата-ананың беделін түсіреді. Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа? Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше мен үй іші үлкендерінің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тартқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Бақытсыз қыз, бұзақы ұл осыдан шығады.

Біреу жақсы киіндіріп қояды, біреу тамағы тоқ болса болды деп, қалтасына ақшасын салып бергеніне мәз. Біреулері өте қатал, айтқанын орындатады. Бала қорыққаннан уақытша тыңдайды, бірақ ата-анасының уысынан шыққан соң өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетеді. Мұғалім оқушыға оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамзаттық

құндылықтармен, біліммен қамтамасыз етіп, қаруландырады. Алтын бесік – отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Иә, олардың алтынға балануы неліктен? Екеуі де қасиетті, әрі қас-терлі. Өйткені, отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі адамзаттық құндылықтармен толысқан, жан-жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, қоршаған ортамен тікелей байланысқа шыға алатын, толыққанды Адам етіп тәрбиелеп шығарады. Осы екі ортаның да мақсаты – ортақ, міндеті – біреу. Балаға туғаннан тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы – жылулық, сүйіспеншілік те сондай қажет. Ал оның қажетін қанағаттандырмай, түпкі мақсат ешқашан орындалмайтыны белгілі. Мұны мұғалім де, ата-ана да ешуақытта естен шығармағандары жөн [3].

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, әр елдің өмір сүру дағдысы, салт-санасы, ұстанымдары бір бөлек. Ал сіздер мынадай қызықты естідіңіздер ме? Әдеттегідей, қызықты жаңалыққа тап болармын деп ғаламтор желісін ақтарып отырғанмын. Бірде көзім жапон мақалдары деген сілтемеге түсті. Жапонша білмесем де, «мақал – сөздің мәйегі» деп білетін, үш ойдың бірін мақалдап жеткізбесе қарабайыр сөйлегендей сезінетін қазақ болған соң, сілтемені басып, өзге елдің мақалы қандай екенін көргім келді. Құдай ондағанда, қазақшаға аударылған екен. Менің бір таң қалғаным, осы тақырыпты көтеруге себеп болған мына мақал болды. «Баланы еркелету – тастап кетумен бірдей» дейді. Ал керек болса! Жасым жар орта бол-маса да, бір адамның өміріндей жасқа келіп қалса да, ата-ана, әпкелеріме ара-тұра еркелеп мауқымды басып тұратын маған мына мақал тас төбемнен қойып қалғандай әсер сыйлады. Бала тәрбиесінде «баланы

бес жасқа дейін патшаңдай көр, бес жастан кейін құлыңдай жұмса, он бес жасқа келгенде досыңдай сырлас» деген нақыл әрі қағидатты жиі еске алатын біздің халық дана деп қалай айтпассың?! Міне, нағыз тепе-теңдік. Өрнәрсені өз уақтысымен жасай білетін халқымыз «бала – бауыр етім» деп біледі, еркелетіп, жылы-жұмсақты ұсынып, бар тәттісін аузына тосады. Баланы тәрбиелер кезінде тәрбиелеп, еркелетер тұста мақтап, қанат бітіріп отырған жөн. Жас баланың ойы жүйрік, бір айтқанды бірден ұғып алады. Өрі көп нәрсені білгісі келеді. Сондықтан қояр сауалы да көп. «Ол кім? Бұл не?» деп жиі сұрайды. Бұл кезде оған бәрін жүйелі түсіндіріп айту маңызды. Баласы бірдене қызығушылық танытып сұрай қалса, екі көзі ұялы телефонда немесе әлеуметтік желіде отырып алып, ештеңеге қарамастан, «иә, иә» немесе «мә, балам, телефонмен ойын қосып беремін» деп жауап беретіндер де бар. Бір-бірін өлтірген қантөгісі көп мультфильм, адамның басын алып жатқан сорақы ойын ойнап өскен бала есейгенде кім болады? Безбүйрек әке мен тасбауыр ана қайдан шықты деп зарлаймыз. Қиыны сол, көңілге өкініш ұялағар, «қап, әттеген-айды» айтқызар жайттар кейінгі уақытта жиі орын алып жүр.

«Біреу тоңып секіреді, біреу тойып секіреді» деген қазақ даналығы. Кейбір жандар сәбидің жұпар иісіне жете алмай жүр, кейбіреулер баласынан құтыла алмай далаға тастап әлек, жаман әдеттерге әуестеніп баласына «тәлім-тәрбие» көрсетіп жүргендер қаншама?! «Бала нені білсе жастан, ұядан өле-өлгенше соны таныр қиядан» деген Ж.Баласағұн данамыз. Өрбір сөзі алтын, зерден құралған ақылгөй данышпанның сөзін қате деп кім айта алады? Сондықтан, барымызды бағалап, жас ұрпағымыздың бүгінгі тәрбиесіне ұлтымыздың ертеңгі жарқын болашағы ретінде қарап, түзу жол көрсетіп, дұрыс нұсқау берейік!

### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924.
2. Сатыбаев С Халық әдебиетінің тарихы негіздері – Алматы, 1992.
3. Баймұратова. Б. Отбасында баланы мектепке дайындау. – Алматы: Шартарап, 2000.



**МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ**

<b>Нуриев М.А., Садыкова А.Е.</b> Мұғалімнің құқықтық-саяси сауаттылық мәселесі.....	6
<b>Нуриев М.А., Советканова Д.М.</b> Педагогикада кездесетін кикілжің жағдайлар және оларды басқара алу.....	10
<b>Нуриев М.А., Айнақұлова А.М.</b> Педагогтың ұжымдық топтық жұмыс жасай алуы – тиімді қарым-қатынас орнатудағы негізгі күзіреттілік.....	16
<b>Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Солтанов К.М., Кенжетай М.</b> Ұлттық руханияттың тарихи бастаулары.....	21
<b>Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ.</b> Қазақ этнопедагогикасының мазмұны.....	27
<b>Бөлеев Қ., Қанатбекұлы А.</b> Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұраларының зерттелуі.....	31
<b>Ғаббасов С.</b> Адам тәрбиесінің жаңа ілімі.....	35
<b>Нұршат Жұмабай.</b> Қытай Халық Республикасын мекендеген қырғыздардың жаңа туылған балаға байланысты салт-дәстүрлері.....	40
<b>Сейсенбаева Ж.А., Амангелдиева Қ.</b> Қазіргі шешендік өнердегі замана мәселелері.....	44
<b>Сейсенбаева Ж.А., Жораева С.</b> Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея мен ұлттық рух тұрғысында тәрбиелеудегі ерекшелік.....	48
<b>Сейсенбаева Ж.А., Жақсыбек А.</b> Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – бүгінгі көркем шығарманың өзегі (Б.Мұқайдың шығармашылығы негізінде).....	53
<b>Асильбекова А.М.</b> The problem of «false friends of translator» in translation.....	58
<b>Бекжігітова К.</b> Өзінді тәрбиелеу – жарқын болашағыңның кепілі.....	63
<b>Бақыт Ж.</b> Ұлттық тәрбие негізі отбасындағы тәрбиеден бастау алады.....	67
<b>Кенжебекова Н.Л.</b> Ұлттық тәрбие негізінде жас отбасын тәрбиелеу – маңызды мәселе.....	71
<b>Ошақбаева Қ.</b> Отбасында ұлтымыздың тәрбиесіне баулу.....	75
<b>Берниязова Ұ.</b> Отбасы берекесі – сабырлықта.....	78
<b>Исламова Ә.Т.</b> Ұлттық тәрбие – отбасы құндылығы.....	82
<b>Мұханбетқали А.</b> Жас ұрпағымыздың бүгінгі тәрбиесі – ұлтымыздың ертеңгі болашағы.....	85

### Мақалаларды журналға басып шығарудың талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына кез келген электронды тасымалдаушыда өткізу керек.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі 12-мен терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 бет. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный), азат жол – 0,5 см.

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың тақырыбын көрсетумен басталады, мақаланың басында үш тілде аннотация (250 сөз) беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай тік жақшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында автор байланыс мәліметтерін (қызмет және ұялы телефон нөмірлерін) көрсетуі қажет.

Түп нұсқалар қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. \*Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы - 1500 теңге. Журналға жазылушылардың мақаласы тегін жарияланады (жазылушы мақаласын берген кезде жазылғандығын растайтын түбіртектің (квитанцияның) сканерін немесе көшірмесін қоса беруі тиіс).

**Бір жылға жазылу бағасы 3100 теңге.** Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индексі – 74310**

Сандық технологияларды қажет етушілерге біз журналдың PDF-нұсқасын, ал ғаламтор қолданушыларына <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/> парақшамызды ұсынамыз.

\*Реквизиттер: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

**Ескерту:**

**\*Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.**

**\*Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.**

## **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ**

### **Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале**

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала на любом электронном носителе.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть на 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный, абзац – 0,5 см.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В начале статьи обязательно наличие аннотации на трех языках (250 слов). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. \*Стоимость статьи в журнал 1500 тенге. Статьи подписчиков журнала публикуются бесплатно (подписчик вместе со статьей сдает сканер или копию квитанции, подтверждающую подписку на журнал).

**Подписная цена за год - 3100 тенге.** Подписка на журнал проводится в течение года в отделах АО «Казпочта». **Индекс журнала - 74310.**

Тем, кто предпочитает цифровые технологии, мы предлагаем PDF-версию журнала, а для пользователей интернет рекомендуем нашу страницу в <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/>

\*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

#### **Примечание:**

**\*Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.**

**\*Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.**

**Құрметті оқырмандар!**

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25-үй, 24-каб.

Тел (факс): 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13**

**Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева*

*Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Айгерім Айнақұлова*

*Беттеген/Верстка – Айгерім Айнақұлова*

**Редакцияның мекен-жайы:**

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25-үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8747 83 88 935,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 23.05.2017 ж. Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>.

Қағаз – сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі – 11 б.т.

Таралымы – 300 дана. Тапсырыс № 95